ЖАС ҚАЗАҚ

№43-44
(615-616)
28
қазан
2016 жыл

ISSN 2074-899X

www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

ҰЛТТЫҚ АПТАЛЫҚ • Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

БЕЛЕС

БАСПАНА БАҚЫТЫ

Кешегі арман, бүгінгі ақиқат! Осы аптада Семейден жағымды жаңалық жетті. Базарда арба сүйреп, нәпақасын тауып жүрген Саят есімді азамат баспаналы болған. Тиыннан теңге құрап, маңдай терінің арқасында қаланың орталығынан отбасына пана болар бір бөлмелі пәтер алды. Ол үш жыл қатарынан Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне ай сайын 25 мың теңгеден салып отырған. 2 млн теңгенің басы жиналғанда құны 4 млн теңге тұратын бір бөлмелі пәтерді төмендетілген пайызбен банк ұсынады. Елбасы айтқандай әр ел азаматы жеке баспанаға ие болып, тұрғын жағдайын жақсартуы – мемлекет алдындағы маңызды міндеттерінің бірі. Бұл қуанышты хабар айтылған сөздің ақиқатқа айналғанының бір көрінісі.

(Жалғасы 3-бетте)

Саят Тұматаев

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Гүлжаһан БИМЕНДИНА:

ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙЕДІ

Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан жер заңнамасын жетілдіру жөніндегі жұмыс тобының құрылғаны белгілі. Ол жер реформасы жөніндегі комиссияның ұсыныстары негізінде жаңа заң жобасын әзірлеп жатыр. Мәжілістің қарауына бұл заң жобасы қарашада ұсынылмақшы. Жұмыстың қалай жүріп жатқанын ауыл шаруашылығы министрлігіндегі жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының міндетін атқарушы Гүлжаһан Бимендинадан сұрап білдік.

Жас қазақ: Әуелі жер заңнамасын жетілдіру жөніндегі жұмыс тобының қандай мақсатпен құрылғанына тоқталсаңыз?

Гүлжаһан Бимендина: Жұмыс тобы Елбасының жерге қатысты бұған дейінгі тапсырмаларының аясында Премьер-Министрдің орынбасары - ауыл шаруашылығы министрі Асқар Мырзахметовтың бұйрығымен құрылды. Ол жер реформасы жөніндегі комиссияның ұсыныстары бойынша қолданыстағы жер заңнамасын жетілдіру үшін заң жобасы әзірленіп, оны Парламентке енгізеді. Осы мақсатта қазір үлкен жұмыс жүріп жатыр.

Баршаға белгілі, жер реформасы жөніндегі комиссия жұмысының қорытындысы бойынша жеке және заңды тұлғаға ауыл шаруашылығына арналған жерді жалға беру институтын сақтау туралы шешім қабылданды.

(Толығырақ 3-бетте)

ЖҮЙРІК ЖАҢАЛЫҚ

Жыл соңына дейін елімізде баламалы және жаңартылған қуат көзін өндіретін 9 нысан іске қосылады. Энергетика министрі Қанат Бозымбаев Сенатқа «Париж келісімін ратификациялау туралы» заң жобасын таныстыру барысында осындай мәлімдеме жасады. Сала басшысы атап өткендей, электр қуатын тасымалдаушы компаниялармен тиісті шарт жасалды.

Ақтөбе облысында мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында шұғыл медициналық көмек көрсету бойынша пилоттық жоба жүзеге асырылады.

Аталған жоба елімізде алғаш рет Ақтөбедегі жедел медициналық көмек көрсету ауруханасының жанынан құрылады. Жоба мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде израильдік және ресейлік медицина ұйымдарының қатысуымен қолға алынуда.

Шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімшесін Жедел медициналық көмек көрсету ауруханасының аумағына орналастыру үшін биыл тікұшақ алаңы бар жаңа корпустың құрылысы басталады. Алғашқы емделушілер 2017 жылы қабылдана бастайды.

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданында бүгінде жылыжай көлемі 90 гектарға жетіп отыр. Осы маусымда аталған жылыжайдан қазығұрттық диқандар 19875 тонна көкөніс, 4647 тонна бақша дақылдарын жинады. Мұнда әр маусымда 200-дей азамат еңбек етеді.

ОҚШАУ ОЙ

Ауылда жүз түрлі жұмыс бар

Ауылда жастар көбейсе, жұмыс та молаяды. Туған жер алтын ұя, өскен өңір қызыққа толы, жерұйық мекенге айналар ма еді.

Әр ауылда мәдениет үйі салынған. Сонда кейбір өнерге жақын азаматтар жергілікті әкімшілікпен байланысып, ауыл жастарының басын қосып, түрлі мәдени шара өткізуіне болады. Аптасына екі-үш мәрте сауық кешін, түрлі пікірсайыс өткізу, өлең оқып, айтыс ұйымдастыруға не кедергі. Спорттық орындарды да ашуға мүмкіндік мол. Кейбір ауылда, тіпті жүзу бассейнін, жаттығу залын ашуға да жағдай бар.

(Толығырақ 4-бетте)

ҮШТАҒАН

Еңбегімен еңселі

Ол жылқысымен бай

Сол күні таң құланиектеніп жаңа атып келе жатқанда қыламықтап қар жауған. Биік көктен билеп, ойнап жауған қар сәскеде жапалақтап жауа бастады. Ылғалды, сызды қар. Қар жауғанымен күн май тоңғысыз жылы. Еріген қар бірден сіңіп кетпей, көлкілдеп жатыр. Жер жарықтық та биыл ылғалға жазғы тынымсыз жауыннан, күзгі қара нөсерден кейін мелтектеп тойды емес пе.

(Жалғасы 7-бетте)

Тағылым

«Қазақ» газеті және Наурыз мейрамы

Бүгінгі болмысымыздың бүтін бір бөлігіне айналған Наурыз мерекесі тар жол, тайғақ кешуі көп қилы кезеңнен өткені баршаға мәлім.

(Жалғасы 11-бетте)

Байрақты бәсеке

Дүбірлі додаға дайындық

Келесі жыл деп «кешіктіретініміз» болмаса, күллі әлемдегі спортшы студенттердің асай-мүсейлерін асынып Алматыға келуіне көп уақыт қалған жоқ.

(Жалғасы 15-бетте)

7 КҮН 168 САҒАТ

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Билік

Сауд Арабиясымен сындарлы қарым-қатынас

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осы аптада Сауд Арабиясына жасаған сапары барысында сол елдің королі Салман бен Әбдел Әзиз Әл Саудпен кездесті. Келіссөздер барысында екі елдің басшылары Қазақстан мен Сауд Арабиясы ынтымақтастығының негізгі бағыттарын, атап айтқанда, сауда-экономикалық, саяси және мәдени-гуманитарлық салалардағы байланыстарды нығайту келешегін талқылады.

Сондай-ақ тараптар өзара іс-қимылдың түрлі салада, соның ішінде ауыл шаруашылығында зор әлеуетке қол жеткізілгенін және қарқынды даму бар екенін атап өтті. Сондай-ақ мемлекет басшысы Сауд Арабиясы корольдігінің Әш-Шура Мәжілісінің басшысы Абдуллах ибн Мұхаммед Әл Шейхпен, Ислам ынтымақтастығы ұйымының бас хатшысы Ияд ибн Әмин Маданимен, осы елдің іскер топ өкілдерімен кездесті. Ол кездесуге әлемдік деңгейде жұмыс жүргізетін жетекші компанияларының басшылары қатысты. Мемлекет басшысы Сауд Арабиясының Таяу Шығыс аумағындағы біздің елдің негізгі серіктесінің бірі екенін айтты.

Н. Назарбаев «Екі ел арасындағы 2015 жылы 16,3 млрд долларға жеткен тауар айналымы көлемін бүгінде айтарлықтай арттыруға мүмкіндік бар. Қазірдің өзінде корольдік компанияларының қатысуымен Қазақстанда 17 ұйым жұмыс жүргізуде, – деді. Қазақстан Президенті екі елдің экономикалық ынтымақтастығының перспективалық бағыттарын да атап өтті. Олардың арасында тау-кен металлургиясы кешені, мұнай химиясы, ауыл шаруашылығы, қаржы және ислам банкингі, атом өнеркәсібі бар. Сондай-ақ мемлекет басшысы Сауд Арабиясы сияқты Қазақстанның да табиғи ресурстарға бай екеніне назар аударды. Елбасы іскерлік және инвестициялық ортаны жақсарту үшін елімізде қолға алынып жатқан жүйелі шараларға тоқталды. Қазақстан Президенті «Дүниежүзілік банктің «Бизнеспен айналысу жеңілдігі» рейтингінде Қазақстан 41-орынға ие болды. Бизнес үшін әкімшілік кедергілер мейлінше азайтылды. Қазір бізде 10 арнайы экономикалық аймақ құрылып, онда либералды салық режимі қолданыла отырып жұмыс жүргізілуде», – деді.

Бұған қоса, Нұрсұлтан Назарбаев «Астана» халықаралық қаржы орталығының жұмысына және келер жылы «Болашақтың энергиясы» тақырыбы бойынша өтетін «ЭКСПО-2017» көрмесіне тоқталды. Сауд Арабиясы бизнес құрылымдарының жетекшілері Қазақстанда жасалып жатқан қолайлы инвестициялық жағдай үшін мемлекет басшысына алғыс білдіріп, ынтымақтастықты дамытуға дайын екенін жеткізді. Атап айтқанда, олар ауыл шаруашылығы, мұнай өңдеу, металлургия және атом энергетикасы салаларына қызығушылық танытты.

Қазақстан Президенті осы елге ресми сапарының қорытындысы бойынша БАҚ өкілдері үшін баспасөз брифингін өткізді. Мемлекет басшысы «Сапар аясында энергетика, тау-кен саласы, ауыл шаруашылығы, сауда-саттыққа қатысты жалпы құны 60 млрд теңгеден асатын 10 келісімге қол қойылды. Атап айтқанда, олардың арасында Оңтүстік Қазақстан облысындағы құс фабрикасы, Ақмола облысындағы азық-түлік өндірісі жөніндегі келісімдер бар. Қазіргі таңда Қазақстанда Сауд Арабиясының қатысуымен 17 кәсіпорын жұмыс жүргізуде», – деді.

Қазақстан Президенті тауар айналымын ұлғайтуға логистикалық қиындықтар кедергі келтіріп келгенін атап өтті.

– Бұл ретте біз болашақта жемісті ынтымақтастық орнату үшін Жол картасын жасап, екіжақты үкіметаралық комиссия, экономиканың жекелеген сала бойынша жұмыс тобын құру туралы келісімге келдік. Біздің елде ортақ жобаларды қаржыландыру үшін бірлескен инвестициялық қор құру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Сондай-ақ мен бұл елдегі серіктестерімізді инвестициялық-инновациялық жобаларға, «Нұрлы жол» бағдарламасына атсалысуға шақырдым. Бұл Қазақстанның пайдасы үшін ынтымақтастық орнатуға өте жақсы негіз болады, – деп атап өтті Нұрсұлтан Назарбаев. Елбасы Сауд Арабиясы «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне белсене қатысатынын жеткізді.

(өз тілшіміз)

Өндіріс

Қашағанның биік межесі

Жақында ғана іске қосылған Қашаған кенішінің биылғы жоспары ауқымды. Теңіздегі кен орнында жыл соңына дейін 1 млн тонна мұнай өндіру жоспарланып отыр. Бұл туралы энергетика министрі Қанат Бозымбаев хабарлады.

Парламент Сенатында тілшілердің осыған қатысты сауалына жауап берген министр кеніштің белгіленген мерзімнен бұрын іске қосылып, осы айдың алғашқы жартысында «қара алтынның» экспортқа жөнелтіле бастағанын атап өтті. Қ. Бозымбаев осыған орай «Қазіргі кезде ретке келтіру жұмыстары жүргізілуде. Мұнай тұрақты түрде құбыр желісіне жөнелтіліп жатыр. Техникалық кедергілер де жоқ емес. Мұндай ірі кен орындары іске қосылған кезде қиындықтың болатыны белгілі. Дейтұрғанмен, аса бір үлкен түйткілді байқап отырғанымыз жоқ» – деді.

Энергетика министрлігінің мәліметіне сүйенсек, қазірдің өзінде Қашағанда 120 мың тоннадан астам мұнай өндірілді. Бұған қоса, мұнаймен бірге шығатын табиғи газ «ҚазТрансГаз» компаниясына тиесілі құбыр желісіне жіберілді. Ал «ҚазТрансОйл» АҚ және

Каспий құбыр желісі консорциумы (ККК) арқылы мұнайдың экспорттық операциясы жүзеге асырылуда.

«Жыл соңына дейін кеніште ең кемі 500 мың тонна мұнай өндіріледі. Егер жағдай қолайлы болса, бұл көрсеткіш 1 млн. Тоннаға жетуі әбден мүмкін. Өндірістің алғашқы сатысы үшін бұл тәуір нәтиже болып табылады. Қ.Бозымбаев келер жылдың межесін жария етті. Қашағанда өндіріс көлемі 4-7 млн тоннаға болады деп есептелуде. Бұл ұңғылар мен құрал-жабдықтың қалай жұмыс істейтініне байланысты. Кеніштi іске қосу рәсімі алдағы уақытта өтеді.

Министр осы айдың соңында Венада өтетін ОПЕК-ке мүше емес мемлекеттердің техникалық кездесуіне еліміздің қатысатынын хабарлады. Астананың мұнайға қатысты келіссөзді қолдайтынын жеткізген Қ.Бозымбаев біздің экономикаға «қара алтын» құны әсер ететінін тілге тиек етті. Сол себепті мұнай өндіруші ел ретінде бағаны өсіру үшін әлемдік мұнай қоғамдастығына қандай қолдау көрсетуге болатыны зерттеліп жатыр.

Айта кеткен жөн, өткен қыркүйек айында Алжирде өткен бейресми басқосуда ОПЕК мүшелері күнделікті өндіріс көлемін 32,5 -33 млн баррельге азайту жөнінде уағдаласқан болатын. Ақтық шешім ұйымның 30 қарашада Венада өтетін ресми кездесуінде алынады.

Айдос ҚҰСАЙЫН

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

8,61

млрд теңге. Еуропа қайта құру және даму банкінің отандық бизнесті қолдауға бөлетін қаржы көлемі

125

мың борышкер Алматы облысында салық төлеуден жалтарып жүр

7

млн тонна. Қашағанда келер жылы осынша мұнай өндірілетіні болжануда

Аптаның ұсынысы

Қуаныш АЙТАХАНОВ,
Сенат депутаты:

Үшем туған аналарға кезектен тыс баспана берілуі керек. Елімізде жыл сайын 40-қа жуық келіншек үшем нәрестені дүниеге әкеледі. Перзент сүйген аналарды ең алдымен әлеуметтік жағдай алаңдатса, енді бірін баспана мәселесі қинап жүр. Бір баланы тәрбиелеу – бақыт. Екі бала – бақыттың бақыты. Үшем – табиғаттың сыйлығы. Кезексіз пәтер беру керек.

(депутаттық сауалынан)

Тарихи мұра

Премьер-Министрінің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов Алматы облысы Талғар ауданындағы «Талхиз» орта ғасырлық қалашығын сақтап қалу мәселесі бойынша көшпелі кеңес өткізді.

Талхиз – мемлекет қамқорлығында

Бүгінде мәдени мұра нысанын сақтап қалу өзекті міндет. Тарихи 2014 жылдан бері халықаралық мәртебеге ие. Мұраны пайдалану, қорғау, сақтау және басқаруда 1994 жылы Қазақстан ратификациялаған Әлемдік мәдени және табиғи мұраларды қорғау жөніндегі конвенцияның тәртібі мен нормасы қолданылады. Вице-премьер осынау құжаттың зор жауапкершілік пен міндеттеме жүктейтінін айта келе, құзырлы мекемелердің алдын ала келісілмеген іс-қимылы нысанды әлемдік мұра тізімінен алып тастауға әкеп соғуы мүмкін екенін ескертті. Тарихи нысанның ЮНЕСКО-ның Әлемдік мәдени мұра тізімінде қалуы және терең археологиялық зерттеуге берік негіз қалыптастыру үшін нақты шаралар қабылдау қажеттігін айтты. И. Тасмағамбетов осыған орай осы маңдағы құрылыс жұмысын тоқтатуға тапсырма берді.

Сөз-жебе

Дархан МЫҢБАЙ,
Қазақстан Ұлттық музейінің директоры:

«Гуманитарлық байланыс дәстүрлі дипломатиялық қарым-қатынаста көп көрініс таба бермейтін салаларға еніп келеді. ТМД елдерінің барлық мәдени жобалары ортақ өркениет мұрасы, рухани және материалдық мәдениет ескерткіштерін бірлесе пайдалану мен сақтаудың негізгі қағидалары арқылы біріктірілген. Бүгінде интеграцияның қалыптасқан еуразиялық векторы туралы айтуға болады. Қазақстан өз мәдениетін дамытумен шектелмейді. Басқа мәдениет және өркениеттермен диалог орнатуға ашықпыз. 2014 жылы Мемлекет басшысы мәдениет саясаты тұжырымдамасын бекітті. Оған сәйкес мәдениеттерді жақындастыру орталығы құрылды. Қазіргі уақытта орталық жұмысын ЮНЕСКО аясында жүргізу жайы қарастырылып жатыр»

(Бішкекте өткен ТМД мемлекеттері шығармашылық және ғылыми интеллигенциясының XI форумында сөйлеген сөзінен)

СЕРІКТЕСТІК

Жедел көмек орталығы

Оңүстік Қазақстан облысында мемлекеттік – жекеменшік серіктестік шеңберінде жедел медициналық көмек көрсету орталығы құрылады. Өңір басшысы Жансейіт Түймебаев пен түріктің Hemogens Health Care компаниясының бас директоры Нәжия Арпажы арасында өткен кездесу барысында осындай жобаны жүзеге асыруды көздейтін меморандумға қол қойылды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлағандай, құжат мемлекеттік-жекеменшік серіктестік шеңберінде жедел медициналық көмектің шағын стансасын салу, бірегей құрал-жабдық және көлікпен жабдықтау, медицина мамандарын оқыту, бірыңғай ақпараттық-талдамалық диспетчерлік орталық құру сынды жобаларды жүзеге асыруға бағытталған.

Жоба бойынша өңірдегі денсаулық сақтау саласына 3,5 млрд теңге инвестиция салынуы тиіс. 1,8 млрд теңгесі жедел медициналық көмектің орталық стансасының кіші стансаларын салуға және жабдықтау мен санитарлық 25 автокөлік сатып алуға жұмсалады.

Еліміздегі халқы ең көп аймақтағы осы денсаулық сақтау саласы және медициналық туризмді дамытуға септігін тигізеді.

(өз тілшіміз)

ҚОҒАМ
www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Біздің сұхбат

Гүлжаһан БИМЕНДИНА: Жауапкершілік күшейеді

(Басы 1-бетте)

Атап айтқанда, ауыл шаруашылығына арналған жерді ұтымды пайдалану, оның құнарлылығын сақтау, жерді отандастарымызға жалға беру бойынша конкурсты өткізуде ашықтықты қамтамасыз етіледі. Жалға алушының жауапкершілігін арттыру, бір қолға берілетін алқапқа шектеу қою, ауыл тұрғынын мал жаятын және шөп шабатын жермен қамтамасыз етумен қатар үй салу үшін жер учаскесін қарастыру тәрізді мәселені реттеу бойынша бірқатар ұсыныс пысықталған болатын. Мұның бәрі заң жобасында көрініс табады. Оны әбден салмақтап, жетілдіру жұмысы қазір жүргізілуде. Заң жобасының тұжырымдамасы интернет-порталға жарияланып, көпшіліктің талқысына ұсынылып отыр. Сондай-ақ құқықтық сараптамаға да жолданып үлгерді.

Жас қазақ: Жер дауын шешу үшін Мемлекет басшысының тапсырмасымен Жер реформасы жөніндегі комиссия құрылып, оның үш ай бойы жұмыс істегені баршаға аян. Осы комиссияның мүшелері жұмыс тобының құрамында бар ма?

Гүлжаһан Бимендина: Жұмыс тобының құрамында 39 адам бар. Олар – мүдделі орталық мемлекеттік орган, жергілікті атқарушы орган, Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері, Ғылым академиясының ғалымдары. Жұмыс тобына ауыл шаруашылығы вице-министрі Ерлан Нысанбаев жетекшілік етеді. Ал қоғам өкілдері тарапынан Мұхтар Тайжан, Дәурен Бабамұратов сияқты бірқатар азаматтар белсенді қатысуда. Жалпы, сол кезде комиссия жұмысына атсалысқан азаматтардың қай-қайсысымен болмасын бүгінде тығыз байланыстамыз.

Жас қазақ: Жаз бойы елде жер мәселесі қызу талқыланды. Біраз өзекті мәселенің беті ашылғаны рас. Осы ретте қазір әзірленіп жатқан заң жобасында қандай түйінді түйткілдер қамтылып отыр?

Гүлжаһан Бимендина: Бәрін тізбектеп отырмас үшін, заң жобасының ең басты тұсын ғана атап өтсем. Біріншіден, еліміздің жеке және заңды тұлғалары үшін ауыл шаруашылығы жерін жалға беру институтын сақтау және жетілдіру мәселесі қамтылған. Екіншіден, отандастарымызға жалға берілетін ауыл шаруашылығы жерінің шекті мөлшері белгіленетін болады. Үшіншіден, өңірдің жергілікті ерекшелігіне байланысты мемлекеттік шекарадан қашықтықты айқындай отырып, шекаралас аумақтарда ауыл шаруашылығы жерін берудің талаптары қатаңдатылады. Сондай-ақ елді мекендер маңындағы жайылым мен шабындықтың алаңын айқындау және олардың жеке адамға берілуіне тыйым салу мәселесі шешіледі. Бұдан бөлек, жеке тұрғын үй құрылысына жер беру бойынша нормалар жетілдірілетіні маңызды.

Жалпы, еліміздегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің көлемі 100,8 миллион гектарды құрайды. Оның ішінде 24,3 миллион гектар – егістік, 2,5 миллион гектар – тыңайған, 2,1 миллион гектар – шабындық, 68,4 миллион гектар жайылым жер. Осы ауыл шаруашылығы жерін тиімді пайдаланудың талаптарын күшейту мақсатында заң жобасында бірқатар норма қарастырылған. Мәселен, тұрақты мониторинг енгізіледі. Яғни жалға алудың алғашқы 5 жылында – жыл сайын, одан кейінгі кезеңде суармалы егістікте әр 3 жыл сайын, қолдан суарылмайтын жерде, әр 5 жыл сайын мониторинг жүргізілетін болады. Қоғамдық кеңестер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тарту арқылы жер пайдалануға қоғамдық бақылау орнату көзделген. Мұнымен қатар, ауыл шаруашылығы жерін жалдау шартын, жер пайдаланушылардың міндеттері мен жауапкершілігін нақтылай және күшейте отырып, жерді жалға берудің үлгілік шарты бекітіледі. Егер жалға алушы шарттың маңызды міндеттемелерін орындамаған жағдайда, келісімді біржақты бұзу ұсынылып отыр.

Жас қазақ: Демек, жерге бақылау күшейетінін айтып отырсыз. Бұл, әрине, құптарлық жәйт. Әйтпесе, жерді алуын алып, бірақ оның ары қарай кәдеге аспай жататыны жасырын емес. Жалпы, қазіргі уақытта пайдаланылмай жатқан жерді анықтау және қайтару жұмысы қалай жүргізіліп жатыр?

Гүлжахан Бимендина: Бұрын жерді пайдалану мен қорғауға бақылау жүргізу орталық уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімдерімен атқарылған болатын. Алайда 2014 жылдан бастап мемлекеттік басқарудың аражігін ажырату шарасы қабылданған соң, бұл функция жергілікті органдарға жүктелді. Қазіргі таңда сол өзгеріске сай ауыл шаруашылығы жерлерінің тиімді пайдаланылуына әкімдіктердегі жер инспекциясы бақылау жүргізеді. Айталық, әкімдіктердің ағымдағы ақпараттарына сәйкес, биылғы жылдың басынан бері республика бойынша жер инспекциясы 1,1 миллион гектар жерде субъектілердің заңдылықты сақтауы бойынша 3717 тексеру жүргізген. Өкінішке қарай, оның қорытындысы бойынша 2335 заңбұзушылық анықталып отыр. Оның ішінде 439 заңбұзушылық 0,8 миллион гектар ауыл шаруашылығы жерлерін пайдаланбау немесе тиімді пайдаланбауға қатысты. Барлық жер иесі мен жер пайдаланушыларға заңда белгіленген тәртіпте тиісті нұсқаулар берілді. 1 жылдың ішінде жер иесі оны пайдалануға кіріспесе, бұл жер мәжбүрлі түрде сот арқылы қайтарылады.

Жас қазақ: Жер реформасы жөніндегі комиссияның отырыстарында латифундистерге тосқауыл қою мәселесі көп талқыланды. Осы түйткіл қалай шешіледі?

Гүлжаһан Бимендина: Қолданыстағы заңнамада ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің жалға беру мөлшері шектелмеген. Мұндай норманың болмауы үлкен көлемдегі ауыл шаруашылығы жерінің бір адамға тиесілі болуына әкеп соғып, қатерін төндіреді латифундистердің пайда болуына жол ашады. Бірақ латифундистерге тосқауыл қою мақсатында бүгінгі күні әзірленіп жатқан заң жобасында отандастарымызға жалға берілетін ауыл шаруашылығы жерінің шекті мөлшерін белгілеу көзделіп отыр. Мұндай шектеу жайылым мен егістік және шабындық жерге қойылатын болады. Оның нақты тетігін алдағы уақытта Парламентке ұсынылатын заң жобасынан көретін боласыздар. Бұл жұмыс тобы кеңінен талқылап, таразылап жатқан мәселенің бірі.

Сұхбаттасқан
Айымгүл МҰРАТҚЫЗЫ,
Астана

Байқау

Ұлттық брендті бірге анықтайық

Орталық коммуникациялар қызметінде еліміздің ұлттық брендін анықтау бойынша байқаудың аралық нәтижесіне арналған брифинг өткізілді. Оған ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев және сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Василенко қатысты.

Байқаудың мақсаты – ашық байқау арқылы еліміздің ұлттық брендін қалыптастыру бойынша ең жақсы ұсынысты әзірлеу және анықтау. Дәурен Абаев 31 тамыздан 15 қазанға дейінгі аралықта байқауға 966 өтініш қабылданғанын атап өтті. Қазіргі уақытта байқаудың I кезеңі – интернет-қолданушылардың дауыс беруі өтіп жатыр. Барлық түскен жұмыстар ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ресми сайтында орналастырылған. Әрбір азамат ұнатқан жұмысына SMS-хабарлама жіберу арқылы дауыс бере алады. Интернет-қолданушылардың дауыс беруі 15 күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Дауыс беру нәтижесі бойынша Ресми сайтта ең көп дауыс жинаған және екінші кезеңге өтетін кемінде 5 үміткер-жұмыс анықталады. Екінші кезеңде авторлар Сарапшылық кеңесті өздерінің тұжырымдамаларымен таныстырады. Сарапшылық кеңестің құрамына атақты қоғам және саяси қайраткерлер, мемлекеттік органдардың, мәдениет және өнердің өкілдері кіреді. Жеңімпаз 5 млн теңге мөлшеріндегі ақшалай сыйақыға ие болады. Ал байқаудың екінші кезеңіне өткен қатысушылардың барлығы 200 мың теңге көлеміндегі ақшалай сыйақымен ынталандырылады. Естеріңізге сала кетейік, байқау ағымдағы жылдың 31 тамызында басталған. Оған кез келген адам қатыса алады.

Жұмысшы мамандығы

Шәкіртақы алады

Келесі жылдан бастап елімізде кәсіптік және техникалық білім тегін берілетін болады. Сондай-ақ жұмысшы мамандығында оқитындардың барлығы шәкіртақы алады. Бұл туралы білім және ғылым министрлігі Техникалық және кәсіптік білім департаменті басшысының орынбасары Ернат Жүнісов хабарлады.

Парламент Мәжілісінде «Баршаға арналған ақысыз техникалық және кәсіптік оқу, дуальді оқытуды енгізу» атты жиында Ернат Ғафуұлы екі мәселенің қаралатынына айтты. Біріншісі – техникалық және кәсіптік білімді тегін беру, екіншісі – дуальді оқытуды енгізу. «Елбасы келер жылдан бастап кәсіптік білімді тегін беру туралы тапсырма берген болатын. Министрлік осы бағытта жұмыс істеп жатыр. Бүгінгі таңда үкімет тарапынан жұмыс тобы құрылған. Бес отырыс өткізілді. Жақында болған жиында жергілікті атқарушы органдармен қаражат мәселесін қайтадан қарастыру тапсырылды. Жылдың аяғына дейін бұл мәселені толық талқылайтын боламыз», – деді. baq.kz сайты хабарлағандай, департамент басшысының орынбасары бұл жобаның негізгі тетіктеріне тоқталып өтті. Е.Жүнісов «Жұмысшы мамандықтары тегін оқытылады. Мұны Білім туралы заңның сегізінші тармағына енгіздік. Жұмысшы мамандығын алатындар санын арттыру мақсатында оқу бағдарламаларын әзірледік. Осы мақсатта республикалық бюджеттің есебінен 21 мың маманға орын бөлуді көздеп отырмыз. Қалған орынды жергілікті бюджет есебінен қарастырмақпыз. Бірінші кезекте мектеп бітіріп оқуға түспеген жастарды қамтуды көздеп отырмыз. Сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастарға да мүмкіндік беріледі. 9 бен 11-сынып бітірген түлектер біздің тегін кәсіптік және техникалық білім беруімізге қатыса алады», – дейді Ернат Ғафуұлы. Оның айтуынша, жұмысшы мамандығында оқитындардың барлығы бір мезгіл тегін тамақпен және шәкіртақымен қамтамасыз етілетінін айтты. Осы уақытқа дейін тек жақсы оқитындарға стипендия беріп келсек, енді үлгерімі төмен студенттерге де шәкіртақы берілетін болды.

Белес

Баспана бақыты

(Басы 1-бетте)

Жалпы, соңғы жылдары «Қолжетімді баспана – 2020», «Нұрлы жол» басқа да мемлекеттік бағдарламаның көмегімен қанша отандасымыз баспаналы болды. Семейлік Саят Тұматаев бастапқыда біраз қиналғанын жасырмады. Тапқан табысы күнделікті күнкөрістен артылмаған. Базарда жаз айында ыстық, қыста суық. Күз бен көктемде жауынмен арпалысады. С.Тұматаев бір басылымға берген сұхбатында «Біз осының бәріне шыдадық. Жаздың адам төзбес ыстығына, қыстың қатал суығына. Өздеріңіз білесіздер, шығыс өңірлерде қыстың қандай болатындығын. 40 градус суықта қолыңмен темір арбаны ұстаудың өзін елестетіп көру қиын. Бірақ осыған қарамастан, қолдан келгенше тынбай еңбек еттім, өз еңбегімнің жемісін көрдім. Жалпы, өз баспанаңның кілті қолыңа тиген кезде, бар қиыншылықтар сол сәтте ұмытылады екен», – дейді. Ол «Алғашқы 50 мың теңгені жинадым, содан кейін 100 мың теңгені. Одан әрі тап бір құмар ойыны сияқты. Осылайша бір күні 1 млн теңгені жинадым. Бақытымда шек болған жоқ. Себебі мен банктен тағы осынша 1 млн теңгені несиеге алатындай мүмкіндігім болды емес пе?, – деп өткен күнді еске алады. Тағы бір жылдан кейін екі млн теңге жиналады. Осылайша әкімдіктің жанында банк салымшыларына арналып салынған тұрғын үй кешенінен пәтер алады. Қазір оның ай сайынғы төлемі - 25 мың теңге. С.Тұматаев «Мен бұл пәтерді өз еңбегімнің арқасында алдым. Маған қол ұшын берер көкем де жоқ. Банкке бардым, шот аштым, ақшамды жинай бастадым. Бастысы алдыма мақсат қойдым. Қазір менің екі балам бар. Біз отбасымызбен бақытты тұрамыз, біз үшін ең бастысы – басымызда баспана бар», – дейді. Оның ендігі арманы – несиені жауып, 3 бөлмелі пәтерге қол жеткізу. Отандастарымыздың баспана, жер алуына мүмкіндік ашатын «Нұрлы жер» бағдарламаның биыл іске қосылғаны белгілі. Осы аптада ұлттық экономика министрлігі құрылыс, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Мархабат Жайымбетов бағдарламадағы 5 жаңашылдықты атап өтті. Ол «Осы бағдарламаның негізгі міндеттері: біріншіден, салынып жатқан тұрғын үй үшін, оның ішінде жеке тұрғын үй құрылысына екінші деңгейлі банк арқылы арзан ипотекалық қарыз беру арқылы сұранысты ынталандыру; екіншіден, тұрғын үй салу үшін құрылыс компанияларына арзан несие беру арқылы ұсынысты ынталандыру; үшіншіден, Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің салымшылары үшін «револьверлі» әдіс бойынша кредиттік тұрғын үй салу көлемін ұлғайту; төртіншіден, әлеуметтік әлжуаз топтарға және еңбек күшінің оңай көшіп қонуын қамтамасыз ету үшін, тұрғын үйдің өңірлік қорын құру; бесіншіден, инженерлік коммуникациялық инфрақұрылым тарту арқылы жеке тұрғын үй құрылысын дамыту», – деді. Оның айтуынша, бүгінде баспана, 10 сотық жер алу үшін кезекте тұрған отандасымыздың саны 2 миллионға жуық. Бұдан өзге, үлескер мен үй салушының қатынасын реттеу үшін осы жылдың сәуір айында «Тұрғын үй құрылысындағы үлестік қатысу туралы» жаңа заң қабылданып, 10 қазаннан бастап күшіне енді. Оған сәйкес Кепілдік беру қоры құрылып, басталған тұрғын үй құрылыс нысаны аяқталғанша қадағаланады. Қорыта айтқанда, сең қозғала бастады. Жаһанды жайлаған дағдарысқа қарамастан, елімізде ең маңызды мәселе шешімін тауып жатыр. Дегенмен қол қусырып отыруға болмайды. Еңбек етсең ғана Саят Тұматаев сияқты жемісін көресің.

Елдос ӨМІРЗАҚ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ,
ҰЭМ Құрылыс істері және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық комитетінің төрағасы:

«Мемлекеттік бағдарламалар бойынша салынып жатқан тұрғын үй бағасы өңірлерде – бір шаршы метр үшін 140 мың теңге, Астана және Алматы қалаларында – бір шаршы метр үшін 180 мың теңге, коммерциялық тұрғын үй – 240 мың және одан жоғары. Біз мемлекеттік құрылыс бойынша баға одан осы деңгейде сақталады деп есептейміз. «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша да осындай баға болады».

4 ЖҚ NARYQ
E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Орайы келген әңгіме

Амангелді газының алауы сөнбейді

Жамбыл жұртшылығы өз жерінен өндірілген газдың иісін сезініп, өз елінде шығарылған өнімді тұтына бастағанына біршама уақыт болды. Осы Амангелді газ кенішін игеру – ел басындағы аса бір қиын кезең – тоқырау мен қаржының барынша қинап тұрған кезеңіне тап келген еді. Солай бола тұрса да, елімшіл азаматтардың арқасында орасан зор қоры бар газ кеніші аз уақыт ішінде пайдалануға берілді. Қазір оның игілігін ел-жұрт көріп отыр. Осыған орай біз «Амангелді ГАЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Қанат Құрманалиевпен әңгімелескен едік.

– Кен орнында қанша ұңғы жұмыс істеп тұр? Олардан өндірілетін газдың сапасы қалай? Белгіленген міндеттеріңіз дұрыс орындалып жатыр ма?

– Жаңа ғасырдың алғашқы жылдарында, нақтырақ айтсақ, 2003 жылдың күзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Амангелді газының алауын салтанатты жағдайда тұтатқаны жамбылдықтардың әлі күнге есінде. Бөркін аспанға атып, шат-шадыман қуанған ағайын осынау зор қуаныш азаттықтың жемісі екенін біліп, тәубе дескен. Одан бері де Тәуелсіздіктің 13 жылы өтіпті. Бұл – бір мүшел жас. Осынша уақыт ішінде талай ауыл тұрғындары от жағып, күл шығару машақатынан құтылып, «Көгілдір отынның» рахатын көруде.

Аймақты «Көгілдір отынмен» қамтамасыз етіп отырған іргелі кәсіпорынның бүгінгі тыныс – тіршілігі қайнап жатыр. Ертеңі де жарқын. «Амангелді» және «Жарқұм» кен орындары биыл да қабылдаған жоспарларына сәйкес, газ және газ конденсатын өндіруін одан әрі жалғастыруда. Қазір «Амангелді» кен орнында 4 ұңғы ашылған.

«Амангелді кен орнындағы алау газын кәдеге жарату және сұйытылған пропан-бутан қоспасын алу» бағдарламасы ойдағыдай жүзеге асырылуда. Осының нәтижесінде алау газдың жағылымы зиянды заттар мен шығарындылардан барынша төмендетілді.

– Қазіргі мүмкіндік, жетістіктермен, әрине, тұрақтап қалмайсыздар ғой. Алдағы кезде жеке-жеке айтқанда кен ошағы игерілмек?

– 2016-2020 жылдар аралығында жобалық көрсеткішті орындау мен шикізат қорын дамытуды қамтамасыз ету үшін бірқатар шара қабылдадық. 2016-2017 жылдарда қосымша 5 пайдалану ұңғысын бұрғылау белгіленген. Осының нәтижесінде «Амангелді» кен орнында 2017 жылы газдың жылдық өндіру көлемі 16 миллион текшеге артады. Алдағы жылдың төртінші тоқсанында «Айрақты» кен орнын тәжірибелік – кәсіптік пайдалануға беру жобасы табысты өткізілсе, кәсіпшілік бойынша газ өндірудің жылдық көлемі 350,8 миллион текше метрді құрайды.

Ресурстық негізін және газ қорын көбейту мақсатымен кәсіпорынның келісімшарттық аумақта геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу қолға алынды. Қазіргі уақытта «Батыс Сұлтан құдық» перспективалық құрылымында тереңдігі 4250 метр іздестіру ұңғымасын бұрғылау жұмыстары жүргізілуде. Келер жылы «Анабай» кен орнында бағалау жұмыстары басталады деп күтілуде. Егер өнеркәсіптік газ қорлары табылып жатса, 2020 жылы тәжірибелі-пайдалану жоспарланып отыр.

– Жалпы, кен орнының қоры қаншалықты деп мөлшерленіп отыр? Оны кеңейте түсудің өзге де жолы бар шығар?



– Келешекте қысқа мерзімде кен орындарын пайдалануға беру нәтижесінде жыл сайын өндірілетін газ көлемі 500-550 миллион текше метрді құрайтын болады. Бұл дегеніңіз – жергілікті тұрғындар үшін жүздеген жұмыс орны.

Жоспарланған геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесіне қарағанда шикізат қорының мөлшері 13-15 миллиард текше метрге өседі деп күтілуде. Дегенмен, Шу – Сарысу өңірінің алқабы әлі де толық зерттелме қоймаған. Келісімшарттық аумақтың кешенді зерттеуін жан-жақты жүргізген жағдайда шикізаттық болжам қорлары одан да жоғары болуы мүмкін. Алдағы уақытта Оңтүстік аймақтарын энергетикалық ресурстармен жоғары деңгейде қамтамасыз ету негізінде келісімшарттық аумақты және жанындағы перспективалық аймақтарда алдыңғы қатарлы технологияларын қолданумен кешенді іздестіру, барлау жұмыстарын жүргізу көзделген.

Дүйсенбек АЙБЕКОВ,
Жамбыл облысы

Серпін

Стартап жобалар іріктелді

Астанада NEWENERGY халықаралық стартап-компанияларының байқауы өтті. Оған әлемнің 55 мемлекетінің өкілдері қатысты. Халықаралық байқауда 100 стартап жоба бақ сынады. Конкурс қорытындысы бойынша үздік 30 жоба «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне қатысуға жолдама алады. Сонымен қатар 5 жобаны қаржыландыру көзделіп отыр.

Тәуелсіздік сарайында әр компания баламалы энергетика мен «жасыл экономика» саласында жеткен жетістігін көрсетті. Осы байқауда сөз сөйлеген энергетика министрі Қанат Бозымбаев мұндай іс-шараның еліміздегі инновациялық технологияларды дамытуға зор септігін тигізетініне айрықша тоқталды. Ол елімізде алғаш рет өткен халықаралық стартап жобалар байқауына жер-жерде ықылас танытқанын атап өтті. Соның айғағындай, 1 мың жуық стартап жоба Астанадағы конкурсқа іріктеліпті. Министр «Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізіп отырған сындарлы саясатының арқасында елімізде шетелдік инвесторларға барлық жағдай жасалған. Бүгінгі кездесуден кейін Қазақстанға жаңа технологиялар мен қомақты инвестициялар келетін болады. Ең үздік жобалар осы көрмеде анықталады. Қазақстан жас мемлекет болса да, озық технологияларды дамытуға өз үлесін қосады. Осы байқаудың жаңа технологиялардың дамуына жаһандық деңгейде тың серпіліс беретініне сенімдімін» – деді.

Ұйымдастырушылардың пікірінше, NEWENERGY global startup fest байқауы әлемдік деңгейде еліміздің инвестициялық әлеуетін көтеруге және инновациялық және стартап жобаларды елімізде дамытуға жол ашады. Үздік стартап жобаны 8 сарапшы анықтады. Байқау шарты бойынша, қатысушы 90 секунд ішінде өз стартап жобасын таныстырып үлгеруі тиіс.

Айдос ҚҰСАЙЫН

Оқшау ой

Ауылда жүз түрлі жұмыс бар

Соңғы кездері «ауыл тозып кетті, ауылда жастар қалмады, бәрі қалаға қарай ағылатын болды, ауылда тек қарттар ғана қалды», – деген сарындағы әңгіме жиі айтылатын болды. Ал осы алтын бесік ауылды өркендететін кім сонда?

Ширек ғасырда ауылдан қалаға қарай босып кеткен жастардың тапқан жұмысы ең мықты дегенде құрылыс. Қалғаны байдың ауласын сыпырып, үйіне күзетші болып, базарда арба сүйреп, темір жолда жүк тасып, біразы автотұрақта тыйын жинап жүргені. Түк таппағаны Алматының Сейфуллин көшесінде күні бойы жұмыс іздеп әркімге телміру, тоқтаған көлікке таласа-тармаса жүгіру. Кейбірі жеке мекемелердің алдындағы үйшікте бір тәулікке күзетші болып, екі күн жалдамалы пәтерінде ұйқылы-ояу жүрумен өмірін өткізеді. Көбі соған ыңғайланып алған.

Дегенмен, қазақ жастары шетінен жалқау, ештеңе істегісі келмейді деген ойдан аулақпыз. Естеріңізде болса, тоқсаныншы жылдардағы тоқырау, қожырау кезінде жастар саудаға да жедел бейімделіп алды. Кей тұстарда, тіпті ұйғыр, өзбектеріңізден де басып озды. Алайда өмір тек саудадан ғана тұрмайды. Біз жастарды жалқау демей-ақ қоялық. Біразы ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүріп, соған бейімделіп алған. Аз жұмыс істеп, мол ақша тапқысы келеді.

Ал біле-білгенге негізгі кәсіп ауылда емес пе? Ізденгенге жүз түрлі жұмыс бар. Колхоз, совхоз тарағанымен ұжымдасып мал бағып, жерге ие болып, мая-мая шөп жинап, егін егіп, бақша салып, тірлік жасауға мүмкіндік мол. Құрылыс та баршылық.Толып жатқан кәсіп түрі де жеткілікті. Айталық, кез келген ауыл, елді мекенде шаштараз, етікші, тігінші, сауданың сан түрі, мал өнімін өңдеу, қатық, құрт, ірімшік, қаймақ, сүт, қымыз, шұбат өндіру бар емес пе? Тіпті түрлі тамақ пісіріп, кей мекемелерге апарып сатуға да болады. Тары, талқан, сарымай, жент дейсіз бе, бәрі ауылдан өндіріледі. Тоқыма бұйымдарымен шұғылдану, жүн өңдеу, көрпе құрап, сырмақ тоқу, текемет басу секілді сан түрлі шаруамен айналысуға болады. Аяқ астында жатқан осыншама байлықты игермеу ұят енді.

Әркім өзінің бейіміне, ыңғайына қарай қолынан келетін жұмысты игеріп әкетуіне мүмкіндік мол. Мысалы, кейбір жігіттер техникаға икемі бар. Олар автожөндеу цехын ашса қанеки. Өйткені қазір жұрттың бәрінде көлік баршылық. Кейбірі теледидар жөндеп, компьютердің «ішек-қарнын» ақтарып тастап жинауға, соны жұмыс істетіп, интернетке қосуына ыңғайы бар. Тіпті кейбір өнертапқыш жел, су, күн қуатын тиімді пайдаланып, ауылды, мал фермаларын, егістік алқапты электр қуатымен қамтамасыз етуге болады. Алайда кей ауылда әп-әдемі салынған мәдениет үйі электр қуатынан ажыратылғандықтан, жарықсыз, жылусыз қаңырап бос тұр.

Ауылда жастар көбейсе, жұмыс та молаяды. Туған жер алтын ұя, өскен өңір қызыққа толы, жерұйық мекенге айналар ма еді.

Әр ауылда мәдениет үйі салынған. Сонда кейбір өнерге жақын азаматтар жергілікті әкімшілікпен байланысып, ауыл жастарының басын қосып, түрлі мәдени шара өткізуіне болады. Аптасына екі-үш мәрте сауық кешін, түрлі пікірсайыс өткізу, өлең оқып, айтыс ұйымдастыруға не кедергі. Спорттық орындарды да ашуға мүмкіндік мол. Кейбір ауылда, тіпті жүзу бассейнін, жаттығу залын ашуға да жағдай бар. Онда футбол, волейбол, күрес, бокс, ұлттық ойын түрінен жарыс өткізсе, қандай тамаша. Ендеше неге жастар серпілмейді?

Елімізде он жүздік жер әркімге берілуде. Соған ауылда жаппай үй салып, сан түрлі шаруамен айналысуға болады. Қыздар гүл өсірсін. Туған күн, той, мерекелерге соны сатсын, ол да кәсіп.

Көбі жұмысқа шығайын десе сәбиін кімге бақтырып, қайда тастарын білмейді. Демек, жекеменшік бала-бақша ашуға да болады. Өйткені ауылда жастар көбеюде. Қалаға қарай зытып отырмай, соңғы жылдары отбасын құрып, сәбилі болып жатқандар да арта түскен.

Жастардың бәрі жаппай жоғары білімді болғысы келеді. Барын салып, малын сатып, несие алып, әйтеуір диплом алады. Кейбірінің екі-үш дипломы бар. Бірақ қалада жұмыссыз сенделіп жүргені. Әрине, жастар оқысын, техниканы меңгерсін, ғылым құсын, дамысын, өсіп өркендесін. Алайда соның бәрі ғалым болмайды ғой. Шетінен шенеунік, әкім, прокурор, заңгер, кеденші, сот болғысы келеді. Оның да заманы өтуде. Сонда басқа кәсіпті кім игереді?

Жақында «Айтуға оңай» бағдармасында 15-16 жасында, яғни тым ерте үйлеген жастар туралы мәселе көтерілді. Кейінгі жылдары бұл сирек кездесетін жәйт. Міне, сол тым жасынан шаңырақ көтерген азын-аулақ жастар өз басынан кешкенін баяндап жатты. Солардың ата-анасы да жастар еді. Ғалымдардың пайымдауынша, жас отау құрғандардың сәбиі өскенде ақылды, алғыр, әдемі, дарынды, зерек, денсаулығы мықты болып шығады екен.

Ал жетпісінші жылдары, яғни осыдан қырық, елу жыл бұрын ғана азаматтар әскерден келе салып 20-22 жасында үйленіп алатын. Қыздардың көбі мектеп бітіре салысымен тұрмысқа шығатын. Соған орай қырық жасында немерелі болып, алпысында шөбере сүйіп ататын.

Ал тоқсаныншы жылдардан бері жастар, тіпті қырыққа дейін жүріп алатынды шығарды. Олардың айтатыны, «жұмыс жоқ, жағдай жоқ, үй жоқ, қалай шаңырақ көтеремін?» деген желеу. Бұл да ауылдағы тоқырау, жұмыссыздық, бей-берекетсіздіктің салдарынан орын алған келеңсіз жағдай.

Қазақта той көп екені даусыз. Соған орай тиісінше тойхана, кафе баршылық. Қолынан келгені тойхана салып, содан табыс табуға ыңғайланып алған. Сол тойға баратын қыз-келіншектер қас-кірпігін түзеп, бетін әрлеп, боянатыны заңды нәрсе. Демек, маникюр, педикюр, визажист дей ме, қолынан келгенге ол да жұмыс. Яғни сұраныс бар. Жұрт кешіксе де тойдан қалмайды. Бармасақ ұят болады дейді. Сөйтіп тойдан демалып емес, шаршап, шабылып қайтады. Той мәселесі бөлек әңгіме.

Бірер жыл бұрын «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы қабылданды. Сол арқылы жастар ауылға баруда. Ендігі жерде осы жобаны халықтық науқанға айналдырып, үкімет тарапынан қаржы бөлініп, жастарымызға ауылда тұруға жағдай жасалса, күні ертең-ақ ауыл қайта түлеп, гүлденіп шыға келер ме еді.

Осының бәрін ауыл жастары жұмыс жоқ демесін, түрлі желеумен туған жерден жырақтамасын, алтын ұя, туған жерін өркендетсін, атамекенін гүлдендірсін, ауылын абаттандыруға үлесін қоссын деген оймен айтып отырған жәйт. Ата-баба жатқан жер, туып-өскен топырақ қараусыз қалмасын.

Біле-білгенге далада да, қалада да жұмыс жетерлік.

Саясат БЕЙІСБАЙ,
журналист

Өнім

Қой мен сиыр еті экспортталады

Жыл соңына қарай Қазақстан Қытайға сиыр және қой етін жеткізе бастайды. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Гүлмира Исаеваның хабарлауынша, экологиялық таза ет тасымалдау мәселесін қарастырылып жатыр.

Ол «Алдағы уақытта жылына 50 мыңнан 60 мың тоннаға дейін сиыр және 300 мың тоннаға дейін қой етін Қытайға экспорттауды жоспарлап отырмыз. Бұл сандар отандық ет өңдеуші кәсіпорындардан алынды», – деді.

Айта кетейік, Қытай Қазақстанның 9 облысында аусылға қатысты шектеуді алып тастады. 2013 жылдан бері Қазақстанның барлық өңірлерінен ҚХР-ға ет пен ет өнімдерін тасымалдауға тыйым салынған болатын. Бұл ШҚО аумағында аусыл ауруының таралуына орай қолға алынған шара еді.

COMMENT ЖҚ 5
www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Үгі іс

Қиындықты бөліссең азаяды...

Баян-Өлгей аймағындағы ағайындарға гуманитарлық көмекті жеткізуге аттанған топ елге оралды. Естеріңізге салсақ, шілденің 10-ы күні Моңғолияда тұратын қандастарымыздың өлкесін су басып, 1500 адам баспанасыз қалған еді. Қандастарымыз табиғат апатынан зардап шеккен осындай ұрымтал тұста Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі әлеуметтік көмек ретінде азық-түлік тиелген жүк көлігін Баян-Өлгейге аттандырды. Ал «Айғақ» қоғамдық телеарнасының басшысы бастаған топ ақпараттық қолдау танытып, жүк көлігімен бірге табиғат апатынан зардап шеккен аймақта болып, алыстағы ағайынның қайғысына ортақтасып, қолдан келген көмекті беріп қайтты.

Шілденің 27-і күні Баян-Өлгейге Оңтүстіктен азық-түлік тиелген жүк көлігі жолға шықты. Гуманитарлық көмекпен бірге Оңтүстік Қазақстан облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, облыстық мәслихаттың депутаты, «Айғақ» телеарнасының басшысы Дулат Әбіш бастаған бір топ азамат жеңіл көлікпен Моңғолияға жол тартты. Еліміздің бірнеше облысын басып өтіп, Ресейдегі Алтай тауларын жағалап, Моңғолиядағы Баян-Өлгейге де келіп жеттік. Шымкенттен-Баян-Өлгейге дейін тура 4000 шақырым жол жүрілді. Табиғи апат болған аймаққа келгенде, 105 мың халықтың 95 пайызы қазақ екенін білдік. Жайбарақат жатқан сол қандастарымызды табиғи апат бір сәтте әбігерге салып кетіпті... Төтенше жағдай салдарынан тұрғындардың баспанасы қирап, дүниесі суға кетіп, төрт түлігі мерт болды. Белден асатын су әбіржітіп жатқанда, жергілікті жұрт тек жанның амандығын тіледі.

Жылағанды жұбатып, қайғыны бөлісетін ел емеспіз бе? Тұтқиылдан келген апаттан аман қалып, қиналған қандастарымызға Оңтүстік Қазақстан облысынан көмекші топ алғашқылардың бірі болып жетті. Олар ең әуелі, су тасқынының астында қалып, қаза тапқан бүлдіршіннің ата-анасына көңіл айтуды жөн санады.

3 жасар Ақтілек Бейсенбекұлының рухына арнап құран бағыштап, отбасына қаржылай көмек берілді. Осы тұста 1991 жылға сәл шегініс жасасақ. Шығыс

Қазақстан облысының Зайсан ауданында болған зілзала кезінде де 3 жасар Біржан есімді бүлдіршін де қаза тапқан болатын. Сол кезде қыршын кеткен баланың отбасына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев арнайы барып, көңіл айтты.

76 жастағы Ками Жусанбайқызы су тасқыны кезінде денсаулықтан айырылған. Онсыз да әл-ауқаты төмен қарт кісінің бүгінгі күйі тым аянышты. Тіршілігін көрсеңіз, жүрегіңіз ауырғанымен, қайсарлығына таңырқайсыз. Қария ата-жұртынан жағдайын сұрай келгендерге дән риза болып, бір марқайып қалды.

Сынған домбыраны қолға ұстап тұрған Олжас есімді баланың суреті әлеуметтік желіге тарап кеткен болатын. Кейін оған елдегі белсенді азаматтың бірі – Берік Уәли жаңа домбыраны сыйға тартты. Міне, сол отбасына Д.Әбіш те барып, Отырар ауданының әкімі Ерлан Айтаханов аманат еткен сыйлықты табыс етті. Сондай-ақ Баян-Өлгейде жүрген оңтүстікқазақстандықтар мешітке барып аялдады. Ондағы мақсат – Ордабасы ауданының әкімі Алмасбек Мамытбеков ең үлкен сыйы Құран кітапты тарту ету болатын. Осылайша, «Сәлем» мешітіне елдің сәлемі жетті. Қандастарға алыстан ат терлетіп, демеу болып келген азаматтарды аймақтың әкімі Ғылымхан Айыпұлы қабылдап, ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев жүктеген «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» деген қағиданы шет жұрттағылар да сезінгендей.

Айтпақшы, ең бір әсерлі сый Баян-Өлгей аймақтық мұражайына берілді. Моңғолия қазақтары туралы дерек сақталған мұражайға киелі Отырардың тіршілігі бейнеленген картина табысталды. Яғни бұл суреттен бір кездері ұлы Шыңғыс хан қиратып, басып алмақ болған, бұрынғы Отырар қаласының гүлденген келбетін көруге болады. Мұның өзі бір үлкен тарих.

Жеңіл көлікпен жеткен топтың соңынан іле-шала азық-түлік тиелген жүк көлігі де келді. Патриоттық сөздер жазылып, қажетті зат тиелген көлік табиғи апаттан зардап шеккен көшелермен жүріп өтіп,

тұрғындарды да рухани жағынан қолдады. Мақсат – Дүниежүзіндегі қазақтардың қамқоршысы Тәуелсіз Қазақстан екенін білдіру еді.

«Дүние суға кетсе де, иманымыздан айырылып қалмайық» деп отырған қандастарымыздың төзімділігіне риза болдық. Тұрағы бөлек болғанымен, қазақ деп соққан жүрегі бар баянөлгейліктердің бүгінгі қуанышын көргенде, бір серпіліп қалдық. Иә, қазақ қашан да ағайын үшін қолындағы барын беріп, бөліскен қазақстандық бауырларына деген ықыласында шек жоқ. Табиғат апатынан зардап шеккен бауырларымыз киім-кешексіз, азық-түліксіз, баспанасыз қалып, киіз үйлерді паналап отыр. Шет жұрттағы қазақтарға гуманитарлық көмек ретінде келген жүк көлігіндегі азық-түлік мемлекеттік қоймаға жеткізілді. Дәл сол жерде қамқорлықты қажет етіп отырған отбасылар арнайы шақыртылып, азық-түлік тарқатылып берілді. Тізім бойынша 1500-дей азамат баспанасыз қалған болса, оларға қажетті деген Отандық өнімдер-заттар мен азық-түлік үлестірілді. Сондай-ақ Оңтүстіктен әкелінген тиісті қаражатқа құрылысқа қажет ағаш сатып алынып, қоймаларға қойылды. Баспанаға зәру отбасыларға бұл ағаштар жаңа салынар үйдің бір бұрышы болмақ. Осылайша, өңіріміздің аттанған гуманитарлық көмек діттеген орынға жетіп, алыстағы қандастарды аз да болса, бір марқайтты. Сөйтіп, қандастарымызға тілеулес жұрты мен Отаны бар

екенін сездіртті. Қашан да жақсылықты ескеретін баянөлгейліктер Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне алғыс хат жазып, жеткізуді облыстық мәслихаттың депутаты Дулат Әбішке аманат етіп тапсырды.

«Әр қазақ менің жалғызым» деген аталы сөз бар. Гуманитарлық көмектің түпкі мақсаты – қандастарымыз әлемнің қай елінде жүрсе де, бауырмал халқын білдіру. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» деп құрған маңызды жоспары бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға шақырады. Сондықтан қандай жағдай болмасын руға, жүзге, атаға бөлінбей, қазақ болып қалғанға не жетсін?! Бірлік-елдің берекесі. Қандас бауырымыз қайда жүрсе де, аман-есен болсын деген ниетпен Баян-Өлгей аймағынан алыстап,

Қазақстанға бет алдық. Моңғолия елінде қалған қандастар қимастықпен қол бұлғап қала берді. Бұл «Ұлы бабалар ізімен» жобасы аясында жасалған сапар болатын. Қош, баянөлгейлік қандастар, енді ешқашан табиғат зардабы орын алмасын, бас аман, бауыр бүтін болсын!

Бағлан БАЙКӨБЕККЫЗЫ

Самғау

«Kazakh TV» жаңа форматта

Жуырда ақпарат және коммуникация министрі Дәурен Абаевтың қатысуымен жаңарған «Kazakh TV» арнасы ресми іске қосылды. Министр «Kazakh TV» арнасының ұжымы және БАҚ өкілдерімен кездесіп, арнаға және қызметкерлеріне құттықтау сөзін жолдады.

Өз сөзінде министр мемлекетімізді халықаралық деңгейде танытудың маңыздылығы және Қазақстанды шетелдерде әйгілі етуде «Kazakh TV» арнасының рөлінің тиімділігіне тоқталды. Арна директоры Андрей Тараковтың айтуынша, 25 қазаннан бастап көрермен бұл телеарнаны жаңа бейнеде, сондай-ақ жаңа қызықты жобалармен көреді. Жаңа эфирлік безендірулермен

қатар арна логотипі де ауысты. Логотип графикалық және вербальды элементтерден тұрады. Дала қыранының бейнесі «Kazakh TV» атауымен төртбұрышқа енгізілген. Бұл құс қазақ халқы үшін еркіндік, тәуелсіздік және мақсатқа жету мағынасын білдіреді. Тәуелсіз Қазақстан үшін қыран жаңа белесті бағындыру мағынасын берсе, арна үшін де – халықаралық телевидение кеңістігінің шыңына ұмтылудың нышанына іспеттес. Бұдан былай «Kazakh TV» және «Білім және мәдениет» арналары біріктіріліп, бір атаумен таралады. Телеарна тарих, мәдениет, дәстүр туралы бағдарламалардың көрсетілімін жалғастырады. HotBird 13B, Galaxy 19 және AsiaSat 5 спутниктік платформасының көмегімен қазақ және ағылшын тілінде эфирге шығады. Отандық көрермендерге қазақ және орыс тілінде спутниктік және кабелдік арналар арқылы қолжетімді болады. Жаңа телевизиялық маусымда арна контенті шетелдік бизнестің келешегі, бизнес және демалыс үшін туристік секторлар мүмкіндігіне тоқталатын, сондай-ақ еліміздің мәдени-тарихи мұрасын бейнелейтін тақырыптық блокқа бөлініп толығады. «Хабар», «Хабар 24» арналарымен қатар «Kazakh TV» арнасы «Хабар» Агенттігі» АҚ телеотбасының бір бөлігі болып табылады. Спутниктік арна көмегімен әлемнің 118 мемлекетіне тарайды. Олардың арасында Солтүстік және Орталық Америка, Батыс және Шығыс Еуропа, Австралия және Океания, Солтүстік Африка, Таяу Шығыс, Азия және Оңтүстік Кавказ елдері бар.

Көкжиек

Білімге бастар жол

Қытай елімен татулық пен достық қарым-қатынастарын дамыту Қазақстанның сыртқы саясатының стратегиялық және басым бағыттарының бірі болып табылады. Осыған орай Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қытай Халық Республикасының білім министрі Чжу Чживэн келді.

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов келген қонақтарды университеттің халықаралық қатынастар бағыттарымен, ғылыми-инновациялық қызметімен таныстырды. Ректор атап өткендей, ҚазҰУ ҚХР университеттерімен халықаралық ғылыми бағдарламалар мен жоғары оқу орындары деңгейінде серіктестікті белсенді жүргізуде.

ҚазҰУ Жаңа жібек жолының университеттер Альянсына кіреді және ректор аталмыш мекеменің атқарушы комитетінің вице-президенті. ҚазҰУ-дың суперкомпьютерлік және бұлттық тарату орталығының базасындағы Жаңа жібек жолы Альянсы университеттерінің халықаралық IT-технопаркін қалыптастырудың техникалық жағдайлары жасалған. Оның негізінде білім, ғылым және техника саласындағы ынтымақтастық алаңы құрылуда.

Сонымен қатар көпжылдық ынтымақтастықтың нәтижесінде 2016 жылдың көктемінен бастап Бейжің шет тілдер университетінде қазақ тілін оқыту бағдарламасы жүзеге асуда. ЖОО тарихында алғаш рет тіл пәндері ішінде қазақ тілі 73-ші тіл ретінде оқытылатын болды.

«Жемісті институционалдық ынтымақтастығының жемісті негізін екі елдің басшысы қалады. Бүгінде Қытай университеттерінде он үш мың қазақстандық білім алса, оның 700-і шәкіртақылық бағдарламамен оқуда. Жыл сайын 200-ге жуық қытай студенті білім алу үшін ҚазҰУ-ды таңдайды. Қытай мен Қазақстан ЖОО серіктестері жоғары білім берудің академиялық ұтқырлығы мен интернационализация процесін дамытуға, білім беру бағдарламалардың сапасын қамтамасыз ету үшін атсалысуда», – деп атап өтті Чжу Чживэн.

Сондай-ақ екі жақ ортақ оқыту бағдарламасын жүзеге асыру аясында кезекті халықаралық аударма орталығына нақты маман ретінде кәсіби аудармашыларды дайындау, оның ішінде IT-технология бойынша маман әзірлеу бағдарламасын, бірігіп ғылыми жобалар мен зерттеулер жүргізіп, жазғы мектеп ұйымдастыру туралы уағдаласты.

ҚазҰУ-дағы ресми сапары аясында делегация Конфуции институты жұмысымен танысты. Қонақтар халықтар арасындағы достастықпен байланысты мәдени-білім орталығының жұмысына жоғары баға берді.

Білім бәйгесі

Мәскеудегі олимпиада

Мәскеуде қазақ тілі мен мәдениеті және тарихына арналған «Елім менің» атты олимпиада болып өтті. Білім бәйгесі ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ұйымдастырылды, деп хабарлайды 24.kz.

Онда Ресейдегі қазақ диаспорасының өкілдері және жергілікті студенттер бақ сынады. Сондай-ақ 9 жастағы қатысушылар да қарым-қабілеттерін байқап көрді. Олимпиаданың алғашқы кезеңі мамыр айында өткен. Ал ақтық сынға үздіктері іріктелді. Олардың білім деңгейін Ресей ғылым, филология және әдебиет академиясының оқытушылары бағалады. Сөйтіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталып, Мәскеу лингвистикалық университетінде марапатталды. Ұйымдастырушы Роза Тадинованың айтуынша, қазақ тілін жан-жақты меңгерген қатысушылардың деңгейі жоғары болған. Осындай олимпиаданы жиі ұйымдастыру арқылы екі елдің қарым-қатынасына үлес қосып, достық сабақтастығын үзбейтінін де атап өтті.

ЖАС ҚАЙРАТ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Кездесу

Павлодар облысында «Дипломмен – ауылға» республикалық бағдарламасы басталған 7 жылдың ішінде 4345 жас маман жұмысқа орналасқан. Жеті жылдың ішінде облыс ауылдарына жас мамандар білім беру, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет және ауыл шаруашылығы салаларына жұмысқа орналасқан.

Ауылдағы жастар жарады

– Биылғы жылдың өзінде бағдарлама арқылы 240 жас маманға ауылға қызметтік жолдама беріліп, бұл бағытқа мемлекеттік бюджеттен 636 млн 455 мың теңге бөлініп отыр, – деді Павлодар облысының әкімі Болат Бақауов осы бағдарламаға қатысушы жастармен кездесуінде.

Облыс әкімі аймақтың түкпір-түкпірінде ауылдың гүлденуіне өз үлесін қосуға ынталанған белсенді жастардың әлі шешімі табылмай жатқан мәселелерді ортаға салуын өтінді. Кездесу барысында ауылда туындалған ондай түйткілді мәселелердің баршылығы анықталды. Мәселен, Павлодар ауданындағы «Нәби» шаруа қожалығының фермері Нұрлан Сүлейменов, «Жастар бастамаларын дамыту орталығының» директоры Саят Жүсіпбаев айтқандай, жастар бос уақытында бас қосатын мәдениет үйінің жоқтығын, бюджеттен берілген несиенің көп жағдайда қолайлы тұрғын үй алуға жетпейтінін және басқа да кемшіліктер әлі де орын алып отырғанын сөзге тиек етті.

Болат Бақауов кездесуге қатысып отырған облыстық басқармалар басшыларына, әкімдерге тапсырма беріп, аталған кемшіліктерді дереу жақын арада жоюын өтінді.

Кездесу барысында ауылдық елді мекендерде үш жылдам астам уақыт тұрақты тұрып, жұмыс істеп жүрген белсенді жастар облыс әкімі қолынан сыйлық алды.

Мұхит ОМАРОВ,
Павлодар қаласы

Ел бірлігі

Жуырда дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаев жұмыс сапарымен Ақтөбе облысында болды. Сапар барысында Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаевпен кездесті. Басқосуда өңірдегі діни ахуал және осы саланы реттеуде мемлекет тарапынан іске асырылып отырған шаралар, өңірлік деңгейде азаматтық қоғам институттарын қолдау және мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда қолғабыс ету мәселесі талқыланды.

Үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ) өткен кездесу барысында Н.Ермекбаев қоғамның әлеуметтік мәселесін шешудегі «үшінші сектор»

Ақтөбеде ахуал тұрақты

институттарының рөліне тоқтала отырып, оларды өңір тұрғындары арасында діни экстремизмнің алдын алу шараларына белсенді қатысуға және жобаларды нақты әлеуметтік топтың өзекті мәселесін шешуге бағыттауға шақырды.

Ол осы ретте жергілікті атқарушы органдарды әкімдердің халықпен есептік кездесулері және ҮЕҰ-мен кездесуі барысында тұрғындар тарапынан айтылған өтінішін ескере отырып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс лоттарының тақырыбын қалыптастыру қажеттілігіне назар аударуға шақырды.

«Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында қаладағы жоғары оқу орындарының студенттерімен өткен кездесуде ведомство басшысы жастардың дамуы үшін қолайлы жағдай тудырудағы мемлекет тарапынан іске асырылып отырған жүйелі қолдауға тоқталды. Оларды әртүрлі деструктивті ағымның тактикасы мен тәсілін білуді үйренуге шақырды. Жастарға теріс діни ағымның ықпалына түспеуі үшін діни білім алуда мешіт имамдарына жүгінуді ұсынды.

Министр Ақтөбе облысының Алға ауданына да барып, «Ақтөбе» медресесінің, «Аңсар» ақпараттық-ресурстық орталығының қызметімен танысты. Өңір теологтарымен және мешіт имамдарымен кездесті. Онда мемлекеттің зайырлылығының конституциялық қағидаттарын сақтаудың және күшейтудің қажеттілігі баса айтылды.

Сапар қорытындысы бойынша жергілікті деңгейде радикалдық ағымды ұстанушылар мен олардың отбасы мүшелерін дұрыс жолға тарту мен оңалтуға бағытталған өңірлік бағдарламаны қабылдау арқылы осы бағыттағы жұмыстардың пәрменділігін арттыру бойынша кешенді шара қабылдау, өңірдегі мешіттерге білікті теологтарды тарту мәселесін шешу ұсынылды.

Министрліктің Дін істері комитеті тарапынан жүргізіліп отырған жұмыстары шеңберінде 2016 жылдың басынан бастап Ақтөбе облысында 1750-ден астам іс-шара өткізіліп, онымен 54 мың адам, соның ішінде түзеу мекемелерінде жазасын өтеуші 1300 азамат қамтылған.

Маман

Статистикалық зерттеу бойынша, әлемде 40 мыңға жуық мамандық бар көрінеді. Әрине, бұл 40 мыңның ішінен өзіңе лайықты біреуін таңдау оңайға соқпауы мүмкін. Алайда жүрегің қалаған кәсіп иесі болуға біздің елімізде мүмкіндік мол. Оған қоса, қазіргі қоғамда сұранысқа ие, нарыққа қажет мамандықты меңгерсең, өмірде жолыңның болғаны.

Таңдауға мүмкіндік бар

Қазір елімізде ірі индустриалдық-инновациялық жобалардың жүзеге асуына байланысты, ұлттық экономикамыздың қажетті деңгейде дамуы үшін білікті маманға деген сұраныс артқан. Бүгінгі таңда ең қажетті мамандықтың қатарында энергетик, құрылысшы, геолог, радиотехник, инженер сынды кәсіпті меңгергендер аталады. Сондай-ақ ел руханиятына қызмет ететін музыка, театр, кино секілді өнер саласының қас шеберлері – дыбыс режиссері, жарық қоюшы, инженер, сахна безендіруші секілді мамандар да тапшы. Әзірге ел аумағында 54 театр болса, соның қайсысында болмасын креативті техник маман қажет.



Бәсекелестік белең алған XXI ғасырда қай салада болмасын заман талабына сәйкес жағымды өзгерістер орын алып жатыр. Әсіресе, шоу бизнесте көрермен таңданысын тудыратын жаңалықтар толастар емес. Мысалы, есімі әлемге әйгілі жұлдыздардың концерттеріндегі ерекше әсермен жасалған дүниелер таңдай қақтырады. Олай болса, қазақ сахнасында неге осындай шоу шаралар ұйымдастырмасқа деген ой мазалайды. Осы сұрақты біз «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының кино-бейне және дыбыс құралдарымен қызмет көрсету бөлімінің басшысы Қайрат Күлісбаевтан сұрап білген едік. Ол «Жалпы, шоу бизнес пайда болғалы үлкен сахналарда, стадионда – классикалық, рок, поп музыка кештерін өткізу кезінде бар жауапкершілік техниктерге жүктеледі. Креативті техниктерсіз шоу жасау мүмкін емес. Сондықтан, ондай маман иелеріне Еуропа, Америка елдерінде бұрыннан сұраныс жоғары. Ал біздер мұны енді ғана түсініп келеміз. Осы уақытқа дейін біздің халық дыбыс инженері, жарық қоюшы мамандарын кәсіпке баламаған. Бұл іс – әсіре жанкүйерлердің еншісінде болды. Олар көбінде ақша үшін емес, аса қызығушылықтың арқасында жұмыс істеді. Тіпті арнайы оқытатын мамандар да болған жоқ. Ал қазір бәрі өзгерді. Өз ісін жетік білетін, оқыған кәсіби мамандарға деген қажеттілік туды. Бұл заман талабы болып отыр. Өйткені, бүгінгі көрерменнің талғамы өскен. Театр, сахналардағы шоу концерттерден таңқалдырарлық жаңалық күтеді. Тағы бір ескеретін жайт, Америкада дыбыс режиссеріне Грэммидің арнайы жүлдесі тағайындалады. Бұл нені білдіреді? Әлемнің дамыған елдерінде бұл кәсіпке деген құрметтің жоғарылығын көрсетеді. Бұл үрдіс бізге де қажет. Елімізде өтетін халықаралық шараларды отандық мамандар өткізіп жатса, нұр үстіне нұр емес пе? Бүгінде сахнаға лэд қою да үлкен мәселе. Оны да біздің жас мамандар игеріп алса, жақсы болар еді», – деді.

Қайрат КҮЛІСБАЕВ

Қазір әлемде қолданысқа еніп жатқан жаңа бағыттарға байланысты әрбір мемлекеттің білім беруді жаңа деңгейге көтеру, сапаны арттыруға деген ұмтылысы ерекше қарқын алған. Қоғам өмірінің шешуші салаларын жаңғыртуға бағытталған «Ұлт жоспарына» сәйкес біздің елімізде де жоғары білімді модернизациялауға және инновацияларды енгізуге байланысты жобалар жүйелі жүзеге асырылып жатыр. Бұл тұрғыда, жоғары оқу орындарында қолға алынған қашықтан оқыту технологиясын айтуға болады. Кейбір аймақтағы өнер ошақтарында жоғары білім жоқ, мамандар жұмыс істейтінін естіп жатамыз. Отбасын асырап отырған азаматтарымыздың бәрін тастап, оқуға кетуіне де мүмкіндік бола бермейді. Сондықтан, осы олқылықты дистанциялық оқыту жүйесі толықтырып отыр деуге әбден болады. Яғни ауылында отырып-ақ, таңдаған мамандығы бойынша дәрісті интернет арқылы тыңдап, қажетті электрондық оқулықтары мен әдебиеттерін тауып оқып, сынақтарын тапсыруға болады.

Ал «Қазақстан» концерт залы алдыңғы қатарлы технологиялармен жабдықталған еліміздегі ең ірі концерттік кешен. Есімі елге әйгілі өнер жұлдыздарын қабылдай алатын сахнада концерттің көп болатыны айтпаса да түсінікті. Сол себепті Астана төрінен орын алған «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының басшысы Салтанат Сейдімбек те осы мәселеге ерекше ден қойып отыр. Сахнаның әрін келтіретін техника саласы мамандарының біліктілігін арттыру мен кәсібилігін жетілдіру мақсатында қызметкерлерін оқыту үшін алыс-жақын шетелдермен тығыз байланыс орнатуды қолға алмақ.

Жігітке жеті өнер аз, жетпіс өнер көп емес десек, екі қолға бір күрек тауып, адал еңбекпен нан тапқан кәсіптің бәрі құрметті екені анық. Бастысы, сүйіп істеген іс шаршатпайды.

Айнаш ЕРУХАН

Байланыс

Сенімді серіктестік

Орта Шығыс ұлы ойшылы Әл Фарабидің оқулары «Al-Farabi university – smart city» атты бірден-бір ғылыми-инновациялық жобаның негізін қалады. Технологиялық және рухани-өнегелі концепттің бірлігі, ғылыми және білім мен әлеуметтік мәселелерді шешудегі икемділік арқылы жүзеге асып отырған университеттің жаңа моделі, дәстүрлі қоғам ғана емес, ең алдыңғы қатарлы технологиялы қоғамның да есігін ашуға мүмкіндік береді.

Жақында Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 15 студенті Күншығыс елінің алдыңғы қатарлы университеттерінде оқу-білім бағдарламаларынан өту үшін грант және шәкіртақы ұтып алды. Хейва Накаджима қорының шәкіртақысы байқау іріктеуі арқылы университет ұсынысы бойынша ең үздік студентке беріледі. ҚазҰУ 1992 жылдан бері 11 қор шәкіртақысына ие болды.

«Жаһандық университеттер тобы» шарасын іске асыру мақсатында, Әл Фараби атындағы ҚазҰУ мен Жапонияның Цукуба университеті бірлесіп «Кампустағы кампус» *(ағыл. Campus in Campus, CIC)* бастамасын жүргізіп отыр. Нәтижесінде әлемге ашық университет моделінен трансшекаралық университетке ауысуды жоспарлап отыр. CIC жобасының аясында әр жоғары оқу орны әріптес университеттің еш кедергісіз бір-бірінің ғылыми-зерттеу ресурсын қолдана алады.

ҚазҰУ қазіргі таңда Токио университеті, Токио агромәдениет және технология университеті, Васеда университеті, Ракуно Гакуин университеті, Аояма Гакуин университеті, Хоккайдо университеті, Цукуба университеті, Сайтама Университеті, Токио шетел тілдер университеті, Канадзава университеті, Кейо университеті секілді Жапонияның ең ірі, алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен бірге қызмет істеп келеді.

Наталья ЕМ,
Қиыр Шығыс кафедрасының меңгерушісі

ТІРШІЛІК
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru
7

Еңбегімен еңселі

ОЛ ЖЫЛҚЫСЫМЕН БАЙ

(Басы 1-бетте)

Дала төсіндегі дала жолы айқыш-ұйқыш, ойлы-қырлы. Әйтсе де Сарыөзек селолық округінің әкімі Асылбек Есмағамбетовтің «Нива» көлігі жол таңдамайтын, нағыз осындай жердің миы шығып, езілгенде мінетін-ақ машина екен. Ағаш-ағаштың арасындағы жалғыз аяқ жолмен тартып келеміз.

Ауыл әкімі Асылбек Есмағамбетов ел жайын, ел ішінде мал бағып, түтіндерін түзу ұшырып, шаруалары оңғарылып жатқан малсақ жандар туралы таратып айтып келе жатқан. Қайың-терегі аралас өскен қалың шұбардың қалтарысындағы шоқ қайыңды бауырлай қонған жалғыз үйдің сұлбасы көрінді. Ағаштан екі бөлмелі қылып салыпты. Жанында мал қамайтын ауқымды шарбақ. Жап-жасыл шөп үюлі. Үйге жалғастыра керек-жарағын қоятын, мініс атын қамайтын шағын қора салынған. Есігінің алдында су таситын, жем таситын әркілы техникасы. Жылқы әріректе, ағаш бауырында тебіндеп жүр екен. Ағаш бауырында жоңышқа, мия, қоңыржусан, ажырық, ақселеу, үшхат, қазоты тұнып тұр. Шөп басын жұп-жұқа ақ ұлпа көмкеріпті. Соныға киліккен жетпіс қаралы жылқы бас көтерер емес.

Ақан ауылының тұрғыны Мереке Абдулманов ауылдың күнбатыс жақ беткейіндегі қалың шұбардың ішіне ырыс жетектеп, берекет айдап әкеп қоныстандырған. Мақсаты – азық, мұраты – қазық.

Сарыөзек селолық округінің әкімі 2003 жылы шағын шаруа қожалығын құрған Мереке әуел баста жүз гектар жерге арпа, сұлы егіп, қолындағы қара малы мен қойын бағатын. Соңғы жылдары ел еңсесін көтере бастады. Әрекет етемін дегендердің арманына қанат байлаған – ауылға бағытталған бағалы бастамалар. Мереке де ендігі жерде мал басын, төрт түлікті түгел бағуға ниеттенді де, бағдарлама бойынша 2012 жылы үш миллион теңге несие алды. Қолына тиген қаражатқа 18 бас бие сатып алды. Оған қоса, айғыры мен атын.

Мерекенің айтуынша, несиенің көп жеңілдігі бар. Алғашқы бір жарым жылда еркіндік беріледі. Бір жарым жылдың ішінде малдың төлін аздап болса да өсіріп алған соң келісімшартта көрсетілгеніндей біртіндеп қайтарасың. Тоқсан сайын 250 мың теңгеден. 250 мың теңге Көкшетау төңірегінде семіртілген тайдың құны. Демек, жылына төрт тайдан келеді. Бағымдағы малды дұрыстап күтіп, баға алсаң, қалғаны мал басын көбейтуге жарап жатыр. Аналығын тұқымдыққа алып қалып, еркек құнан-тайын сатса, шаруашылықтың жем-шөбі, жанармайы, жылқышының еңбекақысы тәрізді қажеттілігін өтеуге қаптал жетеді.

Армансыз адам бола ма? Жаз шыға мал төлдегеннен кейін Мереке бие байлап, қымыз дайындасам ба? – дейді. Күнделікті шығынды өтеуге тәп-тәуір демеу болар еді. Қора да салып алмақ. Қыс қатайып, жылқының жалы жығылғанда күйі қашқан тай-жабағыны күту үшін. Содан соңғы бір көкейінен кетпей жүрген мәселе құдық қазу. Мерекенің айтуына қарағанда, бағдарлама бойынша мал алғаннан кейін сол бағдарламаның шеңберіне жаңағы шаруалар да енгізіледі екен. Су жоқ емес, бар. Бірақ томар суы, лай су. Жылқы жарықтық кірпияз, айдындағы, ағын судың өзінен сүзіп жүріп, талғап ішеді ғой.

Мал бағудың, оның ішінде жылқы бағудың ауыртпалығы аз емес. Баяғыда біздің елдің қаптал шапан киген қариялары жылқыны жылқыдай қайратты адам ғана баға алады деуші еді.

– Төрт түлікті тегіс бағып көрдік қой, – дейді Мереке,– қолайлысы жылқы. Қара мал алты-жеті ай қолға қарамақ. Біздің жақта қыс ұзақ қой. Жем-шөп шақ келмейді. Ал жылқының ауырғаны, әйтпесе, жабағы-тайы болмаса жыл он екі ай өз аяғымен тебіндеп, былайша айтқанда, өз күнін өзі көреді. Тек семіртуге ғана жем-шөп қажет. Үш жыл сайын айғыр ауыстырып отырмақпын. Тұқымы азып кетпеуі үшін. Негізінен, жабы баққан жақсы. Қысқа, ыстыққа төзімді.

Сарыөзек селолық округінің алқаптарынан осыдан үш жыл бұрын Щучье қаласының сүт зауыты жер телімін алған екен. Әуел баста егін салмақшы болыпты. Кейін нендей себебін болғанын кім білсін, әйтеуір, егін егілмей қалған. Қазір иен жатыр. Күтім болмаған соң жер жарықтық та жүдейді. Алқапты қара сұлы, арамшөп басып кетіпті.

– Әйтеуір, баққан соң көбірек бақса деймін, – дейді Мереке, – қос тігіп далада жатырмыз ғой. Жетпісін бақтың не, екі жүзін бақтың не? Көбірек болса, төлі де көп болар еді. Көбейсе табысымыз да тиісінше молаяды ғой. Тек жайылымдық жер бөлінсе болғаны, басқасын өзіміз істеп аламыз.

«Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы бойынша жылқышы да алған екен. Түлкі тымақ киген Александр Клебанский қайың шоқтың бауырындағы жылқы шетін қаумалап қайырып жүр. Жалақысы айына 56 мың теңге. Жататын жері, ас-суы жұмыс берушіден. Келісім солай.

– Жылқы жайын қазақ жетік білмей ме? – дедік біз.

– Жетік білгенімен, желке жар бере қоймайды ғой, – деп күлді Мереке.

Мән-жайға қаныққан соң жапандағы жалғыз үйден – жылқышылар қосынан дәм ауыз тиіп, «бағарың көбейсін» деген оң тілегімізді айтып аттандық. Жаңа ғана дала қосының пешін тұтатып жатыр еді. Айдау жолға түсе бере, артымызға қарасақ, қоп-қою түтін биік көкке шаншыла өріліп, шапшып тұр екен. Атам қазақ осындайда «түтіні түзу ұшқан тіршілік» деуші еді.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Зеренді ауданы
Ақмола облысы

Ұлт саулығы

Медициналық сақтандыру – уақыт талабы

Елімізде жаңа жүйені жүзеге асыру мақсатында арнайы әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры құрылатыны белгілі болды. Отандастарымыз осы қорға ай сайын еңбек ақысынан міндетті жарнасын аударады. Әрине, аталған қорға үкіметтік бақылау да күшейе түспек. Нәтижесі мынаған саяды: қорда сақталған қаржы науқастың емделуі үшін емханаларға беріліп отырады. Халыққа түсіндіру мақсатымен кешеуілдеп жатқан бұл міндетті сақтандыру жүйесі 2017 жылы жүзеге асырыла бастайды.

Елбасының бес институционалды реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары аясында атқарылып жатқан жұмыстар қарқын алып келеді, ал реформаның 80-шы қадамында: «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу. Мемлекет, жұмыс беруші және азаматтың ынтымақтасқан жауапкершілігі қағидаты негізінде денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық орнықтылығын күшейту. Бастапқы медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) басымдықпен қаржыландыру. Бастапқы көмек аурудың алдын алу және ерте бастан күресу үшін ұлттық денсаулық сақтаудың орталық буынына айналады» деп тайға таңба басқандай жазылған. Мысал ретінде айтар болсақ, батыс елдерінде азаматтардың медициналық сақтандыру полистері бар. Әлемдік тәжірибеге көз салсақ, үш денсаулық сақтау жүйесі бір-бірінен ерекшелене түседі. Олар: толықтай мемлекет қаржыландыратын денсаулық сақтау жүйесі, міндетті сақтандыру жүйесі, соңғысы ақылы медициналық жүйе. Елімізде осы үш жүйенің ішінен – міндетті сақтандыру жүйесін таңдалды.

Шымкент қаласының тұрғыны Болат Сембиев «Өз басым міндетті медициналық сақтандыруды қолдаймын. Бұл жоба халық үшін өте тиімді. Өзіміз жинаған ақшаны өзімізге жұмсаймыз. Емхананы да, дәрігерді де қалауымызша, таңдайды екенбіз. Ойлап қарасақ, мұның өмірлік мәні зор», – дейді. Балалар дәрігері Алмас Ақшалов та бұл жүйені қолдап отыр. Ол «Міндетті сақтандыру медициналық жәрдемнің сапасын бақылауды жүйелендіреді. Атап айтқанда, міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасымен және медициналық жәрдемнің қолданыстағы стандарттарымен кепілденілген көлемде, сапада және шарттарда медициналық жәрдем алуға азаматтардың *(сақтандырылған)* құқықтарын қамтамасыз етеді. Әлемнің көптеген елдерінде бұл жаңалық емес. Германия, Франция, Голландия, Австрия, Бельгия, Швейцария сияқты Еуропа елдерінде міндетті медициналық сақтандыру жүйесі қолданылады. Келер жылдан бастап елімізде осы жүйенің енгізілетінін білеміз. Демек, енді азаматтар медициналық көмекті арнайы қорға жиналған қаражат есебінен ғана алатын болады. Сақтандыру жарналарын

азаматтардың жұмыс беруші мекемелері төлеуге міндетті. Еңбекке жарамсыз болып, жұмыссыз қалғандарға жарна мемлекеттен бөлінеді» – деді.

Әне-міне дегенше, 2017 жыл есік қақпалы тұр. Ал еліміздің түкпір-түкпірінде осы жүйе туралы түсіндіру жұмыстары жалғасын табуда. Қыркүйек айының соңына таман Оңтүстік Қазақстан облысына медициналық сақтандыруды енгізу мәселелерін түсіндіру жұмыстары бойынша жұмыс сапарымен денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Елжан Біртанов келіп кетті. Жиында көкейкесті мәселелер қозғалды, сан алуан сұрақтарға жауаптар да табылды. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің негізгі қағидалары кеңінен түсіндірілді. «Ұлт жоспары — 100 нақты қадамның» бір бағыты — «Аурулардың сыртқы белгілерін, сылап-сипап қою емес, оларды жүйелі емдеу» болып есептелетін қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертудің негізін қалау екенін ескерсек, міндетті медициналық сақтандыру – уақыт талабы.

Мұхтар ШЕРІМ,
Оңтүстік
Қазақстан облысы

Бастама

БИЗНЕС БАСТАЙМЫН ДЕСЕҢ...

«Жаңаөзендегі – жаңа серпін» жобасы аясында «Атамекен» ҰКП жедел жұмыс тобы Рахат ауылының тұрғындарымен кездесті. Жүргізілген зерттеу нәтижесіне сәйкес бұл елді мекен ауыл шаруашылығы саласына бейім екені белгілі болды. Сол себепті мал өсіру, егін егіп, жылыжайдан өнім шығару жайында мамандар талдап айтып берді. Бизнесті қалай бастау керек екендігін де түсіндіріп, арнайы жүргізіліп жатқан бір айлық курсқа шақырды.

Кездесу барысында ауыл тұрғындарын мазалаған сауал өте көп қозғалды. Олардың бірі қолға алған ісінің тұралап қалғанын жеткізсе, бірі шаруашылық үшін жер сұрады. Жаңадан іс бастаймын деген талпыныс болғанымен, осы уақытқа дейін құжатын реттеуде қиындық туындап келгені де айтылды.

«Атамекен» ҰКП кеңесшісі Бауыржан Құрманов «Асылтұқымды мал ұстап отырып, егін егетіндер субсидия алып отыр. Ал қарапайым мал өсірумен айналысатындар жоқ екен. Соған байланысты негізі несие беру, қаржы беру мамандары бар. Соның ішінде малдарыңызды қалай асылдандыру керек? Аман сақтау, өсіру туралы мағлұмат қажет тапсаңыздар, біздің жұмысшы топтың 1 ай бойы қызмет ететін орталығына келіп, барлық ақпаратты алуға мүмкіндіктеріңіз бар», – деп, тұрғындарын жедел жұмыс тобының жұмысымен таныстырып өтті.

Жалпы, Рахат ауылында 32 мыңнан аса тұрғын бар. Оның 9 мыңға жуығы еңбекке жарамды. 160 адам ауылында кәсібін ашып, бірнеше тұрғындарды жұмыспен қамтып отырғаны белгілі болды. Алайда кәсіпкерлерге қолдау көрсету орталығына 21 ғана адам жүгінген. Мұның осыншама тұрғыны бар ауыл үшін аз екенін айтқан мамандар,

оларды орталыққа, яғни Жаңаөзен қалалық әкімдігі жанындағы Неке сарайы ғимаратында күтетінін жеткізді.

«Жаңаөзенге – жаңа серпін» бағдарламасының жұмысын жүргізгізілгеніне бір апта болды. Осы аралықта 300-ге жуық адам мамандардың алдына келген. Олардың ішінде өз ісін бастағысы келгендер де, кәсібінің тасын өрге домалатып жүргендер де бар. Олар түрлі мәселе бойынша сауал қойып, мамандар кеңесіне жүгінген. Алдағы уақытта жұмысшы топтың көмегіне сүйеніп, өзекті мәселесін оңтайлы шешкен кәсіпкерлер қатары арта түсетініне сенім мол.

Бала-болашақ

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ

Еліміз егемендік алған 25 жылдан бері қыруар жұмыс атқарылды. Ал күн сайын экономикалық әлеуеті артып, әлеуметтік саласы жанданып келе жатқан Әулиеата өңірінде де айтулы мереке қарсаңында бірқатар нысан ашылды. Облысымызда ширек ғасыр ішінде ашылған нысандарды айтпағанның өзінде, ағымдағы жылдың тамыз-қыркүйек айында ғана Жамбыл облысында бірқатар нысан ел игілігіне пайдалануға берілді.

Бала – болашақ. Елімізде балаларға деген қамқорлық күн санап артып отыр. Тамыз айында Мойынқұм ауданы Шығанақ ауылында 140 орындық балабақшаның ашылғаны белгілі. Нысанның демеуші есебінен жобалық құны 336,975 миллион теңгені құраған. Сонымен қатар қыркүйек айының алғашқы күндерінде облыста бірден сегіз нысанның пайдалануға берілді. Халықтың көптеген мәселесі оң шешімін тапты. Байзақ ауданы Түймекент ауылында 300 келушіге арналған фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысы салынды. Сондай-ақ Жуалы ауданы Қошқарата ауылында Абай атындағы 180 орындық орта мектеп ашылды. Сондай-ақ облыс әкімдігі құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының берген мәліметінше, Тараз қаласы Құмшағал стансасындағы 300 оқушыға арналған орта мектеп құрылысының жобалық құны 749149 мың теңге болған. Тараз қаласындағы «Салтанат» (4) ықшамауданындағы №37-а мекенжайындағы бұрыннан тұрған балабақша ғимаратын бұзып, оның орнына 280 орындық балабақша құрылысының жүргізілуі де құптарлық іс. Ал Сарысу ауданы Жаңатас қаласындағы 280 орындық балабақша құрылысы, Қордай ауданы Масаншы ауылындағы 280 орындық балабақша құрылысы, Т.Рысқұлов ауданы Қарақыстақ ауылындағы 150 орындық Қызыл ту орта мектебі және Талас ауданы Есейхан ауылындағы 120 орындық Қаратау орта мектебінің де құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген болатын.

Бүгінгі таңда Жамбыл өңірі ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына қызу дайындық үстінде. Жыл соңына дейін тағы бірқатар нысан пайдалануға беріледі. Желтоқсан айында Тараз қаласындағы Кирпичник алқабындағы 300 орындық орта мектеп те пайдалануға беріледі.

Ал 28 қазан күні облыс әкімі Кәрім Көкірекбаевтың қатысуымен Меркі ауданы Меркі ауылында емхана ашылды. Сонымен қатар «Талас ауданы Қаратау қаласындағы ауысымына 250 келушіге арналған аудандық емхана да ашылу салтанатына дайын.

Бұл мәліметтердің барлығы да еліміздің жыл санап қарыштап дамып келе жатқанын көрсетеді. Облыс экономикасының әлеуетінің артқандығын айғақтайды. Ең бастысы – бүгінде еліміз азаттық аясында ақжаркын ғұмыр кешіп келеді. Мемлекет басшысы айтқандай, «Мемлекет қандай жағдайда да әлеуметтік міндеттемелерін шашау шығармай орындап келеді. Тарихымызды түгендеп, мәдениетімізді өркендетуге қол жеткіздік».

Сәбит ТӨЛЕНДІ,
Жамбыл облысы

8 ЖАҢА ҚАЗАҚ
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Тиімді әдіс

Білімді ұрпақ – болашақ кепілі

Әр ата-ана бала болашағының даңғыл болуына, дұрыс жүріп-тұруына, жақсы білім алуына мән берсе, үміті ақталады. Әсіресе, білім алу ісі отбасының темірқазығы. Қазақ мықты болса, әр жастың ертеңі алаңсыз. Алайда балаңыздың алдыңғы қатарлы жоғары оқу орнына түсіп, жүйелі түрде қосымша сабақ алуына қыруар қаражат керек екені белгілі.

Оған отандастарымыздың барлығының бірдей мүмкіндігі бола бермейтіні де анық. Осындай сәтте елдің ертеңі, ұлттың болашағы үшін деген ізгі ниетпен, Тәуелсіздік алғаннан бергі кезең ішінде мемлекетіміз тарапынан қолжетімді және сапалы білім алуға көп жағдай жасалып келеді. Соның бір дәлелі, 2013 жылдан қолданысқа енгізіліп, бүкіл еліміз бойынша сәтті жұмыс істеп келе жатқан – Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі (МБЖЖ) дер едік. Осы жүйенің операторы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне қарасты «Қаржы орталығы» АҚ болып табылады.

Аталған жүйенің көмегімен еліміздің әрбір азаматы өзінің немесе балаларының Қазақстанда және шетелде оқуына жоспарлы түрде қаражат жинақтай алады. МБЖЖ-ның басты ерекшелігі – бұл білім беру депозитіне банктен жылдық 14 пайыз мөлшеріндегі ай сайынғы сыйақыдан бөлек, мемлекеттен 5 пайыздан 7 пайызға дейін сыйлықақы төленетіндігі. 7 пайыз мөлшеріндегі көтерінкі мемлекет сыйлықақысы әлеуметтік жағынан әлсіз топтарға жататын азаматтар, оның ішінде: жетім балалар, мүгедектер, аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан және көпбалалы отбасындағы балалар үмітін ақтауға арналған. Басқа салымшыларға мемлекет сыйлықақыны жыл бойына жинақталған сомаға 5 пайыз мөлшерінде төлейді. Салым бойынша орташа табыс жылына 19-21 пайызды құрайды.

Тәжірибе көрсеткендей, білім беру депозитінің сақталуы мен кепілдендірілуі мәселесі МБЖЖ-ның әлеуетті салымшыларын мазалайтын басты сұрақ болып отыр.

Қаржы жинақтау жүйесі туралы заңда білім беру депозитін сақтап қалудың барлық ықтимал амалы қарастырылған. Атап айтсақ, депозит 10 млн теңгеге дейінгі сомада мемлекеттік жеке тұлғалардың депозиттерін кепілдендіру қорымен сақтандырылған. Сондай-ақ заңмен инфляция деңгейі жоғары болғанда немесе экономикада басқа өзгерістер орын алған жағдайда МБЖЖ-ға қатысушы банктердің сыйақы мөлшерлемелерін және мемлекет сыйлықақысын көбейту үшін олардың мөлшерін қайта қарау мүмкіндігі де қарастырылған.

Мысалы, 2013 жылы бұл депозит бойынша банктің сыйақы мөлшерлемесі 6 пайыз болса, қазір ол жылдық 14 пайызға дейін көбейтілді. Оның үстіне, жоғарыда көрсетілгендей, банктің сыйақысынан бөлек, мемлекеттен сыйлықақы да төленеді. Тағы бір маңызды жайт, салымшы жинақтау сомасы мен мерзімдерін өзі белгілейді. Бұл өте ыңғайлы және отбасылық бюджетке де ауыртпалық түсірмейді. Жүйе бойынша әр азамат қаражат жинақтауды жалғастыра отырып, оқудың ақысын ішінара төлей алады. Жинақтау мерзімінің соңына қарай білім беру депозитіндегі ақша сомасының шамамен 60 пайызы салымшының жеке жарналарынан, ал 40 пайызы білім беру депозитіне есептелген аударымдардан құралады. Осылайша, МБЖЖ-ның көмегімен азаматтар білім алуға арналған шығыстарын жартысына дейін дерлік қысқарта алады.

Айта кетер жайт, бала грантқа оқуға түскен жағдайда жинақталған қаражат мемлекет сыйлықақысымен және банктің сыйақысымен бірге толығымен салымшының иелігіне өтеді. Салымшы оны қолма-қол ақша түрінде алуға, жинақтауды жалғастыруға немесе үшінші тұлғаның атына ресімдеуге құқылы. Мемлекет жоғары сынып оқушыларының жақсы оқып, білім грантын алуға ынтасын арттырудың тамаша жолын ұсынып отыр. Егер жинақталған қаражат оқудың ақысын толық төлеуге жеткіліксіз, бірақ білім беру депозитінде қажетті соманың 50 пайызы бар болса, салымшы мемлекеттің 100 пайыз кепіл болуымен, жеңілдетілген шартпен кепілзатсыз кредит ала алады.

Білім беру депозитін ашу кезінде әрбір ата-ананың үкілеген үміті мен күдігі қатар жүретінін жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен оның жақсылығын ата-ана баласы жоғары оқу орынға түсер кезде көреді. Депозитте жиналған қаражаттың есебінен баласы өзі сүйіп таңдаған мамандығы бойынша оқи алады. Таңдау мүмкіндігі болғандықтан, келіспеушілік мәселесі де туындамайды. Осылайша білім беру жинақтау депозитін ашудың астарында отбасының берекесін сақтап, ынтымақта өмір сүру, сүйікті іспен айналысу идеясының жатқаны да белгілі болды.

Енді білім беру жинақтау депозитін ашу қалай жүзеге асады дегенге келер болсақ, мұнда ата-ананың жеке басты куәландыратын құжаты болса жеткілікті. Депозит ашу кезінде баланың туу туралы куәлігі мен ЖСН ұсынылса болғаны. Бастапқы жарнаның төменгі сомасы 3 АЕК-ті құрайды, яғни банктерде жоғарыда аталған депозитті ашу үшін 6 мың теңгеден сәл көбірек ақшаң болса, тоқсауыл жоқ. Аз уақытта салымшылардың саны 15,5 мыңнан асып отырғаны бұл жүйенің тиімділігін көрсетсе керек. Қазір мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі қоғамда қолдау тауып жатыр. Бағдарламаға меценаттардың, қайырымдылық қорларының, сондай-ақ отандық кәсіпорындар мен ұйымдардың қосылуы да қуантады. Қазақстанның білім беру ұйымдарында тәрбие алып жатқан жетім балалардың барлығына да дерлік білім беру жинақтау депозитін ашып, бірінші болып қайырымдылық көмек көрсеткен «Бөбек» қоры. Қор қазір осы бір игілікті іске 5 млрд теңгеден астам қаражат бөлді. Сондай-ақ «Нұр Отан» партиясы, білім және ғылым министрлігінің балалардың құқықтарын қорғау комитеті әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтағы тұрғындарға мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі арқылы қолдау білдіргенін де айта кетсек дейміз.

Зарина КИБАЕВА

Серпін

Есептеудің жаңа жолы

Асылбек Әбдіәшімұлы Алматы қаласының тумасы. 2004 жылы оңтүстік астанадағы №141 қазақ орта мектебін үздік белгімен бітірген. Көп ұзамай сол жылдың күзінде Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі механика-математика факультетінің студенті атанды. Бұған бала кезінен шахматқа әуестігі себеп болса керек. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ, бірнеше рет аудандық, қалалық, халықаралық олимпиадаға қатысқан. Жүлдегер атанған. Кейіннен бұл қарым-қабілетін жоғары оқу орнында оқып жүріп көрсете білді, шәкірт тәрбиелеп, білім жарысына қосқан. Шәкірттері де өзі сияқты сан мәрте топ жарды. Бұған қарап, Асылбектің мамандық таңдаудан қателеспегенін байқауға болады.

Асылбектің 8 жылдан бері зерттеп жатқан ғылыми жұмысы математиканың іргетасы болып табылады. Сол себепті оны кез келген адамның түсінуі қиын. Диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы «Арифметикалық иерархиядағы функциялар үйірінің есептелімді нөмірлеуі» деп аталады. Ұзақ уақытты қажет ететін диссертациядағы есептелімді нөмірлеу деп қандай да бір зерттеліп отырған нысанның кодын айтады. Яғни бұл есептелімді кодтауды информатиканың негізі деуге болады. А.Исахов «Кез келген компьютерде есептеу осы теорияға негізделеді. Теорияны теоретикалық информатиканың негізі деп айтсақ болады. Логикада мынадай бағыт бар. Ол – алгоритм теориясы. Оның негізгі мақсаты – есептелімділік», – дейді.

Есептелімді теория – математика ғылымы үшін тың тақырып емес. Ең әуелі 1936 жылы белгілі британ математигі Алан Тьюринг зерттесе, кейіннен академик Юрий Ершов дамытқан. Әрі қарай есептелімді нөмірлеуді терең Сергей Гончаров пен Серікжан Бадаев атты ғалымдар еді. Ал бұлардың жолын қуған Асылбек Исахов. Алайда бұл тақырып қанша зерттелсе де, Асылбектің өзінің ауыз толтырып айтар ғылыми жаңалығы бар.

Ол «Ғылыми жаңалығым ол көбінесе осы салада жүрген математиктер есептелімділікті қараса, мен салыстырмалы есептелімдікті қарап жүрмін. Салыстырымды есептелімдік деген не? Ол есептеуді қандай да бір оракул арқылы жүзеге асыру. Яғни оның көмегімен өзіме қажетті жауапты аламын. Сол жауапқа байланысты есептеуімді жүзеге асыра аламын. Мен оны оракул арқылы есептеу деп атаймын. Зерттеп жатқан бағытымның жаңашылдығы сол оракул арқылы есептеу. Осы оракулмен есептеу әдісін жалпы бұлтты технологиялардың негізі деп айтуға болады. Бұлтты технология дегеніміз – қазір бәріміздің қолымызда айфон, айпад бар. Оның ішінде қарап көрсеңіз, iCloud деген болады. Оны орысша айтқанда, «облачная технология», қазақша айтқанда, бұлтты технология» – дейді. Демек, Асылбектің таңдаған тақырыбы қазіргі заманға лайықты диссертация. «Ұстазы мықтының ұстамы мықты» демекші, бұған ұстаздың ықпалы зор деуге болады. Ғылыми жетекшісі Серікжан Ағыбайұлы бірінші курстан-ақ болашағынан үлкен үміт күттірген өренді жазбай таныған. Тапсырма берген, үйреткен, ғылымға баулыған. Содан болар, Асылбек бакалаврды да, магистратураны да, докторантураны да үздік белгімен бітірген.

Механика-математика факультеті деканының орынбасары ғылыммен бірге, стратегиялық жобаға үлес қосуда. Ол есептелімдік саналымдағы эквиваленттік қатынастарды зерттеуге арналған компьютер science, яғни компьютерлік ғылым деп аталады. Компьютердің құрылымы өте терең математикаға негізделгендіктен, бұл жобаға Асылбектей ғалымдардың берері мол. Себебі компьютерді құрастырудан немесе бағдарламасын жазудан бұрын математикасын жақсы білу қажет. Ноу-хау саналатын жоғары деңгейдегі ғылым 1936 жылы шыққан теорияның баламасы жолын іздеуді көздейді. Өйткені, компьютер құрастыру әлі күнге дейін сол жылдардағы стандартпен келеді. А.Исахов «Бұл – өте үлкен жоба. Сондықтан, оны бір топ ғалым бірігіп жүзеге асырады. Солардың бірі-менмін. Яғни біздің онда нақты жоспарымыз бар. Онда қандай нәтиже алатынымызға дейін жазылған. Кейін сол бойынша есеп береміз» – дейді. Әлемнің бірнеше елінде қолға алынған жобаға елімізде арнайы мемлекеттік грант бөлінген. Жоба 2015-2017 жылдарға арналған. Алайда қатысушылар жобаның әрі қарай жалғасын табарына сенімді. Әзірге кез келген математиктің тісі батпайтын тақырыпты зерттеген Асылбек әріптестерін білімімен әлдеқашан мойындатқан. Себебі Қазақстан түгілі, шетелдерде де бірлі-жарым адам ғана саналы ғұмырын осы салаға, яғни алгоритмдер теориясын жетілдіруге сарп еткен екен.



Әзірге жас ғалымның үш тілде жарық көрген 19 мақаласы бар. Соның ішінде екі мақаласы рейтингісі жоғары журналға шығыпты. Бірақ Асылбек мұнымен шектелмек емес. Себебі математика сияқты ғылымдар патшасының бағыты күрделі, сан тарау. Ғылым дамыған сайын ауқымы да кеңейіп, тақырып та өзгеріп, түрленіп отырады. Соған сай, Асылбек те кез келген тақырыпқа оңай ауыса алады. Себебі фундаменталдық білімі терең, тақырып талғаммен, кеңесе отырып таңдалған.

Дархан КӘРІМОВ

Бәрекелді!

Өмірге араша

Дәрігер: **Сәлеметсіз бе? Қалыңыз қалай?**

Емделуші: *Жақсы...*

Дәрігер: **Бүгін қалай ұйықтадыңыз?**

Емделуші: *Өте жақсы ұйықтадым, рахмет!*

Дәрігер: **Бүгін температураңыз барлығы дұрыс. Операцияңыз сәтті өтті. Енді бүгін үйге жібереміз. Біздің емханаға енді түспеңіз. Ауырмай жүріңіз, жарай ма?**

Дәрігер травматолог Мейрамбек Жұмағұлов әр таңы науқастардың қал-жағдайын сұрасудан басталады. Жұмыс күніне алған емі шипалы болып, дертінен сауыққан жандардың алғысымен аяқ басатын ол, елімізде бірегей оталар жасап жүрген білікті маман. Серік Көпесінов бар болғаны 35 жаста. Бүгінде ол үшінші топтағы мүгедек. Осыдан біршама уақыт бұрын үйінде газ балоны атылып, аяғын күйік шалып, сынған екен. Ол кезде қандасымыз Түркменстанда тұрған. Дер кезінде дұрыс жасалмаған, емнің нәтижесінде Серіктің оң аяғы қысқарып, саусақтары тартылып қалған. 2006 жылы ол ата-бабасының топырағы Қазақстанға оралып, Тараз қаласына көшіп келеді. Кейін дертіне дауа іздеп көптеген ауруханаларға барады. Алайда көп жылдан бері кеміс күйінде бітісіп кеткен аяқты емдеуге ешбір дәрігер келіспейді. Тек Алматыдағы №4 қалалық клиникалық аурухананың білікті маманы Мейрамбек Оңғарұлы бастаған дәрігерлер тобы Серіктің аяғын қалпына келтіру үшін инновациялық ота жасауды ұйғарады. Мейрамбек Оңғарұлы Серіктің аяғын сау қалпына келтіру үшін үш кезеңнен тұратын ем жасамақшы. Егер барлығы сәтті өтсе, бұл бірегей жағдай туралы Қазақстан травматологтарының съезінде баяндама оқуды көздеп отыр. Себебі елімізде күніне жүздеген адам осындай жағдайға ұшырап, тиісті көмек алмай жатады. Ал мұндай тәжірибелермен бөлісу қаншама адам жанын құтқарып қалуы мүмкін.

Ер дәулеті – еңбек. Бүгінде біздің кейіпкеріміздің басты байлығы – медицина саласында жинаған мол тәжірибесі. Жаңашылдыққа жаны құмар ол жаңа әдістерді енгізудің арқасында бұрын 2-3 сағатқа созылатын оталар, қазір 1 сағатта аяқталатын деңгейге жеткенін айтады. Сондай-ақ қимыл-қозғалыс мүшелерінің ішкі жарақаттарын емдеу үшін бұрынғыдай үлкен көлемдегі тілік жасалмайды. Мұның барлығы науқастардың еңбектен қол үзбей, тез сауығуына бірден-бір себеп, – дейді. Дәрігер жасап жүрген отаны жүзеге асыруда инновациялық жабдықтардың рөлі ерекше. Тіпті осы құралдар дәрігерлерге уақыт пен кеңістік шеңберінен тыс жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Қазақ халқында «Ердің атын еңбек шығарар» деген сөз бар. Дәрігер Мейрамбек Оңғарұлы осыған дейін де көптеген бірегей ота жасаған. Көлік апаттарынан кейін аяғын аман алып қалу мүмкін емес деген жағдайлардан жол тауып, жаңа технологияларды қолдана отыра, ем шарасын қолданып, науқастардың ризашылығына бөленген. Бұл оқиғалар туралы еліміздегі көптеген баспасөз беттерінде де мақалалар жарияланған.

Білім – таусылмас азық, сарқылмас қазына. Мейрамбек осы уақытқа дейін Еуропа мен Азия елдерінің озық ауруханаларында тәжірибе жинақтаған. Бүгінде ол барлық білімін отандық медицинаның дамуына пайдалануда. Бұл ретте дәрігер еліміздегі медицина саласы қарыштап дамып келе жатқанын айтады. Бұрын шетелге барғанда өзге елдің медицинасына қызығып қайтатын дәрігерлер, қазіргі кезде ондай таңданыс тумайтынын жасырмады. Кез келген адамның мінезі қиыншылықта сыналады. Ал «ақ халатты абзал жан» үшін адам жанына араша болатын сәттен күрделі ештеңе жоқ. Ауыр дертін арқалай келген науқастың ауруханадан айығып шығуынан артық дәрігер үшін қуаныш жоқ, сірә. Арайлап атқан таңмен бірге өзге жанның өмірі үшін арпалысатын осынау мамандық иесі ертең де тағы бір адамға қуаныш сыйлары хақ. Біз де өз кезегімізде жарақатына жәрдем сұрап, сырқатына дауа іздеп келген әрбір науқас аман болса екен деп тілейміз.

Айдос ҚҰСАЙЫН

Жетістік

Робот құрастыру қолдан келеді

Алматы қаласында мектеп оқушылары арасында үздік робот құрастырушылар анықталды. Робот техникасы бойынша 15 үздік команда чемпион атағына күресіп, білім және тәжірибе алмасу үшін ойын алаңында кездесті.

Ұйымдастырушылар чемпионатты «Биоэнергетика бүгін әлемге қуат береді» деген тақырыпта өткізді. Бұл «EXPO 2017» халықаралық көрмесінің «Болашақ қуаты» тақырыбымен үндеседі. Көрме «Жасыл энергетикаға», оның ішінде биоотынның алуан түрінен қуат алуға арналған. Жарты жыл бойы Алматыдағы 15 мектеп оқушылары аз ғана уақыт ішінде екі робот құрастырып шықты. Бұл роботтардың қызметі құбырларды кішкене доптармен толтыру. Мұнда кішкене доп «биоотынды» ал құбыр «биореакторды» білдіреді.

Білім және ғылым министрінің PR жөніндегі кеңесшісі Майраш Тайкенова айтуынша, оқушылар арасындағы IITU Robocon Games жарысы дарынды жастарды анықтауға ғана емес, еліміздегі робот техникасының дамуына мүмкіндік береді. Іс-шараның өтуіне Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті (ХАТУ) және «Шеврон» компаниясы қолдау көрсетті. Аталған компанияның өкілі Лейла Айтмұханова «Әлеуметтік инвестицияларының басты мақсаты – отандастарымыздың шығармашылық әлеуетінің және білімділігінің дамуына үлес қосу. Біз жастардың техникалық біліміне және оларды Отан сүю мен өмірді жақсылыққа қарай өзгерту ынтасын тәрбиелейтін экологиялық бағдарламаларға көп көңіл бөлеміз», – дейді.

Ал жарысқа қатысушы «№5 мектеп гимназиясы» командасының капитаны, 11 «Б» сыныбының оқушысы, Семен Титов «Чемпионатта жеңу үшін бірнеше ай бойы күндіз-түні жұмыс істедік. Жеке өз басым елімізде робот техникасы бойынша осындай жарыстың болғанына ризамын. Қатысушылар саны жыл сайын өсе бергенін қалаймын», – дейді. Бірінші орын – Алматы қалалық химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебіне, екінші орын – Алматы қалалық физика-математикалық Назарбаев зияткерлік мектебіне, үшінші орын – М.Мәметова атындағы №28 лицейге бұйырды.

Ұйымдастырушылар чемпионат жеңімпаздарына 3D принтер, ноутбук пен квадрокоптер табыстады. Сондай-ақ Ақпараттық технологиялардың халықаралық университетінде оқуға грант және жеңілдіктермен марапаттады.

Медет ТҰРҒАМБАЕВ

Тұсаукесер

Қазақ сахнасындағы тұңғыш мюзикл

Моцарт! Әуеніне әлем тамсанған қайраткерді музыкасынан бөліп қарау әсте мүмкін емес. Тұлға табиғатындағы тереңдіктің сырын ұғыну үшін де рояль пернесі төгер маңғаз музыкаға мың қайтара мойын бұрып, көңіл қоярымыз хақ. Олай дейтініміз – Моцарт пен музыка бір-бірінен бөлініп, дербес қарастырылмайтын егіз ұғым, егіз тағдыр.

Міне, өнердің жазылмаған осы заңдылығын режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрқанат Жақыпбай өзінің кезекті қойылымында сәтті пайдаланған. Астаналық Жастар театрының сахнасынан көрерменіне жол тартқан «Моцарттың» өзге емес, мюзикл жанрында үн қатуы соның айғағы.

НАҒЫЗ МЮЗИКЛ

Біріншіден, бұл жерде ең әуелі режиссердің батылдығын ерекше атап өту керек. Өйткені, «Моцарт» – қазақ театр сахнасындағы кәсіби мюзикл жанрында қойылым қоюға бағытталған алғашқы нәтижелі жұмыс. Жастар театрына дейін де еліміздің бірқатар театрлары мюзиклге біршама талпыныстар жасап көрді. Тіпті біразының премьерасына да куә болғанымыз бар. Әйтсе де, қазақ театрларының актерлік кәсіби шеберлік пен вокалдық мүмкіндіктерінің ғана емес, мюзикл талаптарына сай техникалық жасақталуының да сапаға сәйкес келмеуі – әу баста мюзикл болып басталған жұмыстың соңында музыкалық спектакль деңгейінен аса алмай қалуына бірден-бір себеп болып отыр. Тіпті кейде фонограмманың көмегіне жиі жүгінер қатардағы қойылымдардың да мюзикл ретінде жанрға жіктеліп, көрерменімен солай қауышып жататын жайттар да шығармашылық үрдісте жиі ұшырасады. Осы талап тұрғысынан келгенде, еліміздегі музыкалық дәрежесі бар театрлардың өз жұмыс тәжірибесінде жүзеге асыра алмай келе жатқан олқылығын елордалық Жастар театры ұжымы дәл қазіргі таңда абыроймен еңсеріп жүр.



Иә, бұл «Моцарттың» жағдайы да, деңгейі де мүлдем басқа. Аталған мюзиклді сахнаға шығару үшін режиссердің үлкен ізденіс һәм жан-жақты дайындықпен келгені байқалады. Біз тамашалаған «Моцартта» үн мүмкіндігі де, актерлік шеберлік те және ең бастысы – техникалық тұрғыдан сапалы жасақталу бар. Соның нәтижесінде сахнадан бас-аяғы бүтін, ұлы Абайдың тілімен айтқанда, «айналаны теп-тегіс жұмыр келген» жинақы да жүйелі қойылымның куәсі болдық. Нұрқанат Жақыпбайдың «мюзикл жасасам» деген режиссерлік мақсаты жүзеге асты: көрермен көптен күткен кәсіби деңгейдегі тұңғыш мюзикл – «Моцартты» толассыз ілтипатпен қарсы алды.

«Моцарт» театр сыншыларын да бей-жай қалдырмады. Қыркүйек айында Ақтөбе қаласында өткен Қазақстан драма театрларының XXIV республикалық фестивалінде Сәния Қабдиева, Дариға Тұранқұлова, Ерлан Біләл бастаған сахна мамандарының бірауыздан қолдауына ие болып, «Үздік спектакль» номинациясында топ жарды.

Францияның қос композитор: Жан-Пьер Пило мен Оливье Шультездің әйгілі әуендері негізінде өмірге келген мюзиклге режиссер өзгеше жан бітірген. Нұрқанат Жақыпбайдың әр бояу мен детальдан өмір үнін, тірлік философиясын іздегенін сахналық сараптауынан жазбай танисыз. Қойылымдағы негізгі түс – ақ пен қара. Осы арқылы суреткер көп ой айтқысы келеді. Ақ пен қара – бірде роялдің пернелерін елестетсе, енді бірде нотаның өзіндей әсер береді. Сол секілді ақ пен қара – қиындығы мен қызығы қатар өрілген жалған дүниенің негізгі философиясына да меңзейді. Моцарт пен Сальери арасындағы негізгі қайшылық пен шиеленістің түйіткілі де осы – мына жалғанның бар мәні ақ пен қара заңдылығының аясынан өрбитінін дәлелдей түсетіндей.

Ақ пен қара философиясы арқылы режиссер өмірге де, өнерге де тән адамзаттық проблемаларды, бас ию мен көреалмаушылық қатар өрілген дәрменсіздікті, талант пен тоғышарлық бәсекеге түскен шарасыздықты, адалдық пен опасыздық қанат жайған әділеті аздау қоғамның *(дұрысы адамның)* қатыгездігі мен аярлығын әшкере қылады. Моцарт пен Сальеридің өнердегі бітіспес текетіресі арқылы шын таланттың сын мен шырғалаңға толы бұралаң жолынан сыр қозғайды. Өмір бар жерде күрестің, өнер бар жерде қызғаныштың қатар жүретін аумалы-төкпелі заңдылығынан ой тарқатады.

Нұрқанат Жақыпбай өзіне ғана тән суреткерлік сыршылдығынан бұл жолы да алыс кетпепті. Сахнадағы ноталардың ойнатылуы, аяқ пен қол саусақтарының қимылынан, әр үн мен дыбыстан, әр әрекет пен қозғалыстан эстетика іздегіш сұңғыла сезімталдығы «Моцарттың» көркемдік деңгейін жаңа белеске көтергені анық.

Актерлердің музыканы игерудегі кәсібілігі де көрерменін бей-жай қалдырмайды. Алоиза Вейбер бейнесіндегі Назерке Серікболованың, Вольфганг Моцартты кескіндеуші Шерхан Талғатұлының, Сальериді сомдап жүрген Нұрбек Әділбектің, Констанция Вейбер рөліндегі Шехназ Қазыханованың орындаушылық шеберліктері мен актерлік ізденістері бір арнада шебер тоғысып, жүрек күйсандығының көңіл пернелерін дөп басады. Назеркенің бойындағы нәзіктік, Шерханның болмысындағы шығармашылық адамдарына тән ебедейсіздік пен тазалық, Нұрбектің өшпенділік сынды адам мінезіндегі сан түрлі сезімдер өз деңгейінде ақталымды суреттелді. Розенберг рөліндегі Шыңғыс Жақыпбай мен Леопольд Моцарт бейнесіндегі Асланбек Жанұзақовтың, Фридолин Вейберді орындаушы Нұрбек Әлібектің талпыныстарын да атап өтуге тұрарлық жұмыс деп есептейміз.

Қойылымды тамашалап отырып, классикалық музыканың саф құнарына бас қойып, актерлердің жекелей де, хормен де жеткізген сезім суреттері мен үн иірімдерінен шын мәнінде жаныңыз ләззат алып, ішіңізге, жүрек түкпіріне сақтап келген бар мұң мен сырыңызға музыка, тек қана музыка дәру болады. Драмалық актерлердің музыканы дәл осылай жоғары кәсіби деңгейде игеріп, титтей де шашау шығармай, бір деммен, бір нотада орындауы – сахнагерлер еңбегіне еріксіз бас игізеді.

ЕҢБЕК, ЕҢБЕК ЖӘНЕ ЕҢБЕК

Нұрқанат Жақыпбай режиссурасының басты кредосы – еңбек, еңбек және еңбек. Маңдай тер төгілмеген, жан қиналмаған жерде таңдай қаққызар биік өнердің тумайтынын суреткер кезекті жұмысы арқылы тағы бір мәрте дәлелдеді. Театр – синтетикалық өнер десек, сол сантараптықтың бар түрін режиссер сахнада сәтті пайдаланады. Спектакльдегі декорация әдеттегі біз көріп жүрген қабырғаға салынған сурет немесе ілінген бұйым емес, сахнадағы оқиғаның барлығы актерлердің әрекетімен тікелей астасып жатады. Ол – Париж төріндегі данқ шыңы, ол – Моцарт пен Сальери арасындағы қақтығыс, ол – кейіпкер жүрегінен орын алған өмірге деген іңкәрлік пен жек көру, тамсану мен қызғану, табыну мен безіну, ұнату мен ұмыту, сағыну мен жеріну – барлығы-барлығы сахнада өнер көрсетіп жүрген 50-ге тарта актердің бір деммен шыққан жүрек лүпілімен қатарласа өмір сүреді, бірге қозғалады. Кейде, тіпті сөз жеткізе алмас сезім күйлерін музыка мен пластиканың мүмкіндігі арқылы әдеттегіден де әсерлі жеткізеді. Режиссер актерлік орындаудан бөлек, кәстөм мен сценографиялық шешімді де би мен музыка, қимыл мен қисын арқылы тұтасымен жанды әрекетке құрады. Ән айта жүріп би билеу, би билей жүріп тіл қату, кейіпкер кейпіне ену, актерлік сараптау және соның барлығын ішкі ентігін мен шаршауынды білдірмей бір демде көрерменге жеткізу – актерлерден үлкен еңбекпен қатар табандылықты да талап еткені анық. Әр актердің әсерлі қойылымның бөлінбес бөлшегі ретінде тұтас бір ағза болып тер төккендігінің нәтижесі болса керек, мюзикл, жалпылай алғанда, бөлінбейтін біртұтастыққа қол жеткізген. Әр көріністен, әр мизансценадан өлі орындауды емес, тірі тіл қатуды көресіз. Өнер иелерінің қимылы арқылы олардың жан жүрегінің лүпілі, ішкі сезімі көрермен залына тікелей беріліп тұрады. Сахнадан тараған сол риясыз сезім залдағы отырған көрермен – Сізді де айналып өтпейді. Керісінше, көңілге берік бекіп, іштей сахнамен, актерлермен етене байланыс орнатып, өз қабылдауыңызға сай сырласуға, мұңдасуға мүмкіндік аласыз.

Иә, біз көрген «Моцартта» өлі тыныштыққа титтей де орын жоқ. Сахнада барлығы қарбалас, қызу тіршілік қайнап жатады. Әсерлі әуенмен сәтті қабысқан пластикалық қимыл, колоритті би, драмаға толы шиеленіс, сезімге толы көңіл-күй – барлығы-барлығы еш жасандылықсыз өмірдің өзіндей көңілінізге қона кетеді, санаулы сағат ішінде өмірінізге айналып шыға келеді. Қойылым сонысымен де қабылдауыңызға жақын, сезінуінізге сергек. Бастысы, спектакльде зиялылық бар, Моцарт музыкасының табиғатына сай тектілік пен ақсүйектіктің лебі еседі. Тек кеудеңіздегі сырсандығыңызды ашық қалдырыңыз! «Моцарт» сөйлейді... Музыка жырлайды...

Назерке ЖҰМАБАЙ,
Астана

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрқанат ЖАҚЫПБАЙ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қойылым режиссері:

– Елімізде 50-ден аса театр бар. Сол театрлардың репертуарларында жүріп жатқан пьесаларды біз де қоямыз. Бірақ біз ұжымның мүмкіндігіне сай, оған бөлек бағыт, өзгеше үнмен келеміз. Болашағымыз жастар болған соң, кез келген туындыны, тіпті классикалық шығарманы да сол жастарға арнап көркемдеп, жаңашыл бағытта қоюға тырысып жатырмыз. Керемет жаңалық аштық деп есептемейміз. Жастардың талғамына сай, солардың тілінде, көпсөзділіктен гөрі, оқиғаны әрекетке көбірек құрып, музыка мен пластикаға басымдық беріп жұмыс істеу үстіндеміз. Өйткені, адамда намыс деген бар. Әсіресе, қазақ – намысшыл халық. Қазіргі компьютермен өсіп келе жатқан жастар «менің елімде неге Мәскеудегідей, болмаса Еуропаның алуан бағыттағы театрларындай сан қырлы театр жоқ?, Бродвей театрының спектакльдеріндей қойылымды мен неге өз елімнен тамашалай алмаймын?» деп намыстан басыншы, әлемнен іздейтін ерекшелікті өз елінен, ұлттық өнерінен тапсыншы деген ой әр қойылымды қойған сайын менің көкейімде тұрады. Әрине, біз қанша ұмтылғанымызбен, еуропалық, мәскеулік театрларға жете алмаймыз, әлемдік классиканы сахналап шетелдік болып кете алмайтынымыз және ақиқат. Қойылымдарымыздан бәрібір қазақтың исі аңқып тұрады. Алайда біздің діттегеніміз – дүниежүзілік театр мәдениетінен, тәжірибеден өзімізге, қазаққа керек дүниені алып, көрерменімізге ұсыну. Мәселен, қазір сахнада ақыл айтқанды ешкім тыңдағысы келмейді. Ақыл айтудың дәуірі өткен. Қазір соңғы сөзді көрерменнің өзіне қалдыру керек. Өзі ойланып, түйінін өзінің түсінік-танымына қарай көрермен өзі шешеді. Біздің ұстанған бағытымыз да – осы.

Өнер

Ұлттық мұрамызды ұлықтау мақсатында ежелден келе жатқан көне аспаптарды насихаттауға мемлекеттік деңгейде көңіл бөлініп, жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Нәтижесінде кезінде ескіліктің сарқыншағы ретінде саналып, жойылып кету қаупі де туған кейбір ұлттық аспаптарымыз бүгінде қайта қолданысқа ене бастады.

«Жез киік»

Осы орайда Тараз қалалық мәдениет үйінде III республикалық Ықылас Дүкенұлы атындағы «Жез киік» қобызшылар байқауы өтті. Облыс әкімдігі мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы облыстық халық шығармашылығы орталығының және де Сарысу ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен ауқымды шараға еліміздің барлық аймағынан қобызшылар қатысты. Айта кеткеніміз жөн, байқауға қатысушылардың басым бөлігі музыкалық колледж, жоғары оқу орындарының студенттері екен. Мұның өзі жастардың да ұлттық аспаптарымызға ерекше қызығушылық танытып жүргендігінің дәлелі.

Ең алдымен конкурстың ұйымдастырушыларымен, қазылар алқасының мүшелерімен баспасөз мәслихаты өтті. Баспасөз жиынын ашып, жүргізіп отырған облыс әкімдігі мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Дүйсенәлі Бықыбаев кезекті рет өткізіліп отырған республикалық конкурстың маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ басқарма басшысы өз сөзінде халқымызбен бірге жасасып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды насихаттау мақсатында басқарма тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, алдағы жоспарларымен бөлісті. Бұдан кейін сөз алған қазылар алқасының төрағасы, қобызшы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлқуат Қазақбаев төрт мың жылдан аса тарихы бар қобыз аспабын бүгінгі күнге дейін жеткізуші ұлттық өнердің шын жанашырлары туралы кеңінен әңгіме өрбітті. Ал Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Раушан Мұсақожаева қырықтан асып жығылатын қазақтың ұлттық саз аспаптарының өткені, бүгіні мен келешегі туралы ой қозғады. Келесі кезекте сөз алған қобызшы-композитор, Ықылас Дүкенұлының шөпшегі, Х.Досмұхамбетов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Музыка және өнер» кафедрасының меңгерушісі Ақнар Шәріпбаева дәулескер күйшінің артында қалған өшпестей мұраларының құндылығын баса айтып, Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі қобызшылардың басын қосқан «Жез киік» конкурсын ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді. Сонымен қатар шара барысында сөз алған ұлы күйшінің тікелей ұрпағы Гүлнар Есмаханова қалалық мәдениет үйін Ықылас Дүкенұлының атымен атау туралы ұсынысын жеткізді.

Ал республикалық деңгейде ұйымдастырылған ауқымды шара бастау алмастан бұрын жиылған көпшілік қалалық мәдениет үйінің алдында орналасқан Ықылас Дүкенұлының ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, баба рухына тағзым етті. Сондай-ақ мәдениет үйінің фойесінде Ақнар Шәріпбаеваның жиырмаға жуық шығармалары топтастырылған «Ақнар» және «Елдің Ықыласы» атты ән жинақтарының тұсаукесер рәсімі өтті.

Конкурстың ашылу салтанатында сөз алған облыс әкімінің бірінші орынбасары Бекболат Орынбеков қазақтың күйшілік өнерінде Ықылас Дүкенұлының орнын ешкім баса алмайтынын, күйшінің теңдессіз мұралары қазақ халқымен бірге жасай беретіндігін айтып өтті. Сонымен қатар Сарысу ауданы әкімінің орынбасары Динара Асанова мен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Құдайберді Әбілов барлық қатысушыларға сәттілік тілеп, саңлақ күйшінің немере келіні Алтын апаның ығына камзол жауып, сый-құрмет көрсетті.

Конкурсты Ақнар Шәріпбаева Ықылас Дүкенұлының көркемдігі жағынан шоқтығы биік шығармаларының бірі болып саналатын «Аққу» күйімен ашып берді. Ал рет-ретімен сахнаға көтерілген қонкурсқа қатысушы қобызшылар Ықылас Дүкенұлының, сондай-ақ қазақ өнерінің бастауында үркердей аз ғана топ ішінен айрықша табиғи талант-дарынымен жарқырап көрінген қобызшылар Дәулет Мықтыбаев пен Жаппас Қаламбаевтың қобызға арналып жазылған күйлерін орындады. Өнерпаздар бабадан қалған бағзы өнерді дәріптеуде барын салды. Қобызшылар күй өнерінің қайталанбас тұлғаларының туындыларын толғап, тыңдарманды терең ойға жетеледі. Көрермендер жүрек қылын шертетін, тал бойынды ерітетін қобыздың қоңыр үніне еріксіз елітіп, ерекше тәнті болды.

Күн ұзаққа созылған шарада қазылар алқасының шешімімен облысымыздың атынан сынға түскен Алмаз Балтабаев бас жүлдені жеңіп алды. Ал «Прима-қобыз» номинациясы бойынша I орынды астаналық Инабат Әбекенова мен алматылық Фариза Амантаевалар иеленсе, II орын алматылық Арайлым Қисярова мен Индира Жандашоваға бұйырды. Жүлделі III орынды алматылық Әділхан Ақжол, Назерке Қалмен, астаналық Аяулым Қапияттар өзара бөлісті. Сонымен қатар «Қобыз» номинациясы бойынша елордалық Фариза Көшеғұлова I орынға лайық деп танылса, II орынға алматылық Аятолла Тұрғанов пен Солтүстік Қазақстан облысының атынан сынға түскен Жәмилә Мустафина қол жеткізді. Сондай-ақ алматылық Гулсая Магазова мен астаналық Салтанат Панзаева III орынды еншіледі. Бірқатар қатысушылар арнайы номинациялармен марапатталды. Жерлесіміз Ақмарал Нұрланқызы «Жез киік», атыраулық Самал Қуанышқалиева «Аққу», алматылық Әсен Смаил «Үкілі Үміт» арнайы аталымдары бойынша марапатталып, оларға арнайы сыйлықтар табыс етілді.

Дәулет ТӨЛЕНДІ,
Жамбыл облысы

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Ару Ана

Мұхаңның алманатымен

Қазіргі ага буын өкілдеріне: «Сонау Кеңес дәуірі тұсындағы өз ұлтымыздан шыққан ең білімді министрді атап беріңізші!» деп тосын сауал тастаса кімді айтар еді? Ай, қайдам, мұндайда, тіпті сол ескі Үкімет мүшелерінің кескіндерінің өзі еске түсе қоймас-ау. Өйткені онда Министрлер Кабинетінің жұмысы қазіргідей көз алдымызда атқарылмайтын. Ал бүгін Үкіметіміздің көпшілік тірлігін күнде теледидардан көріп, ана министр алай деді, мынау былай деп жатыр деп әңгіме қылып отырамыз. Ал жоғарыдағы сұрақты сәл өзгертіп, «Онда сол кездегі ең көрікті министрді атаңызшы!» десе не дер едіңіз?..

Бұл «жұмбақтың» жауабы – Мүсілім Базарбаев. Өзі мемлекет қайраткері, өзі ғылым докторы және жазушы. Кезінде Ғылым Академиясының Әдебиет пен өнер институтын да басқарған адам. Бастапқыда республиканың Мәдениет министрі қызметінде болды, кейінірек Сырттқы істер министрлігіне жетекшілік етті. Және ол «Қазақ кәне?» десе, «Міне!» деп мақтана көрсететіндей өте келбетті кісі еді. Қысқасы, көркіне бөркі сай. *(Ал біздің бүйрегіміздің бұрыңқырайтыны, Мәкең ҚазМУ-дың журналистика факультетінің түлегі еді де, аталған жоғары лауазымды қызметтеріне кәдімгі «Лениншіл жастың» тілшісі қатарынан көтерілген екен).*

Алғашқыда сонау Сыр өңірі жағынан Алматыға арман арқалап келген жиырма жасар жігіт қаланың орысша оқыған Гүлбараштай сұлуының жүрегін дүрсіл қақтырғаны да анық. Бірақ мұны, тәкаппар мінезінен әлі де қайта қоймаған Гүлбараш Байтоғаева апайымыз ашық мойындамаса да, Мүсекеңмен қалайша танысып, қалайша табысқаны туралы жәйттерді жасырмайды:

– Онда ҚазМУ-дің филология факультетінде оқимын. Сегізінші кластан кейін осы оқу орнының жанындағы төрт айлық даярлық курсты түгесіп, студент атанған кезіміз. *(Апай Алматыда өскеніммен, төркінім – Түркістан дейді)*. Жатақханамыз қазіргі «Никольский» базарының түбінде. Ығы-жығы, мидай араласқан кілең жастар ғой. Кешке қарай би болып жатады. Оған бара қоймағанмен, анда-санда әркіммен билеп жүрген Мүсілімді байқап қалушы ем. Кейін өзі айтты, ол да мені көріпті. Лекциядан шыға сала мектеп оқушылары секілді бір-бірімізді қуалап, алыса жөнелетініміз ересек студенттерге ұнамайтын көрінеді. Сондықтан, «Өй, шуылдаған өңкей бір инкубаторские!» деп ат та қойып алыпты бізге. О кезде, қыз да болсам, басыма төбетей киіп жүретін мәнерім бар еді. Мені есте қалдыратындай тағы бір көрініс осы болуы да мүмкін. Төрт орыс қызымен бірге тұрамын. Арада біраз өткен соң Мүсілім бастаған екі-үш жігіт біздің бөлмеге келгіштей бастады. Олар дуылдасып шай ішіп, күлкілі әңгімелерін айтып кеткеннен кейін көрші қыздар: «Ішіндегі ең әдемісі де, естісі де әне бір жігіт сияқты. Саған сол лайық» деп сыбырлайтын. Шынында, өзім де теріс көрмейтінмін. Біз оқуды аяқтайтын 1948-де Жаңа жыл мерекесін әлгі жігіттермен бірге біздің бөлмеде қарсы алдық. Осыдан бастап жақын таныстық десе болады. О кезде Мүсілім қызметке орналасқан. Мен де ұзамай, дипломды үздік қорғадым. Жетекшім – Мұхтар Әуезов. Араға бір жыл салып Ғылым Академиясына жұмысқа келдім. «Лениншіл жаста» жүрген Мүсілім аспирантураға түсті. 1950-ші жылы үйлендік қой...

Кейін замандастары да жазғанындай, Мүсекең біртоға мінезімен, доска да, жарға да адалдығымен ерекешеленген адам. Әйтсе де, «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» демекші, бастапқыда осынау аса ізденімпаз, зерек, парасатты жігіт талай арудың көңілін өрекпітсе керек. Мұндай жағдай, әрине, үйдегі жас келіншегінің де мазасын кетіріп бағады.

– Сонадайдан көз тартатыны рас. Әлгі қасымдағы орыс қыздары да әу бастан-ақ: «жігітің сағаң қарағанда әдемірек» деуші еді. Ал менің өзім туралы пікірім жоғары. Құрбыларыммен келіспей, қызарандап қаламын. Түріме қарамай, өркөкірекпін. Ол – ауылдың қарапайым баласы. Мен болсам қаланың қызымын дегендей. Бірақ бәрібір, тартымды екені көрініп тұр ғой. Сайтан қыздардың көп төңіректейтіні содан. Кейін үйленген соң да қоймай жағалады антұрғандар! *(Күледі)*. Жас кезімде оңай болған жоқ. Керісіп қаламыз. Қатты-қатты әңгімелер кетеді. Сонда айтатын: «Менің жазығым не, өз бетімше тырбанып жұмыс істеп жүрген адаммын. Елмен араласпаймын ба?! Бәрібір бірінші орында отбасым тұрады. Көрінгеннен қызғанбасайшы!» деп. 1964 жылы екі қызымызды алып Ыстықкөлде дем алдық. Орналасқан үйіміздің екінші басына Шара Жиенқұлова жайғасты. О кісі де баласымен келіпті. Шара апайды кішкентайымнан білем. Жасымда биге баулыған. Кешкісін демалыс орнында да би болады. Ынғайы келгенде Мүсілімге еріп бірге барамын. Кейде балаларға қарап шыға алмай да қаласың. Сондайда күйеуінді терезенің сыртынан қағынған бір қыздар ысқырып шақырып тұрса, қалай шыдамақсың! Бір күні мен оны жібермей, екеуміз ұрысып жатқан көрінеміз. Соны байқап қалған Шара апай мені ымдап, оңаша шақырып алып: «Гүлбараш, сен қызықсың, барса – барсын. Нең кетеді. Келесі жолы сен барасың. Алтындай мына екі аппақ қыз бен сен тұрғанда бұл қайда ұзар дейсің. Ұсақ болма. Титтей нәрсе үшін араларың ашылады. Сөйт!» деді. Басылдым. Сөзі көңіліме қонды. Кейбір жеңгелерім де: «Майда-шүйдеге мән берме. Ең алдымен үй мен бала-шағаны ұстайтын – Әйел, Ана. Сондықтан, кішкене ұстамды болған жөн» дейтін. Келе-келе түсіндік қой көп жағдайды. Ұрыс-керісті азайттық. Анығында, Мүсекең өте әділетті, адал адам болатын. Мінезі қолайлы. Бетімнен қағып көрген емес. Ал әлгіндей әңгімелерді шығаратын көбіне мен едім...

Гүлбараш Ізбасқанқызы – орыс тілі мен әдебиетінің маманы. Сол себептен де әлем әдебиеті тарихын жақсы біледі; оның ішінде әйгілі ақын-жазушылардың қызықты отбасылық өмірлерінен хабардар. Бәлкім, осыған да байланысты болар, кезінде Гүлекең құрастырған «Мүсілім Базарбаев туралы естеліктер» жинағы өте тартымды шыққан-ды. Сондай-ақ Гүлбараш Байтоғаеваның бертінде жарық көрген «Біз және біздің замандастар» кітабы да оқырманын шынайылығымен, бүкпесіздігімен бауырған. Мұнда Базарбаевтар үйелменінің әр тұстардағы қазақтың айтулы тұлғаларымен ара-қатынасы баяндалады. Жалпы, қарап отырсақ, Мүсілім өмірінде көбінесе атақты Мұхтар Әуезовтің айрықша орын алғанын байқаймыз.

– Мұхаң Мүсілімді өзіне өте жақын ұстады. Жиі шақыратын. Түрлі тапсырмаларын беріп жатады. Ғылыми мақалалар жаздырады. Фрунзе, Ташкент, Мәскеуде өтіп жататын конференцияларға да бірге алып барып жүрді. Бірде сен ендігіде үйге Гүлбарашты қоса ертіп кел деген екен. Алғаш рет қазақтың кіл ығай-сығайымен табақтас болудың сәті түскені бар. Бір мезгілде Мұхтар аға мені тұрғызып: «Кәне, Гүлбараш, ендігі сөзді сен айт! Алдыда қорғағалы жүрген диссертацияңа дайындық болсын. Мына отырған академиктер мен жазушылардың алдында жасқанбай бір көсіл!» дегені. Күтпеген жерден не дерімді білмей тізем дірілдеп бір мезет тұрып қалдым да, Мұхаңның қызы Ләйланың тұрмысқа шығып, осы үйде жолдасымен бірге тұрып жатқаны есіме түсті. Сосын: «Бұл тосты үлкен шаңырақтағы шағын отаудың бақыты үшін көтерулеріңізді өтінемін!» дедім. Меймандар да, Мұхаң да дуылдап мәз болып қалды. Мұхтар аға: «Сенің қысылтаяңда жол тауып кететін алғырлығыңды білем ғой!» деп арқамнан қағып жатыр.

Елдік мүддені көбірек діттеген Мұхтар Әуезовтің қазақ қоғамындағы Әйел рөліне зор мән бергені мәлім.

– Мұхаңның, әсіресе, үлкен халықтық мұраттар бағытында Қазақ қызы атқаратын міндеттерге жіті қарағанын келе-келе пайымдадым. Бұ кісінің үйіне екінші мәрте 1960 жылы жазушы ұзақ бір жолсапардан келгенде бардық-ау деймін. Со жолы Жапон елінің әдебиеті, мәдениеті, әдет-ғұрпы туралы толғанғаны есімде. Көбінесе, жапон әйелдері жөнінде әңгімелеп, олардың, расында да, әлем танығанындай, аса инабатты, нәзік, әдепті болып саналатыны орынды екеніне тоқталды. Бірақ Мұхаңның, сөйте тұра, бұлар бәрібір Еуропаға да, басқа да құрлық елдеріне онша таныс емес қазақ әйеліне ешбір жете алмайды; қазақ қыздары олардан қай жағынан да асып түседі дегенін ұмытпаппын. Мұхтар аға сөзінің шындығына 1982 жылы Жапонияға барғанымда көзім жетті. Жапон қыздары біздің аруларға қарағанда майда келеді екен. Араларынан қазақ қыздары секілді сүмбіл шашы иығынан төгіліп, маңдайлары жарқырап, көздері жайнап тұратын сұңғақ бойлы сұлуларды көре алмадым...

Басты мәселенің, әрине, тек сырт келбетте ғана емес екені де түсінікті. Сол себептен Мұхаң ең алдымен ұл-қыздардың моральдық-адамгершілік тұрғыда биіктен көрініп, ақыл-парасаты мол, білімді болуына ден қойған.

– Иә, дана ағамыз ару аналарымыздың батырлар мен билердің асыл жары, ақылгөйі ғана болып қоймай, олармен бірге жауға шауып, ел намысын қорғағанын мақтана әңгімелеуші еді. Ұлттың озық қасиеттері қанына сіңген қазақ сұлуларының әр алуан тұрмыстық жәйттерді де, кез келген тілді де тез меңгеріп кететіні бағытында көптеген мысалдар келтіретін. Жастау кезінде Ленинградта оқып жүргенде бір жолдасының ауылдан келген келіншегі жылға жетпей жан-жақты өсіп-жетіліп, өзін-өзі ұстау, киім кию тұрғысында нағыз «леди» болып шыққанын айтып тамсанғаны бар. Қазақ халқы басқа Шығыс елдеріне қарағанда қыз балаларын аса қадірлеп, еркін өсірген деп отырушы еді. Ерлермен қатар найза ұстаған өжет қыздарды тек тарихтан ғана білсек, енді сондай ерлік үлгісін көрсеткен Мәншүк пен Әлиядай қыздар Шығыстың қай елінде бар, айтыңдаршы кәне, деп шабыттанатын. Сондай-ақ қазақ бойжеткен қыздарын тек өз теңіне, сүйгеніне қосқан; ал кейіннен пайда болған қалыңмал деген дәстүр, негізінен, қазаққа тән емес дейтін-ді.

Мұхтар Әуезов Гүлбараш Ізбасқанқызының да өміріне айтарлықтай ықпал еткен көрінеді. Гүлбарашты да қызындай көріп, әр кез ақыл-кеңес беріп отырған.

– 1959 жылы ҚазГУ-де жұмыс істеп жүріп, кандидаттық диссертациямды қорғадым. Бір күні Мұхтар аға ұшырасып қалды да, хал-жағдай сұраған соң: «Негізі, бұл жерде сенен басқа да оқытушылар баршылық қой. Сенің нағыз орның – Қыздар педагогикалық институты. Мені тыңдасаң, сонда бар. Апаға қарап сіңлі өсер дегендей, ауылдан келген қазақ қыздарын жоғары мәдениеттілікке, зайырлылыққа тәрбиелеу керек. Оларға дәл сендей ұстаздар қажет. Мен қоғамдық негізде өзім-ақ барып сабақ берер едім. Әттең, уақытым тапшы!» деді. Дәл сол сәт кемеңгер ғалым сөзінің мәнін терең ұқпасам да, ұстаз аманатын екі етпей, келесі оқу жылында ЖенПИ-ге ауыстым. Әуелден университетте өз кафедрасына таңдап алған Семен Махмудов менің кеткелі жатқанымды естіп: «Ой, сенің басың жұмыс істемейді екен ғой, – деп қатты налыды. – Есі түзу адам ҚазГУ-ді тастап ЖенПИ-ге бара ма?!». Ешбір ренішке көңіл аударғам жоқ. Ал Мұхаң ақылының дұрыстығын арада біраз жыл өткенде барып түсіне бастағандай болдым. Өзімнен дәріс алған жүздеген қыздың: «Біз сізге қарап бойымызды да, ойымызды да түзедік» деген сөзін естіген сәтте «е-е, солай екен-ау!» деп іштей қатты толқығаным бар.

«Отбасы – шағын мемлекет» десек, Мұхтар аға, расында да, қастерлі елдік мүдделердің әрбір ошақ жарасымынан, қыз тәрбиесінен басталатынын жақсы түйсінген. Бұл тұрғыда зиялылардың, оның ішінде ақын-жазушылардың әйелдері атқаратын міндет жеңіл емес. Мұндай ретте алдыңғы лектегі қаламгерлердің қайсының зайыбын үлгі тұтуға болар еді? Сөз арасында Гүлекеңнен осыны сұрадық.

Гүлбараш Байтоғаева. 1955 жыл

– Алаш арыстарын немесе әйгілі алыптар тобының қай-қайсын алсаңыз да, олардың сүйген жарларының биік тұлғалар екенін аңдайсыз. Мұндайда алдымен кешегі Сәбит Мұқанов ақсақалдың үйіндегі Мәриям апай еске түседі. Керемет бәйбіше. Көсем десе артық емес. Күйеуімен бірге жүріп, бірге тұрған. Одан соң Ғабеңнің алғашқы қосағы Хұсни апайдың әсері де өте жағымды еді. Кескін-келбеті де ерекше. Бұ кісімен көп араласудың сәті түспеді. Дегенмен, ер-азаматын күтуі, дастарқан ұстауы жағынан өнеге тұттық. Мәриям апайдың «Киімді иіс су сеуіп өтектеуді Хұснидан көрдім!» деп жазғаны да бар. Ғабит ағаның атақты «Ұлпан» романының жазылуында кейінгі әйелі Ғазиза апай көп еңбек сіңірген деп естиміз. О кезде Ғабеңнің көзі нашарлаған тұс. Ғазекең туралы кейінде әртүрлі сөздер айтылады, бірақ Ғабеңді баладай күткені анық. Бұ кісінің қалт еткенде жазушының екінші зайыбы Раисадан туған жас қыздарын шомылдырып жататынын да байқап, ішім жылитын еді. Ақын-жазушыға жар болу оңай емес. Олардың әрқайсысы бір-бір әлем. Жан дүниесінде қаншама кереғар құбылыстар сапырылысып жатады. Еркіндікке құмар. Атағы дүркіреген кейбір қаламгер ағаларымыздың әйелдері: «Ойбай, мұның көрсетпегені аз ғой. Жасыратыны не. Мынау бертінде ғана адам болған түрі!» деп ағынан жарылғанын білемін. Қазақ арасында жұбайларының абыройын асырған небір аяулы жарлар бар. Жұбан Молдағалиевтың Софиясы, Ғафудың Бәдеші сияқты әйелдер сондай асылдар қатарына қосылады.

Қаламынан елдік мұраттарға қатысты талай сұбелі кітаптар туған Мүсілім Базарбаев та Мұхтар ағасы секілді өз маңайына көкейі сәулелі жастарды шоғырландырған кісі. Бүгінде Мүсекеңнің үміт күткен біраз шәкірті халық келешегі бағытында лайықты тер төгіп, биіктен көрініп жүр. Мүсілім өзінің көз қарашығындай екі қызын да жастайларынан ат спортына, мылтық ату өнеріне баулып, ғылым-білімге бейімдеген екен. Жаннат қазір – ірі биолог ғалым, профессор. Зейнеп – тілдер маманы. Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті.

– Мүсекеңнің күтпеген жерден кетіп қалғаны әлі қамықтырады. Сол жолы Солженицын дегеннің Қазақ елінің батыс, солтүстік облыстарын түгелдей Ресей құрамына беру туралы сандырақ сөзі халықпен бірге Мүсілімді де қатты күйіндірді. Осыған орай қазақ зиялыларының алқалы жиыны өтіп, қызу сөз сөйлеген оған жиналыс атынан арандатушыға қарсы хат жазу тапсырылыпты. Өте намысқой, керемет ұлтшыл адам еді ғой. Жиыннан келген соң «мұндай да басыну болады екен-ау!» деп аласапыран күйге түсіп, түннің бір уағына дейін отырып «Комсомольская правда» газетіне мақала жазды. Өрт сөндіргендей түрін көріп, іштей шошынған едім. Айтқандай-ақ, таңертеңіне инфаркт болды. Амал не...

Құлтөлеу МҰҚАШ



Қазақстанның ғалымдары мен жазушылары Семей өңірінде. Ғабит Мүсірепов, Мүсілім Базарбаев, Серік Қирабаев, Зейнолла Серіққалиев, Медеу Сәрсеке, т.б. махаббат символына айналған «Еңлік – Кебек» ескерткішіне тағзым етуде.

*СӨЗСЫРҒА

ӘУЕСТІК

Мүсілім Базарбаев қол боста фотосуретшілікпен айналысқан. Оның альбомдарынан отбасылық көріністерден өзге қазақтың көрнекті тұлғаларының бейнелерін, табиғаттың тосын кескіндерін байқауға болады. Және Мүсекең көптеген қаламгер әріптестері секілді тастаяқ ойынына құмартқан. Сол кездегі үй-жайы Қазақстан Жазушылар одағы ғимаратына жақын орналасқандықтан, қалт етсе сондағы бильярд үстелі маңайынан табылатын әдеті болған. Бір күні үйге алыстан ат арытып сыйлы меймандар келіп қалса керек, Гүлбараш соңынан одаққа іздеп барса, жолдасы атақты Бауыржан Момышұлы ағасымен бірге тақтаны айналып, ойын көрігін қыздырып жүр екен. Сонда Гүлбарашты байқаған Баукең жағдайды түсіне қалып, бір жағынан, Мүсілімнің шыққан тегін, кескіні мен мансабын әм әуестігін меңзеп және келінінің көңілін аулап:

– Базарбайұлы «Төлеген» –
Ерте туған көбеген.
Келіннен рұқсат сұрамай,
Бильярдқа жөнеген! –

деп табан астында бір шумақ өлең шығарып жіберіпті.

ҰЛТ
ЖҚ
11
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Тағылым

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ және НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

(Басы 1-бетте)

Мейрамның 1926 жылға дейін қазақ жерінде тойланып келгені, арада алпыс екі жыл өткен соң қайта аталып өте бастағаны айтылып та, жазылып та жүр. Алайда ілгері заманда да Наурызды үнемі өз деңгейінде мерекелеудің мүмкіндігі бола бермеген сияқты. Елдің басында түскен әртүрлі ахуал, халықтың әралуан көңіл-күйі той тойлаудан аулақтатқаны белгілі. Оның үстіне қалың бұқараны бодандықта ұстаған өктем жұрт өз бағыныштыларын ата салтынан, байырғы дәстүрінен ажыратуға тырысып бақты. Сөйтіп, «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді екен. Бұл күнде бұл сөз құрбан айтында айтылады», – деп ұлы Абайдың өзі мән берген ұлыс мерекесі талай теперішті бастан кешті.

Наурыздың ықылым заманнан бері келе жатқан ұғым екені, әр дәуірде сипаты біршама өзгеріп отырғаны туралы деректер жеткілікті. Оның атауы ең көне деген рухани құндылықтарымызда да ұшырасады. Бұл – айтулы мейрамның ғұмырының ұзақтығының дәлелі. Мысалы, қазақ күнтізбесін егжей-тегжейлі зерттеген Мыңбай Ысқақов «наурыз» сөзінің ежелден қазақ тұрмысына сіңіп кеткенін айта келіп, ертеден келе жатқан дастандардың бірі – «Қобыланды батыр» жырының мынадай үзіндісін ұсынады:

Қаз жайлауын саз деймін,
Наурыздан соң жаз деймін.
.....
Көлден ұшқан қаздаймын,
Наурыздан соңғы жаздаймын.

Осының өзі де бүкіл түркі халықтарына ортақ Наурыздың талайғы тарихы жөнінде бірқатар тұжырым жасауға жетелейді.

Ұлттың жоғын жоқтап, мұнын мұндаған «Қазақ» газеті де ұлыстың ұлы күнін әркез естен шығарған жоқ. Басылым жыл сайын мүмкіндігіне қарай наурыз айының басында қалың

елге сәлем жолдап, газет арқылы көрісіп, танымдық мәлімет беріп тұрды. Алаш жұртына кең танымал газет шығарушылар мен авторлар халықтық ұғыммен астасып кеткен бұл мейрамға баса маңыз берді. Ұлыстың ұлы күнін барша жұртқа кеңінен насихаттай отырып, мерекенің түрлі себеппен еленбей қалып жүргенін де еске салып қоюды ұмытпады. Сол арқылы оны ұлт зердесінен шығармау қажеттігін әбден санаға сіңірді. «Қазақ» газеті алғаш шыққан 1913 жылғы наурыз айындағы басқарма атынан берілген мақалада былай делінеді: «Наурыз – қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде әр елде Наурыз туғанда мейрам қылып, бас асып, қазан-қазан көже істеп, ауылдан-ауылға, үйден-үйге жүріп, кәрі-жас, қатын қалаш, бәрі де мәз болып көрісіп, араласып қалушы еді». Осыған қарап ұлттық ұйысуына ұйтқы болған сол кезеңде де ұлыс күнін мерекелеу дәстүрі өз деңгейінде бола қоймағанын аңғарамыз. «Қазақты» шығарушылар соны еске сала отырып, Наурыздың танымдық маңызын арттыра түсуді мақсат еткен. Мерекенің нақты күнін белгілеу мәселесін жолға қойып, ескі жыл қайыру бойынша 9 наурызда бастауды ел зердесіне жаттатуды көздейді. Осылайша дәлдей түсудің өзіндік себептері де жоқ емес. «Бұл кезде ол ұғрып, қазақ арасында қалып бара жатқан секілді, наурыздың қай айда, ай күні болуы хақында әр түрлі сөйленеді. Біреулер Наурыз марттың бірінде, екіншілер тоғызында келеді деседі, һәр жұрттың белгісі, күнде жаңа жыл туады, ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «іс жаңа жылда қайырлы болсын, жаңа бақыт нәсіп болсын», – деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып, шаттықпен өткізеді», – делінеді аталған мақалада.

Осыған орай «Қазақтың» 1914 жылғы 9 наурыздағы 53-нөмірінде «Қыр баласы» деген бүркеншек атпен «Жаңа жыл» деген мақала жазған Әлихан Бөкейхан да өз пікірін білдіреді. Ол Наурыздың нақ осы күні басталуының себебін ғылыми негіздеп түсіндіреді. Мәселенің түп-төркініне үңіліп, бірқатар тарихи деректерді алға тартады. Алаш қайраткерінің тұжырымы «Біздің қазақ жаңа жылы мартта болғаны адасқан емес. Жаңа жыл мартта болса, күн мен түн тең болғаннан бастау керек. Ескі стильде бұл күн 9-ыншы март болады», – деп түйінделеді. Әлихан осы мақаласында ескі күнтізбе мен жаңа күнтізбенің айырмашылығын да талдап ұғындырады. XIX ғасырда екі стильдің арасы 12 тәулікті қамтығанын, бұрынғы 7 наурыздың Еуропада 19 наурызға сәйкес келетінін, XX ғасырда жаңа стиль жүйесі бойынша кем дегенде бір тәулік қосылатынын, сондықтан екі стильдің арасы 13 күн болатынын айтады.

Ұлыстың ұлы күнінің наурыздың 9-ында аталатынын негіздеу тек мұнымен ғана шектелмейді. Газеттің осы мейрамға қатысты мақалаларының бәрінде де бұл мәселе қозғалмай қалмайды. «9-ыншы мартта түн мен күн теңеледі. Содан кейін күн ұзарып, жылы бола бастайды. Күн жылыға айналғаны – жазға айналғаны. Сондықтан 9-ыншы март жаз басы болып табылады... Сол тоқсанның басы 9-ыншы март болғандықтан, бұл күн «Наурыз», яғни «жаңа күн» деп аталады», – делінеді «Наурыз құтты болсын!» деген мақалада. «Қазақ» газеті осы арқылы Наурызды, одан басқа да рухани құндылықтарды жоқтаушының ролін атқарады.

Әлихан мен Ахмет сынды кемеңгер көшбастаушылары бола тұра, ұлттың бас басылымы қашанда елмен ақылдасып, ойласып отыру дәстүрінен айныған емес. Газет басқармасы өз ұстанымдарын баяндай келіп, мәселені халықтың талқыға салуын сұрайды. Оқырмандардан ойлы пікір, ұтымды ұсыныс күтеді. «Осы туралы білетін адамдар «Қазаққа» жазса екен, біздің Жаңа жыл – Наурыз анық жылдың қай айында һәм қай күнде басталады? Біз оқушыларымызды Жаңа жылмен құттықтауға Наурыздың анық қай күні туатынын біле алмадық, ғафу өтінеміз», – деп басылымның оқушыларына ой тастайды, пайдалы кеңес қосуын өтінеді. Белгілі бір маңызды тақырыптың төңірегінде оқырманмен ой бөлісу – «Қазақтың» негізгі ұстанымы. Сөйтіп, олардың баспасөзге ықыласын арттырады, газеттің шын мәнінде халықтың «көзі мен құлағына» айналуына жол ашады. «Міне, табиғаттың осындай көңілді өзгерістерінің кезеңінде біздің жаңа жылымыз Наурыз туып, ата ғұрпымызды ұмытпай, белгілі бір күнді жыл басы қылып алсақ, ұнамды іс болар еді», – деген құлаққағыс та осындай көзқарастың жемісі.

Ежелгі заманнан бастау алатын, соғдалықтар «наусарыз», хорезмдіктер «наусарджи», армяндар «навасарди», чуваштар «норас-ойахе» деп атаған Наурыздың тарихын баяндауға да «Қазақ» газеті жеткілікті көңіл бөлді. Негізгі міндеті – ұлт санасын ояту болып саналатын басылым бұл турасында да өзінің ағартушылық ұстанымынан жаңылмайды. Қазақтың ұлы мерекесінің тамыры тереңде екенін оқырмандарына ұқтырып, оларды танымдық мәліметпен байыта түседі. Наурыз мейрамы жақсылық пен жамандықтың, қыс пен жаздың, суық пен жылының, қайырымдылық пен қатыгездіктің күресінен туған деген Е.Кузминаның байыптамасына келіспеушілігін білдірген этнограф Т.Өмірзақов «бұл турасындағы бабалар түсінігі басқаша екендігі, бірінсіз-бірі болмайтын, үнемі бірін екіншісі алмастырып отыратын тіршіліктің құралым бөлшектерінің үйлесімді бірлігінен біртұтас жаратылыс туғандығы» жөнінде тұжырым жасайды. Бүгінгі осындай зерттеулердің бастау көздерінің бірі ретінде «Қазақ» газетін де атауға тиіспіз.

Әлихан Бөкейхан өз мақаласында әлемдегі елдердің Жаңа жылды тойлау дәстүрін талдап-таразылайды. Соның ішінде бүкіл түркі жұртының ортақ мерекесі – Наурыздың тарихын да ежелгі дәуірден іздейді. Ол әр елдің жалпыхалықтық күнтізбелерге бейімделу тәжірибесіне тоқталып, ұлыс күнінің бастауын арыға жылжытады: «Біздің түрік жұрты сол Халдей заманынан бері моңғолмен бірге жасап, аралас тіршілік етіп келеді. Біздің Жаңа жылдың

да шыққан жері осы айтылған екі өзеннің *(автордың қолданысында – Іфрат һәм Дижле, Б.О.)* өлкесіне барады-ау деймін». Ә.Бөкейханның осы шағын ғана мақаласының танымдық мәліметі мол. Онда әлемдік күнтізбелердің пайда болуы, оны қолдану ерекшеліктері, мән-маңызы, есептеу жүйесі туралы деректер ұсынылған. Ол Вавилонның Халдей деп те аталатынын ескертіп, «Халдей жаңа жылы жазғытұрғы күн мен түн теңелетіннен басталушы еді. Бұл күнді парсы тілінде «Наурыз» дейді, Жаңа жылдың басы дейді. Жаңа жылда халық қуанып, бір-біріне гүл, жұмыртқа сыйлаушы еді. Парсы ақыны Хафиз Жаңа жыл мейрамын неше буын қылып мақтайды», – деп өрістетеді.

Ел ішінде Наурыздың тарихына байланысты қисынға келетіні бар, келмейтіні бар, баламалы әңгімелер көп айтылатыны анық. Бірақ кәсіби зерттеушілер салыстыра қарастыру мақсатымен ондай деректерді де әр кезде қаперге алып отырды. Сондай ауызекі мәліметтің бірін қазақ халқының астрономия жайындағы ұғымдарын зерттеген ғалым Хасен Әбішевтің қоржынынан кездестірдік. Ол «Наурыз деген қарақшы екен. Жатқанның жамбасын кескен ұры екен. Өлгеннен соң Наурыздан Құдай құтқарды деп бір қазан көже *(не бидай, не тары)* құдайы береді. Оны жеті түрлі дәмнен пісіреді *(бидай, арпа, сұлы, ет, тары, нан, тұз араластырып)*. Осыны Данбай деген 90-ға келіп қайтыс болған шал айтқан еді», – деп халықтық зерденің дерегін ұсынады. Жиырмасыншы ғасырдың басында жарық көрген «Қазақ» газеті де ел арасында айтылатын осындай әңгімелерді жүйелеп, бір ізге түсіру мақсатын ұстанған деп топшылауға болады.

Басылым бетінде Наурыздың жай-жапсары туралы келе жатқан жылдың сипатымен байланыстыра жазылған мақалалар да кездеседі. Мысалы, 1915 жылғы наурызды қарсы алуға арналған «Оренбург. 9 март» деген мақалада былай делінеді: «Бүгін – жыл басы Наурыз. Міне, «барыс» кетіп, «қоян» келіп тұр. «Қоян» – халыққа жайсыз жылдың бірі. Осымен төрт «қоянды» көрейін деп тұрмын. Бұл төртеуі де халыққа жайлы болған жоқ. «Қоян» жылы не малға, не жанға ауырмалдық түсірмей өткен емес». Мақала авторы одан әрі 1880 жылғы қоянда жұт болып, мал қырылғанын, 1892 жылғы қоянда қазақтар жұтап, бүкіл Ресейде ашаршылық болып, көнек аурудан, обадан адамның көп шығынға ұшырағанын, 1904 жылғы қоянда қазақтың онша жұтай қоймағанын, бірақ Ресей мен Жапония арасында соғыс болғанын, оның салқыны бізге де тигенін айтады. Келіп жатқан мына қоян жылының да қырғын соғыстың үстіне тап келгенін баяндайды. Сөйте тұра, «жаман айтпай – жақсы жоқ» деген ежелгі салтымыз бойынша, алдағы жылдың берекелі әрі жайлы болуына тілек білдіреді.

Сонымен қатар «Қазақтың» бетінде Ж.Жәнібековтің аудармасымен жарияланған М.Расул Заденің мына бір мақаласы назар аудартпай қоймайды. Ол Наурыздың мән-мағынасын тәптіштей отырып, Түркиямен шекарадағы соғыс салдарынан «еркектері туралған, әйелдері бет-бетімен қайда болса сонда қашқан, бала-шағалары тау-тас арасына бытырап кеткен, қысқасы, тұрағы күл-талқан болған» мұсылман халықтарының тағдырына деген аяныш сезімін оятады. «Наурыз. Атынан да белгілі жаңа күн. Бірақ бұл марттың тоғызы біз үшін шынымен жаңа күн болып жетер ме? Қорқынышты соғыстың қанды уақиғалары, ұлт арпалысуының жексұрын кейіптері табиғаттың ең әдемі бір күнін мейрамға арнаған біздің әлемге де аз бәле, аз қайғы келтірген жоқ», – деп ашына отырып, елді сабырға шақырады, бірлікке үндейді. Ұлыстың ұлы күні деп дәріптегенімізбен, мереке тыныштығы бұзылмаған елдің еншісіндегі ғана құндылық екенін еске салады. Мерекенің игілігін қиналған жұртқа, қалжыраған ұлтқа демеу көрсетуге жұмсау жөніндегі ниетін аңғартады. «Міне, жыр мейрам келеді. Білеміз, көп кісі осы күннен мейрам қамын жеп жатса керек. Бірақ мынау ескерілсін. Адамшылық, мұсылмандық һәм ағайындықты сезіп, бауырмалдық қызуымен жанданған бір кісі мұндай қанды жылда, ұлтының, отандасының басына мың түрлі бәле келген бір заманда қалайша шат көңілмен мейрамды қарсы алсын?», – дейді мақала авторы. Оның «Күншығыс мұсылмандарының, әсіресе, Кавказ арты мұсылмандарының ардақты игі мейрамы – Наурыз» алдындағы ұсынысы бірлікті көздеген басылымның мұратымен де үйлесім тауып тұр: «Айтайын деп келе жатқаным, ей бауырлар, ... анық бір Наурыз еліміздің салтынан болса, биылғы Наурызға ұстайтын ақшамызды Кәріс һәм Ардаһан соғысында шабылғандарға берейік». Біз бұдан халықтың қамын жеген «Қазақтың» Наурыз арқылы бұл мерекенің діні бір, тілі ұқсас халықтарды біріктірушілік рөлін көрсеткенін байқаймыз.

Ұлт басылымы ара-тұра Наурыз туралы өлең-жырларға да орын беріп тұрды. Дүниені соғыс өрті шарпып, ел қиындыққа ұшырып жатқан кездің өзінде газетті ұйымдастырушылар жұртты мерекелік көңіл-күйден арылтпауды жөн санады. Қазақы қалыпты, табиғи тіршілікті жырлаған төмендегі өлеңнен ұлттық болмысымызды айқын аңғарамыз.

Сәлем бердік, жас Наурыз, жылдың басы!
Жұрттың күткен мінекей ықыласы!
Көжесін қып, күйбеңдеп, басын асып,
Бермек һәркім барынша қонақасы.

Келгеніне құттықтап бірін-бірі,
Қуанышта, көрісіп кәрі, жасы.
Көңілі түгіл адамның сен келген соң,
Самарқанның елжіреп тұр көк тасы.

«Қазақта» жарияланған мақалалардың дені Наурызды қадірлеу, оны дәстүрімізге берік енгізу, өмір салтымызға айналдыру мақсатынан туындайды. «Наурызды мейрам етушілер Үндістан, Иран, Ауған, Бұхара, Кавказ, Түркістан һәм біздің қазақ жерінде. Бұл заманда Наурызды мейрам етушілер қазақ арасында сиреп бара жатқан сияқты көрінеді. Басқалар тастамай Наурызды мейрам етіп отырғанда, біздің қазақтың тастайтын жөні жоқ-ақ», – дабыл қаққан, «Рустың жаңа жылы қыс ортасында, нағыз сақылдап тұрған суықта келеді, біздің Жаңа жылымыз – Наурыз марттың басында болсын, ортасында болсын, әйтеуір мартта келетін болса, шын мағынасымен Жаңа жыл деп айтуға лайық», – деп ұтымды ой тастаған, «Мейрам – ұлттың жеке-жеке болған мүшелерін біріктіріп, бір денедей қылып қосатын бір дәнекер», – деп ұйымшылдыққа үндеген, «Қызықты жақсы мезгілдің басы 9-ыншы март болса, бұл күнді мейрам етпегенде, қандай күнді қазақ мейрам етер?», – деп кесімді пікір айтқан мақалалар әлі күнге дейін құндылығымен ерекшеленеді дер едік.

Қорыта айтқанда, ұлттың көзін ашып, санасын сергіткен «Қазақ» ұлыстың ұлы күні – Наурыздың тарих бедеріндегі өз орнын табуына, тілегі бір туыс халықтардың ортақ мерекесі ретінде жадымызда жатталуына үлкен үлес қосты.

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор

Алтын сандық

Тірлікте мәңгі өлмейтіндердің бірі – кітап, оны құртып жіберетіндей құдіретті күш жоқ.

Кітап – тәрбие бастауы. Көне заманнан жеткен асыл жәдігердің бірі – «Қабуснама». Бүгінгі өскелең ұрпаққа шапағаты тиер деген ниетпен шығармадан үзінді ұсынамыз.

Өнердің абзалдығы, қадір-құрметі және өнегелі болуы туралы

Алтыншы тарау
(Басы алдыңғы сандарда)

Наданмен әңгімелес болма, әсіресе сенің ақылдылығына күдіктенген наданмен әңгімелесуші болма. Қулық істедім деп қуанба. Атағы бар жақсылармен әңгімелескейсің. Жақсылармен бір жүрсең жақсы атың шығар. Өзіннің мінсіз қызметіңмен ғалымдардың сүйіктісі болғайсың. Құмарлықтың құрбаны, ақымақтың ашынасы, қулардың құлы болма.

Ақымақтың мақтауына ілінген жан ақылды басшының қуғынына жолығар. Бұл жөнінде есіткен бір әңгімемді айтайын.

Әңгіме. Бір күні Аплатон бір өзі отыр еді, қала әкімдерінің біреуі келіп, сәлем берді де, әр түрлі әңгімелерден сөз қозғады. Сөз кезегі келгенде: «Ей, хакім, бүгін мен бір адамға жолығып едім, ол сізді мақтап, сыртыңыздан көптеген алғысын айтты, мен сол кісінің мақтауын сізге жеткізуді мақұл көрдім» деді.

Аплатон бұл жағдайды есітіп көңілсіз басын шайқап, ойға қалды. Ол адам: «Менің айтқан хабарыма ренжуіңіздің себебі неде?» деді. Сонда Аплатон оған қарап: «Ей, достым, мен сенің сөзіңе таңданған да, ренжіген де жоқпын. Бірақ үлкен қайғыда қалдым. Өйткені мені бір ақымақ адам мақтапты, менің ісім ақымаққа жағыпты. Шындығында, мен бір ақылсыздық іс істеген болармын, сондықтан да ол мені мақтаса керек. Мен ақымаққа жағып қалғаныма қайғырамын» депті...

Асығыс ашу мен томырық дөрекілікке әдеттенбе, сыныққ мінез сыпайылықтан сырт қалма, бірақ, тіпті мүләйім болма, мүләйім болсаң жоқ қылып жібереді, дөрекі болсаң жұртты өзіңнен қашықтатып аласың.

Ойымдағымды орындауда дос-дұшпанымды жатсынбаймын деп, көпшілікке жақындаса берме. Жамандық істеуді ешбір жаңға үйретпегейсің, өйткені, үйретудің бұл түрі – жамандық істеумен тең. Егер сені бір кісі ешқандай себепсіз жәбірлеген жағдайда да, сен оған азар бермегейсің. Халық сені жақсы мінезіңмен танысын.

Адамға сыпайылық жарасады. Айнаға қараған адамның сымбаты сұлу болса, көркіне сай мінез-құлқы да сұлу болуға тиіс. Өйткені жақсыдан жамандық шығу дұрыс емес. Бидайдан арпа өсіру мүмкін емес.

Адам айнаға қарағанда көріксіз көрінгенімен, жақсыдық істеуге міндетті. Солай етпесе, кемшілік үстіне, кемшілік жасала түседі. Екі кемшілікті бір жерге жинау сорақылық.

Шапағатты және мейірбан жандар досың болсын, олармен әрдайым оңашада ақылдасқаның жөн. Өйткені сен олармен оңашалап сөйлескенде ғана ой-пікірінен ойдағыдай пайдалануыңа болады.

Мен сағаң біраз насихатымды баяндадым. Бұларды оқып, біліп, ілім мен өнер үйреніп жетілген уақытында да білімділігіңе мастанба, керісінше, өзіңді бідімсіз сана. Білімсіздік, надандықтың хабарың болған жағдайда дана боласың.

Әңгіме. Хысрау Пәруездің патшалық құрған уақытында Абузуржмеһрдің уәзір кезінде Румнен бір елші келеді. Иран патшалығының дәстүрі бойынша, Хысрау патша тағына отырып, елшіні қабылдайды да, Абузуржмеһрдің даналығын елшіге білдірмек болып: «Ей, уәзірім, дүниеде не нәрсе болса, сен бәрін де білесің ғой» деді.

Падишаның мақсаты «иә, білемін» деген жауапты есту еді. Уәзірі керісінше, «білмеймін» деп жауап берді. Хысрау Абузуржмеһрдің жауабынан қысылып, елшінің алдында қатты ұялды. Хысрау қайтадан сұрақ беруге мәжбүр болып: «Дүниедегі барлық нәрсені кім біледі?» деді. Абузуржмеһр: «Барлық нәрсені халық біледі, халықтың білгенін білетін жан анадан әлі туған жоқ» деді.

Ей, перзентім, қанша дана болсаң да, сен өзіңді халықтан данамын деп есептеме, сен өзіңді кіші санасаң, ұлық боласың, надан санасаң, дана боласың. Өзін қарапайым ұстап, білімсізбін дейтін білімдар – нағыз дана сол.

Сократ хакім: «Егер бір кісі «Сократ хакім данышпан, оның данышпандығын бүкілдүниежүзі біледі десе, жоқ, олай емес, мен еш нәрсені де білмеймін, қарапайым жанмын» деп, жасқанбай жауап қайтарар едім. Шын мәнінде, бұл сөзді де айтпауым керек. Өйткені сол сөздің өзі де мен туралы айтылған асыра дәріптеу» депті.

Демек, ілімге тоқмейілсіп мастанба. Әр істі ойлап істе, кеңескен істе кемшілік аз болады. Ақылды, жанашыр достарыңмен кеңескейсің. Білгенің жөн, бір кісінің ой-пікірі, екі кісінің ой-пікіріндей болмайды, бір көз екі көзбен көргендей болмайды. Тәуіп өзін-өзі емдей алмайды. Кеселденген жағдайда басқа бір тәуіпті шақырып, соның кеңесімен емделеді. Егер ағайын-туғандарыңның саған ісі түсе қалса, жұмысын жедел бітіріп жіберуге тырыс, егер дұшпаныңның ісі түссе, одан да артық қызмет істе. Қолыңнан келген жақсылығыңды аяма. Өйткені сен дұшпаныңның мұқтаж ісін тындырсаң, оның дұшпандығы достыққа айналады.

Шешен кісілерді көрсең, ізет-құрметінді аямай, адамгершілік жасап, көңілін ал. Одан сен зиян таппайсың. Керісінше, сен туралы жақсы пікір таратып, жиі-жиі дидарласу үшін келіп тұрады. Жаманмен сұхбаттасуға ешкім келмейді. Шешен кемеңгерлердің кеңесінде болып, сөзді сөйлей білудің өнерін үйрен.

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Әдебиет

Қазақ руханиятының қайнар көзіндей төл әдебиетіміздің көрнекті қайраткерлерінің бірегейі, абайтану мектебінің негізін қалаушылардың бірі, шәкәріміттанушы және Шәкәрім шығармаларын алғашқы насихаттаушы әрі жарыққа шығарушы ғалым. Тумысынан асқан дарынды, зор қабілетті, биік мәдениетті, сұңқар табиғатты текті тұлға Қайым Мұхамедхановтың 100 жылдығы еліміз бойынша кең көлемде аталып өтуде. «Ежелден еркіндік аңсаған» ер қазақтың арда ұлдарының бірі, өле-өлгенінше Абай рухына адал болып өткен, Мұхтар Әуезовтің сенімді шәкірті болған Қайым Мұхамедхановтың рухы мәңгі бізбен бірге екендігі ақиқат.

Абайтанудың бүгінгі биігі

2016 жылдың 5 қаңтар күні ғалымның туған күнінен бастап жыл көлемінде Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының ұжымы ғалым мұрасына арналған түрлі деңгейдегі мәдени шара легін толассыз өткізуде.

5 қаңтар күні мұражайда «Абайтанудың асқан білгірі» атты көрме ашылып, ол «Қазақтың қайтпас қайсар Қайымы» атты әдеби-танымдық кешпен жалғасын тапты. Ұлы ақынның киелі шаңырағы республикалық «Қайым Мұхамедханов және абайтану мәселелері» атты ғылыми-тәжірибелік конференция, мектеп мұғалімдеріне арналған «Қ.Мұхамедханов: ұстаз, ғалым, қайраткер» атты ғылыми-тәжірибелік семинар ұйымдастырды. Белгілі абайтанушы-ғалымдар, ұстаздар қауымы өз баяндамасын оқып, қайымтану мәселелері сараланды. Алматы қаласындағы Әдебиет және өнер институтында өткізілген республикалық конференцияға мұражай директоры Б.Жүнісбекұлы қатысып, «Абай мұражайы және Қ.Мұхамедханов» тақырыбында баяндама жасап, тұшымды ой-пікірлерімен бөліскен еді.

Қ.Мұхамедханов халқының тәуелсіздігі үшін аянбай күрескен қайраткер. Биылғы жылы Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы мамыр айынан бастап Қайым Мұхамедхановқа арналған көрмелер керуенін Астана қаласынан бастады.

«Абайтанудың асқан білгірі» атты көрме жұмысы С.Сейфуллин мұражайынан бастау алды. Астана қаласының жұртшылығы және қала қонақтары бір ай көлемінде Қайым Мұхамедхановтың ғұмыры мен еңбек жолы, шығармашылығымен танысты.

Осы көрме керуені Ұлттық музейде жалғасын тапты. Бұл көрме «Абайдың інісі, Алаштың ірісі» атты дөңгелек үстел аясында ұйымдастырылған еді.

Барлық саналы ғұмырын Абайды зерттеуге арнаған ғалым талай қиындықты бастан кешті. Ақиқат үшін отқа түсті, сотталды, халық жауы атанды. Бірақ қайсар азамат ұстанған жолынан қайтпады: қорлыққа да, зорлыққа төзді. Ұлтшыл деген жалған жалаға тап болып, Карлагтың аса бір ауыр шағын басынан кешеді.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған «АЛЖИР» музейінің келушілері де «Абайтанудың асқан білгірі» көрме керуенін тамашалады. Сонымен қатар «Абайтанудың асқан білгірі» көрме-керуені Ә.Марғұлан атындағы №40 мектепте ұйымдастырылды. Бұл көрмені өткізуге мектеп директоры, Қ.Мұхамедхановтың шәкірті, ғалым еңбектерінің 10 томдығын жарыққа шығаруға атсалысқан Ербол Іргебай қолдау көрсетті.

«Абайтанудың асқан білгірі» көрме-керуенінің соңғы аялдамасы Еуразия ұлттық университетінің «Отырар» кітапханасы болды. Бұл көрмені ұйымдастыруға атсалысқан Қ.Мұхамедхановтың шәкірті, филология ғылымдарының докторы, белгілі абайтанушы, көрнекті ғалым Тұрсын Жұртбай. Көрме арқылы студенттер қауымы Қ.Мұхамедхановтың артына қалдырған мол мұрасын, өмір жолымен тереңірек танысты. Мұражай мен университет арасындағы шығармашылық әріптестік одан әрі нығая түсті.

Қ.Мұхамедхановтың өмір жолы, қызметі, абайтануға қосқан орасан үлесі мен ғалымның музей ісін дамытудағы еңбегі көрме арқылы кеңінен мағлұмат беріліп жан-жақты насихатталып келді.

Елі үшін еңбек еткен Қайым Мұхамедхановтың қазақ ғылымы мен өміріне қосқан айтулы үлесі, өмір жолы, қызметі қала көлеміндегі біршама оқу орындарда, мекемелерде де насихатталды. Қазақтың қайсар ұлдарының бірегейі Қайым Мұхамедханов өмірі мен ғылыми қызметі бүгінгі жастарға үлгі-өнеге. Қайым Мұхамедханов еңбегін насихаттау болашақ жастар үшін керек. Ендеше, бұл іс-шаралар одан әрі жалғасын таба бермек.

Гүлназ БЕЙСЕМБИНОВА,
Абай мұражайының
аға ғылыми қызметкері

Поэзия

Әсерлі кездесу

Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойына және Семей полигонының жабылғанына 25 жыл толуына орай белгілі ақын, филология ғылымдарының докторы, профессор Бауыржан Жақып шығармашылығына арналған «Қазақ жолы» атты әдеби-сазды кеш болып өтті.

Оннан астам кітаптың авторы, Македония, Түркия, Әзірбайжан елдерінде өткен «Бүкіл түркі дүниесі» ақындар фестивалінің лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері Бауыржан Жақып қара өлеңнің құдіретін өзге елдерге мойындатқан талант иесі. Өзіндік өлең өрнегімен дараланған ақынның өлеңдері орыс, беларус, ағылшын, украин, қытай, түрік, македон және қырғыз тілдеріне аударылған. Ақын шығармаларының дені философиялық ірімдерге толы, туған елдің сұлу табиғатын суреттейтін, ұлттық бояуы қанық лирикалық өлеңдер. Оның «Астанамен сырласу» атты жыр топтамасы, «Тәуелсіз Қазақстаным!», «Қазақ жолы», «1991 жыл» және т.б. осы сынды ел егемендігіне, өткен тағдыр талайы мен бүгінгі биік мұратына арнаған өлеңдерінің өзі бір төбе. Сыршыл ақынның бүкіл қазақ даласын жылаткан Семей полигонының қасіретін әлемге естірткен «Жан дауасы» поэмасы – шоқтығы биік шығармаларының бірі. Қырық жыл сынға түссе де қасиетін жоғалтпаған, жасампаз, киелі Абай жерінің тумасының бұл туындысындағы:

«Жел жылар, қаңбақ қашып
қыраттардан,
Тартылып талай мөлдір бұлақ қалған.
Жетпіс жыл жетімсіреп өмір сүріп,
Қырық жыл қырылдық біз
сынақтардан», деген өлең жолдарынан ұлтымыздың тәуелсіздік жолындағы тар жол, тайғақ кешуі түгел сыйып тұрғандай десек, артық айтқандығымыз емес. Бұл шығармадан, сонымен бірге Семей қасіреті, ел азабы, туған жердің тулақтай кеуіп, бордай үгіліп жатқан күйі сол жердің перзенті ретінде жүрегімен сезінген ақынның ащы зарын көруге болады. Бұл дастанның қай тарауын оқысаңыз да, жаның шүберекке түйіліп, ет-бауырың езіліп, сай-сүйегің сырқырайды.

Кеште Қыздар университетінің ақынжанды аруларының орындауында ақынның осы бір бүкіл жердің, бүкіл елдің қасіретіне арнап шығарған «Жан дауасы» поэмасына арналған театрландырылған қойылым көрсетіліп, ел егемендігіне арналған өлеңдері оқылды. Қыздар «Дегелең тауының зары», «Жапырақтар жыры», «Қураған тоғайдың соңғы мұңы», «Боза даланың мұңы», «Тартылған өзеннің мұңы», «Желдің жоқтауы» атты дастан жолдарындағы үзінділермен табиғат дауысын адамзатқа әсерлі жеткізе білді. Поэзиялық кеште, сонымен қатар ақын құрметіне арналған арнау өлең оқылып, ақынның сөзіне жазылған «Тұғыр», «Егемен елім» әндері шырқалды.

Кеш барысында Бауыржан Жақып өзінің қазақ рухының табиғаты мен тағдырына өрілген «Домбыра», «Тамыздың 29-ы», еліміздің егемендігіне арналған «Менің Қазақстаным!», төлқұжатына айналған «Қолтаңба» өлеңдерін және т.б. жастарды отансүйгіштік, патриоттық сезімге бөлейтін бірталай шығармаларын оқып жырдан шашу шашты. Кеш соңында ақын толассыз қойылған жастардың өлең, поэзия, махаббат, ел руханияты, қазақ қызы тақырыптарына арналған сұрақтарына жауап беріп, қыздардың қара шаңырағына бірнеше кітабын тарту етіп, ақ тілегін арнады.

Б.Жақып «Қыздар университеті тәрбиенің, тағылымның, білімнің ошағы. Мен үшін саналы, парасатты, білімді қыздармен қауышу, пікірлеріңізді біліп, үндеріңізді есту, сырлы-сұхбат құру ерекше ғанибет, үлкен бақыт. Бүгін менің өмірімде есте қаларлықтай күн болды. Керемет мазмұнды кешті ұйымдастырушыларға мың алғыс. Ерекше әсер алдым. Бұл қасиетті шаңырақтың біз үшін орны әрқашан бөлек. Қаракөз қарындастарымның білікті де білімді маман, шаңырақтың тұтқасы, керегесінің берік болуы үшін қызмет ететін ұлт тәрбиешілері болатынына сенемін. Әрқайсымыз ел Тәуелсіздігіміз үшін қызмет етсек, алдыға қойған мақсаттың бәріне жетеміз», – деді.

Ғибратты да тағылымды кешке ҚР еңбек сіңірген қайраткері, белгілі ақын Рафаэль Ниязбек, халықаралық «Алаш әдеби» сыйлығының лауреаты, ақын Әділғазы Қайырбеков, Жазушылар одағының басқарма төрағасының орынбасары, ақын Жанарбек Әшімжан қатысып, ақынның шығармашылығынан сыр шертіп, төл туындыларын оқып берді.

Кеш соңында педагогика және психология факультетінің деканы, п.ғ.д.профессор Сайра Жиенбаева ақынға алтын уақытын бөліп, жыр әлемімен, сырлы әлемімен бөлісуге келгені үшін үлкен алғысын білдіріп, қазақы дәстүр бойынша барша қонақтарға сый-сыяпат жасады. Өз кезегінде ақын қолтаңбасы қойылған кітаптарын жастарға тарту етті.

Назира ЕЛЕУХАН

ТАНЫМ

Серікбол әлеміне саяхат

«Талантты ғалым Серікбол Қондыбай ұлттық руханиятымыздағы аса сирек құбылыс. Ол этнография мен археология, география мен ономастика, агиография мен теология, эпос пен тарих, мифология мен философия деректерін салғастыра зерттеп, түріктану мен қазақтануға мейлінше үлес қосты. Отандық ғылым үшін жемісті болар жаңа бағыт бастап берді. Ол қалдырған мұраның деректік, пайымдамалық құндылықтары мен мәнділіктерін зерделеу – осы заманғы ұлттанудың қалыптасуы мен кемелденуіне оң ықпал етері сөзсіз...»

Әбіш КЕКІЛБАЕВ

Осыдан 1 жыл бұрын Маңғыстау ауданында өлкетанушы, географ, этнограф-ғалым Серікбол Қондыбай атындағы мемориалдық музей ашылған болатын. Шетпенің орталығынан бой түзеген еңселі екі қабатты ғимараттың іші қазақ мифологиясы ілімінің негізін қалаушы ғалымның мол мұрасына бай. «Серікбол Қондыбай феномені», «Арғы қазақ мифологиясы» және мәжіліс залдары бар музей «Ғаламның мифтік моделі» экспозициялық залымен толықты.

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және музейдің 1 жылдығына орай ұйымдастырылған мәдени шарада облыстық мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Бекбол Таңатаров, оның орынбасары Пәния Сармурзина, сәулетші, драматург Сайын Назарбек, өлкетанушы Отыншы Көшбайұлы, суретшілер, музей қызметкерлері, ғалымның тумаластары «Серікбол Қондыбай феномені», «Арғы қазақ мифологиясы» залдарын аралап, Серікбол әлеміне саяхаттады. Музей қорында 650-ден астам ғалымның пайдаланған кітаптары, қолтаңбасы қалған 72 дәптері, баспасөз беттерінде жарық көрген 150-ден аса мақаласы, жарық көрген кітаптары және жұмыс бөлмесінде пайдаланған бұйымдары қойылған.

Көпшілікті рухани ордадағы жаңа залдың ашылуымен өлкетанушы Сайын Назарбек құттықтады:

– Қымбатты ағайындар! Серікболдың атағы Маңғыстауға сыймай, республикаға, Азияға тараса қуанамыз. «Қазақта кімің бар?» дегенде, Абайымыз, Әбішіміз, Әуезовіміз бар десек, енді оның қатарына Серікболды да қосамыз. Мұражай адам баласына керек пе? Не үшін керек? деп ойлап қарасақ, мұражай дүние жүзінде ғылым мен білімге ден қойған ұрпақтар мыңжылдық, миллионжылдық бұрынғы тарихты тануы, өткен мен бүгінді ұштастыруы, адамның болмысын ескі тарихпен нәрлендіру мақсатында жұмыс істейді. Серікбол шығармашылығына арналған мұражайды Қазақстанға, бүкіл дүние жүзіне мақтанышпен көрсете аламыз. Серікболды көзіміз көрді. Өмірін бақытсыз болып өткізіп, бақытты болып өмірден өтті. Себебі өткен еңбегінің халқының пайдасына тиетініне көзі жетті, өз еңбегінің жарыққа шыққанын көрді. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», – деп Абай айтқандай, Серікбол кетікке емес, қазақ халқының қорғанының қабырғасын қалап кетті. Жыртыққа жамау, кетікке кірпіш болған жоқ. Қысқа ғұмырында халықтың мифтік образының негізін қалады. Бір ғылым академиясының мыңдаған кісілерінің жүздеген жыл ішінде іздеп таба алмайтын дүниесін, жұмысын аз жыл ішінде атқарды. Серікбол өмірден өткенімен, атақ-даңқы бәрімізге мәңгілікке ортақ, – деді сәулеткер.

Тұғыры биік Тәуелсіздік күнімен құттықтаған Бекбол

Таңатарұлы мұражай ашылған 1 жыл ішінде еселі еңбек еткен ұжымның қызметіне табыс тілеп, «Баба сарын бабауы» Маңғыстау өнер шеберлерінің антологиясын сыйға тартты. Жаңа залдың лентасы қиылған сәттен кейін жиылған жұртшылық «Ғаламның мифтік моделі» залында шебер бейнеленген төменгі, ортаңғы және жоғары дүниені тамашалады.

Біз осы мұражайда 2 жыл бойы көркемдік безендіру жұмыстарын жүргіздік. Жұмысқа кіріспес бұрын Серікболдың шығармашылығын оқып, жан-жақты зерделедік. Басында түсінбегендіктен, қайта-қайта оқып шығуға тура келді. Маңғыстаудың әр тасы, әр сайы аңыз екеніне көзіміз жетті. Экспозициялық залды көркем безендіруде ғалымның «Қазақ мифологиясына кіріспе» көп томдығының 9,10,11, 12- томдарына, «Маңғыстау географиясы» кітаптарына сүйендік. Серікбол шығармашылығындағы мифтік желі бойынша төменгі, ортаңғы және жоғары дүниенің кейіпкерлерін көркем бейнелеуге, көрерменге шынайы жеткізуге тырыстық, – деді суретші Ғалым Отарбаев.

«С.Қондыбай музейінің алғашқы қадамдары» тақырыбында өткен мәдени шара аясында облыстың қала, аудандарынан келген мұражай қызметкерлері тәжірибе алмасып, саладағы өзекті мәселелерді талқылады. Облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми хатшысы Ғалия Шаңтемірова «Музей жұмысын ұйымдастыруда жаңа жобаларды қолдану», аталмыш музейдің қор бөлімінің меңгерушісі Жадыра Кетеева «Музей қоры жұмысын жүргізудің тиімді жолдары» тақырыбында баяндама жасады. Серікбол Қондыбай атындағы мемориалдық музейдің директоры Рима Бердиева көпшілікті рухани орда ашылғалы бері жасалған жұмыстардан хабардар етіп, мәдени шараны қорытындылады.

«Дарын» қосымша білім орталығының директоры Ескендір Құмбаев «Ғаламның мифтік моделі» залына кірген кезде ертегілер әлеміне енгендей болдым. Алдымен жерасты патшалығына енгенде қараңғы дүние алдыннан шығады. Жер астынан ортаңғы дүниеге өткен кезде жарық дүниеге келгеніңді сезесің. Алып бәйтерек, оны қорғап жатқан жылан және басқа да алқызыл әлемнің кейіпкерлерімен кездесесің. Ғалымның мифтік-танымдық бағытындағы тақырыбын мазмұнды көріністен айшықтай түскен жаңа залдан ерекше әсер алдым», – деді. Сондай-ақ ол маңғыстаулықтарды Серікбол әлеміне саяхаттауға, мұражайды аралауға, рухани азық алуға шақырды.

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ,
Суреттерді түсірген Айгүл РАХМЕТОВА

МҰРАЖАЙ ЖҚ 13
www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Еңбегімен еңселі

Дәстүр сабақтастығы

ЕЛІМІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІНДЕ СУРЕТШІ ҚУАТ АСҚАРОВТЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ШЕКСІЗДІК» АТТЫ ЖЕКЕ КӨРМЕСІНІҢ АШЫЛУЫ БОЛДЫ.

Жиында сөз алған Ұлттық музей директорының орынбасары Жәкен Таймағамбетов суретшінің туындыларына ерекше баға беріп: «Көрменің «Шексіздік» деген атауының өзі қазақ халқының ғасырлар бойы мәдени байланысының үзілмегендігін, дәстүрлерінің сабақтастығын көрсетеді. Көрмеге 80-ге жуық көркем туындылар қойылған. Олардың көбісі бірінші рет халық назарына ұсынылып отыр. Асқаровтың еңбектері терең философиялық мәнге бай», – деді .

Ал Астана қалалық Суретшілер одағының төрағасы Тоқтар Ермеков «Қуаттың жиі-жиі жаңа туындылар жасап жататынына мен таң қаламын. Осындай ойларды, идеяларды қайдан алатынын білмеймін. Бұл суреттердің ішінде пантүркизм, сюрреализм, реализм ағымдарының бәрі бар. Және соның барлығы бір суретшінің қолынан шығып отыр. Бұл Қуаттың шеберлігі» – деп атап өтті.

Қуат Асқаров Н.Гоголь атындағы Алматы көркем сурет училищесін бітірген. 2008 жылдан Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Қуат Асқаров – Теміртау қаласының байырғы тұрғыны, ол сол жерде кәсіби суретші ретінде өсіп қалыптасты.

Ол қазақ мифологиясындағы бейне мен желінің аллегориялық түсініктемесіне сүйене отырып, өзіне тән көркем бейнеліліктің тәсілін жасады. Суретшінің еңбектері шын мәнінде, қазақ мәдениетінің рухымен қоректенген. Терең пәлсапалық мәнге толы және көп мәнді нышандарға бай. Суретші дәстүр мен жаңашылдықты, классика мен бүгінгіні үйлесімді байланыстыра отырып, ұлттық ерекшеліктің жаңа үлгісін іздейді. Мұның арасында бүгінде еліміздің жылнамасы болып табылатын «Туған жер» триптихі, көшпенділердің азапты өмірін көрсететін «Ұршық өмір» полиптихі бар. Ол жасаған көркем суреттер көрнекі көрсетеді. Махаббаттың мәңгілік тақырыбы лирикалық «Гауһар тас» жұмысында жырланады. Көрмеге сол сияқты автордың балалық әсерлеріне толы «Шаңырақ», «Балалық шақ әуендері», «Аула»,«Немере», «Рахат өмір»,«Әже» және т.б. тұрмыстық сюжеттері де ұсынылған.

Суретшінің туындылары қазақ халқының бай мәдени мұрасын көпшілікке таратады. Өз Отанына деген махаббаты мен құрметін көрсетеді.

Шеберлік шыңы

«Фриули мозаикасы»

Астанадағы Ұлттық музейде итальяндық мозаика мектебі шеберлерінің «Фриули мозаикасы» атты көрмесінің ашылу салтанаты өтті. Оны Италияның еліміздегі елшілігі мен Ұлттық музей бірлесіп ұйымдастырды.

Шараға Ұлттық музей директоры Дархан Мыңбай, Италия мемлекетінің еліміздегі Төтенше және өкілетті елшісі Стефано Раваньян, Әбілхан Қастеев атындағы бейнелеу өнері және техникалық дизайн мектебінің директоры Ханзада Есенова және музей қонақтары қатысты.

Ұлттық музей директоры Дархан Мыңбай «Мозаика – көнеден, сонау антика дәуірінен келе жатқан өнер. XIV-XV ғасырдағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде осы мозаиканың шығыстық үлгісі бар. Осының барлығы бұл өнердің өте күрделі және көне өнер түрі екенін айғақтайды. Осындай керемет көрмені ұйымдастырған Италия елшілігіне алғыс білдіргім келеді» деп ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Өз кезегінде Стефано Раваньян «Көрмені ұйымдастыруға жағдай жасаған Ұлттық музейге алғыс білдіремін. Бұл музей – біздің мозаикаларымызды көрсетуге таптырмайтын орын. Оның үстіне көрме Италия мен Қазақстан арасындағы мәдени байланыстың арқасында жүзеге асып отыр. Бұл көрме бірлесіп жұмыс атқарудың алғашқы бастауы. Ендігі жерде қазақстандық студенттер Италияға барып, мозаиканың қыр-сырын толықтай меңгере алады», – деп, бұдан ары өзара қарым-қатынастың беки түсетіндігін атап өтті.

Көрмеге арнайы келген Италиядағы Сксилимберго қаласының мэрі Ренцо Франческони мырза «Аталған экспонаттар – біздің мозаика мектебінің ең үздік туындылары. Барлығы біздің студенттердің қолынан шыққан. Студенттер өздерінің туындыларын әлемге таныту мақсатында бізге ұсынып отыр», – деп көрменің маңыздылығына тоқталып өтті.

kazmuseum.kz сайты жазғандай, көрмеге келушілер алтын және платинамен қапталған майолика бұйымымен танысты. Олардың қатарында түрлі өрнектермен безендірілген ваза, табақ, құмыра, екі сапты графин, тегеш, үлкен шамдал, құмған, қобдишар, барокко сағаты сынды заттар бар. Қонақтар назарына барлығы 70-ке жуық керамика бұйымдары ұсынылды.

Көрме

Алып асық

Алматыдағы Ә.Қастеев атындағы өнер музейінде сәулетші, мүсінші, өнертапқыш Сәкен Нарыновтың «Иллюзия және арман – II» атты мерейтойлық көрмесінің ашылуы өтті. Экспозицияда суретшінің 70-ке жуық авторлық туындысымен қатар сәулеттік жобалары, мүсін және арт-нысана ұсынылды. Бұл туралы аталған музейдің баспасөз қызметі хабарлады.

Суретші, сәулетші, мүсінші және философ Сәкен Нарыновтың шығармашылығы әлемнің сыртқы өзгерісін мұқият бақылауға бағытталған. Тіршіліктің барлық негізін құрайтын себеп-салдарлық байланыстарды тынымсыз іздеу ол негізделеді. Сондықтан автор әр заттың табиғи дамуындағы бір-бірімен байланысына зер салады.

Көрме суретшінің көркемдік-ғылыми ізденісінің негізгі шеңберін айқындайтын ең үздік туындыларын біріктіреді.

Экспозиция символикалық түрдегі ғарыштық кеңістік негізінде құрылған және нысандардың басым бөлігі гравитация заңын теріске шығарғандай ауада қалықтап, ілініп тұр.

Мүсіндері темір тордан жасалған. Берік материал болғандықтан, ол нысанның шегін айқын білдіреді. Сонымен қатар оның мөлдірлігін де сақтайды.

А.Эйнштейннің ізбасар шәкірті, белгілі американдық ғалым Мартин Гарднер Нарыновтың топология саласындағы әзірлемелерін жоғары бағалап, өзінің мүсіншімен жеке хат алмасуы барысында «...ол ешкім де бара алмаған тұңғиықтарға көз жүгіртті....» деп атап өткен.

Галактика «Лебедь-А» (1997), моделі мүсіншінің тіркелген өнертабыс ретінде өзіндік визит карточкасы болып табылады. Оның туындысына жоғарыдан көз алмай қарай отырып, геометрияның екі тұйықталған жолағының пайда болғанын елестете аласыз. Қазіргі таңда бұл белгілі авторлық жұмыс еліміздегі техникалық жоғары оқу орындарының бірі – Қ.И.Сатпаев атындағы ҚазҰТУ-дың нышаны болып табылады. Сәкен Нарыновтың «Иллюзия және арман» көрмесінің алғашқы бөлімі осыдан он жыл бұрын өткен. Екінші бөлімде автордың кәсіби қызметінің 30 жылдығына арналған таңдамалы шығармалары ұсынылып отыр. Онда сәулеттік жобасы мен қатар мүсін және арт-объектілер бар. «Астероидтың ұшуы» жұмысы экспозицияда орталық бөлікті алып отыр. Автор ғарыш объектісінің қозғалысын бақылай отырып, адам өмірі мен аспан денелері арасындағы болған параллельді жүргізеді. Әр адам – қайталанбас жеке ғалам, бүкіл әлем, адамның өмірге келіп кетуі табиғаттың заңдылығы екені сөзсіз.

Кеңістікті құру бойынша шебер Сәкен Нарынов «Иллюзия және арман» көрмесін осыған арнайды.

Сонымен қатар әлемнің ең атақты 20 мүсінші тізіміне енген С.Нарыновтың жуырда Астанадағы Ұлттық музейде 4 асықтан құралған композициясының таныстырылымы өтті. Мәрмәрдан жасалған әрбір асықтың салмағы 700 келі тартады. Мүсінші «Мен бұл туындым үшін жиырма жыл тер төктім. Шамамен 1996 жылы идея пайда болды. Содан бері мен бірнеше асық жасап шығардым. Олар осы күні Алматы, Астана, Атырау қалаларында қойылған. Мен бір байқағаным – осындай асықтардың маңына үйленіп жатқан жұбайлар келеді. Отандастарыма осындай қуаныш сыйлағаным үшін ризамын», – дейді. Сондай-ақ ол бұл туындылары алдағы уақытта да музейде сақталатынына сенім білдірді.

Байқау

Өнертапқыш көрмесі

Мемлекеттік орталық музейде «ШАҒЫН ЭКСПО-2016» атты инновациялық жобалар байқауының көрмесі ашылды.

Байқаудың басты мақсаты – Алматы қаласының тұрғындарын «Экспо-2017» көрмесіне шығармашылықпен белсене қатысуға шақыру, азаматтардың инновациялық идеяларын қолдау және ынталандыру. Сондай-ақ «ЭКСПО-2017» көрмесіне жергілікті өңірлерді насихаттау және аймақ тұрғындары есебінен қатысушылар санын арттыру. Kazmuseum.kz сайты хабарғандай, көрмеге Алматы қаласындағы 40-тан астам өнертапқыштың жобасы қойылады. Аталған байқау қатысушылары «Ең үздік өнертабыс», «Ең үздік өнертапқыш әйел», «Ең жас өнертапқыш», «Жас дарын», «Ең белсенді өнертапқыш» деген аталымдар бойынша бағалы сыйлық және дипломмен марапатталып, үздік шыққаны Астанада өтетін «Экспо-2017» көрмесіне жолдама алады.

Жақсы үрдіс

Жасыл желегі жайқалған

ОҚО әкімі Жансейіт Түймебаев «Эксперт пейзаж» компаниясының жетекшісі Билал Тарик Дедемен кездесіп, бауырлас елдердің түрлі саладағы ынтымақтастық жұмыстары әңгіме болды. Бұл бас қосуға аталған түрік компаниясының өкілі Алабажак Чинан да қатысып, олар Оңтүстік Қазақстан облысының инвестициялық әлеуетімен танысты. Қонақтар облыс әкіміне абаттандыру жұмыстарымен айналысатын «Эксперт пейзаж» компаниясының ландшафтты дизайн қызметін ұсынды. Мұның өзі біздің өңір үшін баға жетпес сыйлықтың өзі болды десек те болғандай. Компанияның қызметін облыстағы көріктендіру жұмыстарына ұтымды пайдалана білсек, ұтарымыз да, ұпайымыз да көп болмақ. Өйткені, аталған компанияның беделі биік, Түркияның Анталия қаласындағы абаттандыру жұмыстарының 40 пайызын жасап келе жатқан серіктестік. Көз алдымызға қалаға көрік беретін тың жобалардың елестейтінін айтпағанның өзінде, бұған дейін де қаланы абаттандыру жұмыстары әлдеқашан басталып кеткен. Қошқарата өзенінің жабайы жағасы

Шыбық қадай кетсең, көктей жөнелетін Шымкент шаһарын «Шымқала», «Жасыл қала», «Шырайлы Шымкент» деп атап жүргенімізге жүрек жылып, көңіліміз тасиды. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері шымқала адам танымастай өзгеріп шыға келді. Сәулетті ғимараттар бой көтеріп, жаңа шағынаудандар қанат жайды, қала бұрынғыдан да жасылдана түсті. Бұрынғы тар көшелер кеңейіп, жол жиектеріне мыңдаған көшеттер отырғызылды. Мұның бәрі Елбасының «Жасыл ел» жобасының бүкіл елде жүзеге асырылып жатқанының айқын көрінісі деп бағалайық. Жуырда ғана шымқалаға түрік ағайындар келіп кетті.

ғалымдар спутник суреттерін ой елегінен өткізе отырып, жер шарындағы ағаштарды санап шыққан. Олар айтқан деректерге көз жіберсек, біздің планетамызда 3,04 триллион ағаш өседі. Кроутер өздері есептеп шыққан, бұл деректі жақсы көрсеткіш ретінде де, жаман көрсеткіш ретінде де қарауға болмайтынын алға тартады. Өйткені, ағаштардың саны адамдардың әрекетіне байланысты өзгеріп отыратын көрінеді. Мысалы, жылына ғаламшарда 15 млрд ағаш оталып, 5

ретке келтіріліп, қала тұрғындарының жаз айларында демалатын көркі мекендерінің біріне айналғаны қашан! Ал Бадам өзенінің жағалауы тегістеліп, нығыздалып, 28 техника жұмылдырылды. Облыс бюджетінен 1746,2 миллион теңге жұмсалды.

Шын мәнінде, «Жасыл ел» жобасы» жарқырай көрініп келеді. Елбасымыз Қазақстан Халқы ассамблеясының XXI сьезінде: «Бұл – жай ғана экологиялық шара емес, терең өмірлік мәні бар аса маңызды шаруа. «Жасыл ел» дегеніміз –

млрд көшет отырғызылады екен. Демек, бұл дегеніміз – әр жыл сайын жердегі ағаш саны 10 миллиардқа кеміп отырғанын көрсетеді. Ал Шымкентте жыл сайын күзде, ерте көктемде ағаш көшетін отырғызу жұмыстары жүйелі жүргізіліп, қаланы жасыл аймаққа айналдыру мақсаты жүз пайызға орындалып келетінін айта кеткеніміз жөн. Жасыратыны жоқ, бір кездері қала көшелерінде тек жасыл шыршалардың ғана көшетін отырғызу сәнге айналған болатын. Оның себебі де бар. Шыршалардан жапырақ

Мәңгілік ел. Біз елімізді жапырағы қурамайтын, тамыры суалмайтын, көрген жан тамсанбай тұра алмайтын Мәңгілік Жасыл елге айналдыруымыз керек», – деп бекер айтпаса керек. Осындайда шетел ғалымдарының мына бір деректері ойландырмай қоймайды. Жер бетінде өсетін ағаштар саны адамдар осыған дейін болжап келген шамадан көптеу болып шыққан екен. Қараңыз, «Американың Йель университетінің ғалымдары олардың саны 3 триллионнан сәл асатынын санап шықты», – деп жазады «Би-би-си». Ол аз десеңіз, Томас Кроутер бастаған

түспейді, көшені ластамайды. Десек те, көрікке көрік қосатын жапырақты ағаштар да соңғы көздері көптеп отырғызыла бастады. Сарғайған жапырақты күзде көше сыпырушыларына жұмыс тауып береді демесеңіз, жазда жанға жайлы, көлеңкесі күн аптабынан қорғайды. Егер ұшақ иллюминаторынан қалаға көз салсаңыз, шымқала жасыл орманды көз алдыңызға әкеледі. Біз сонысымен қуанамыз, ал баршамыздың көрікті қалада тұрғымыз келеді.

Мұхтар ШЕРІМ

Туризм

Бес жоба қолдау тапты

Туризм саласында кіші және орта бизнесті дамыту мақсатында Маңғыстау облысы әкімдігімен және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арасында жыл басында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған болатын. Ынтымақтастық аясында екінші деңгейдегі банктер арқылы туризм саласындағы жобаларды жүзеге асырушы облыстың кәсіпкерлерін қаржыландыру үшін жергілікті бюджеттен 300 млн теңге, «Даму» қорынан 600 млн теңге көлемінде қаражат бөлінді.

ТУРИСТІК КЛАСТЕРЛЕР ҚҰРУДА ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕСІ БАР СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТОРЛАР ТАРТУ.

«Ұлт жоспары – 100 нақты қадам», 57-қадам

Қазіргі уақытта өңірлік үйлестіру кеңесінде қаралған 35 жобаның бесеуі жалпы құны 417,0 млн теңге көлемінде екінші деңгейдегі банктермен қаржыландырылған. Оның ішінде – Каспий теңізі жағалауында аквасаябағымен сауықтыру-көңіл көтеру кешенінің құрылысын салу, теңіз бойынша экскурсиялық-серуендеу турлары және серуендеу катерін жалдау. Жобалардың біреуі ғимараттың құрылысын жас жұбайлар үшін қонақүй ретінде қайта

салу және қазақтың ұлттық тағамдарын дайындайтын мейрамхана құрылысын қарастырады. Осы жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде 93 жаңа жұмыс орны ашылатын болады.

Маңғыстау облыстық туризм басқармасының басшысы Гүлжан Байжауынова «Екінші деңгейдегі банктерде тағы да 5 жоба қарастырылу үстінде. Қаржыландырылған жағдайда, балаларды сауықтыру лагерін кеңейту жобасы демалушы балалардың санын 214-тен 450 балаға дейін көбейтеді. Бес жұлдызды емдік-диагностикалық және сауықтыру кешенінің құрылысын салу басталады. Сонымен қатар Ақтау қаласында 2 хостелдің құрылысы салынбақ. Жалпы, биылғы жылы Aktau City & Mangystau Tours жобасы Ақтау қаласы және Маңғыстау облысы аумағы бойынша мұражайларға, тарихи орындарға және өңіріміздің әсем табиғатына барумен тұрақты негізде автобустық шолу экскурсиясын жүргізді.

Биылғы жылдың қыркүйек айынан «Көгез жерінде этноауылды құру» жобасы жүзеге асырылуда. Этноауылға Балтық елдері, Қытай, Италия, Жапония, Германия, Ресей мемлекеттерінен 90 турист келді. Қазан айының ортасында Жапониядан 2 топ турист келеді деп күтілуде», – дейді.

Сондай-ақ аймақта жас жеткіншектердің табиғатқа қызығушылығын арттырып, қоршаған ортаны қорғауға қатысты көзқарасын қалыптастыру мақсатында «Салауатты өмір салтын насихаттау» әлеуметтік жобасы жүзеге асырылған. Жоба аясында 2000-нан астам балалар бірегей маршруттар бойынша «Бабалардың аңыздары» экологиялық турларына қатысқан.

Г.Байжауынова «Көптеген оқушылардың Форт-Шевченко қаласының мұражайларына бармағаны, өлкеміздің таңғажайып әсем табиғатын көрмегені белгілі болды. Экскурсиялар кезінде өлке тарихы туралы қызықты әңгімелері айтылуымен және оның бай мәдени мұрасы таныстырылуымен қатар, балалар табиғи аймақтардың санитарлық тазалығына да тартылды», – дейді.

Бүгінгі таңда облыс орталығынан дайв-клубты құру, 4 шағынауданнан яхталық айлақтың құрылысын салу жобаларын жүзеге асыруға инвесторларды тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ

Демеу

Үш салаға жауапты кәсіподақ

Маңғыстау облыстық кәсіподақтар орталығында Астанадан келген мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлері салалық кәсіподағының төрайымы Светлана Иманқұлованың қатысуымен жиын өтті. Басқосуға облыстық кәсіподақтар орталығының төрағасы Қайрат Жанабеков, облыстық мәдениет басқармасының басшысы Бекбол Базарбаев және аймақтағы мәдениет ошақтарының басшылары қатысты.

Жиынның ашылуында сөз алған кәсіподақ төрайымы Светлана Иманқұлова кәсіподақ ұйымының атқарған жұмысына тоқталып, өткен жылы Астанада мәдениет, спорт және ақпарат салалық кәсіподағының VI съезі өткенін, күн тәртібінде 2010-2015 жылдарды жүргізілген жұмыстың қорытындысы тыңдалып, алдағы бес жылға жоспарлар жасақталғанын айтты. Аталған кәсіподақ Астана мен Алматы қалаларында және 13 облыста құрылған. Енді бұл жұмысты Маңғыстау облысын да жалғастыру керек. Өткен жиынның да мақсаты

өңірде мәдениет және спорт саласы қызметкерлерінің кәсіподағын құру.

– Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай: «Қазақстандық кәсіподақтар-тұрақтылықтың негізі, әлеуметтік-еңбек қатынастардың түптамыры». Кәсіподақ-жұмыс беруші мен жұмыскер арасында дәнекерлік қызметті атқарып, түрлі – сала еңбеккерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауда әділеттілікке арқа сүйеген ұйым. Біздің басты міндетіміз – сала қызметкерлерінің еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету. Әлеуметтік әріптестікті дамыту, қатарымызды ұйымдық тұрғыдан нығайту, жастар саясатын дамытуға қолдау білдіру. Осы міндеттерді орындау үшін кәсіподақ тарапынан жасалынатын амал-әрекеттер қарастырылып, іс-шаралар жасақталған. Біз мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлері кәсіподағы болғандықтан, шетелдік салалық кәсіподақтармен де тығыз қарым-қатынаста болуымыз маңызды. Себебі әрбір мемлекеттің визиттік картасы – спорт пен мәдениет. Бүгінгі күні Қазақстан кәсіподақтары Мәскеудегі Халықаралық кәсіподақтар ұйымы, Италиядағы орындаушы актерлер федерациясымен қызметтік байланыстар орнатқан. Салалық кәсіподақ ретінде халықаралық аренаға шығуға талпынып жатқан жайымыз бар. Бүгінгі таңда біздің салалық кәсіподақ Қытай мен Түркияның сәйкес кәсіподақтарымен келісімшартқа қол қойды. Енді соның негізінде өзара қарым-қатынасты дамытуды көздеп отырмыз. Шетелдерде өтетін түрлі басқосуларға үнемі қатысып отырамыз. Бұл қатынастар да сала қызметкерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға, білімдерін жетілдіруде, тәжірибе алмасуға көп септігін тигізеді. Жалпы, бүгінгі таңда мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлері салалық кәсіптік одағының құрамында 13 облыстық, Алматы мен Астанада қалалық филиалдары жұмыс істейді. 50 мыңнан астам адам кәсіподағымыздың мүшесі. Олардың қатарын бүгінгі жиыннан кейін киелі түбек Маңғыстау облысының мәдениет және спорт саласының қызметкерлері толықтырады деп сенемін, – деген Светлана Иманқұлова кәсіподақ ұйымдарының жұмысында ұжымдық шарт жасау алғашқы кезекке қойылатын мәселелердің бірі екенін атап өтті. Ұжымдық шартта еңбек пен демалу қауіпсіздігі, лайықты еңбекақы төлеу, түрлі әлеуметтік жеңілдіктер көрініс тапқан.

Жиын соңында облыста Маңғыстау облысының мәдениет және спорт саласы қызметкерлерінің кәсіподағын құру жөніндегі ұсынысты қатысушылар бірауыздан мақұлдады. Төрағасы болып облыстық Н.Жантөрин атындағы драма театрының директоры Нұрнияз Мұқанов сайланды.

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы

Байрақты бәсеке

(Басы 1-бетте)

Демек, тауық жылының қақап тұрған қаңтары мен ақпаны – Алматыны спорт думанына бөлейтін берекелі сәт деп айта беруге болады. Тура 28-ші қаңтар күні 29-шы қысқы Универсиада салтанатты түрде ашылады.

Дүбірлі додаға дайындық

Алматының қары мен мұзын пайдалана отырып, өткізілетін спорт додасында студенттер қауымы спорттың 13 түрі бойынша жүлдеге таласады екен. Енді осы жарыстың тереңіне үңілер болсақ, арғы жағынан елдің намысы, мемлекеттің абыройы, халықтың қуанышы деген дүниелер ытқып шыға келгелі тұр. Өзгелер, «Алматыдан абыроймен қайтайық», – деп келетіні түсінікті. Ал өзіміздікілер «қалай сайысар екен?» деген сауал осы бастан шырмай бастағаны шындық. Дүниежүзі көз тіккен доданы өткізетініміз өз алдына, өз жанкүйерліміздің алдында өрге ұмтылу мәселесі қалай болмақ? Ақыры, «өз» деген сөзді көп қолданғанда «өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар» дейтін спортшыларымыздың бұған дейінгі додалардағы жәй-күйі қалай болып еді? – деген сауалдан аттап кету әбестік болар. Салыстырғаннан салымыз суға кетпес...

Жалпы, еліміздегі студенттер өз тарихында сегіз универсиадаға қатысып, оның алтауынан жүлдемен оралыпты. Оның 35-і алтын, 47-сі күміс, 52-сі қола медаль. Былай қарасаңыз, тәп-тәуір нәтиже. Ауызыңызды толтырып, өзіңізді үрлеп ұшырып жіберетіндей-ақ көрсеткіш. Бірақ бұл жүлделерді «Спорттың қай түрінен алдық?» – деген сауалды көлбендете қалар болсақ, аздап қоңылтақситынымыз жасырын емес. Мәселен, 1993 жылғы Универсиада Польша жері – Закопанеде өтті. Осы сында біздің шайбалы хоккей құрамамыз финалда Ресей құрамасынан ұтылып, күмісті қанағат тұтып қайтқан. Сол жолы Қазақстан құрамасы жалпы есепте 16-орыннан тұрақ тапқан еді. Араға екі жыл салып, Хака *(Испания)* төрінде олжа салдық. Олжа салдық деп бекерге айтып отырған жоқпыз. Бұл жолы медаль иеленген спорт түрі біреуге артты. Қазақстан хоккей құрамасы алтын тұғырдан көрінсе, мәнерлеп сырғанаудан екі алтын, екі қола иеленіп, 18 елдің арасында үздік ондыққа еркін кірдік. Қысқы Универсиаданың көрігін қыздырғандардың арасынан Марина Халтурина мен Андрей Крюков мәнерлеп сырғанаудан алтын иеленсе, спорттың дәл осы түрінен Елизавета Стекольникова мен Дмитрий Казарлыға үшінші тұғырдан көрінді. Дмитрий мен Елизаветаның жұбы тек Универсиадада ғана емес, 1994-1995 жылдары өткен Азия чемпионаты мен 1996 жылғы Азия ойындарында сәтті өнер көрсетіп, құрлықтық доданың сөзсіз үздігі екенін дәлелдеп қойған. 2003 жылы Италия қаласы Тарвизиодағы табысымыз да ауыз толтырып айтарлықтай болды. Әрине, қарсыластардан шығандап озып, шаң қаптырып кеттік деу артық, әйтсе де, 2 алтын, 2 күміс, 2 қоланы екінің бірі қоржынға сала бермейді. Осы универсиадада қарсыластарын қар қаптырған спортшылар, кейін әлем және Олимпиада ойындарында ел намысын абыроймен қорғаған оғландарға айналды. Шаңғышы Николай Чеботько спринтерлік сайыста алтын алып бөркімізді аспанға атып, енді қағып ала бергенімізде, риддерлік Светлана Малахова да 5 шақырымға жарысқан мықтылардың арасынан маңдайы жарқырап бірінші келді. Дәл осы қашықтықта сынға түскен тағы бір отандасымыз, Үржар спорт мектебінің өкілі Оксана Яцкая күмісті өңірінде жарқыратты. Ол Светланадан небәрі 0.77 секундқа қалып кетті. Тағы бір күмісті Андрей Головко иеленді. Бұл танымал шаңғышы 2012 жылдан бастап Қазақстан биатлон құрамасын баптаған еді. Сондай-ақ Николай мен Светлана эстафеталық сында да ел абыройын асырып, қос қоламен қуантты: Чеботькомен бірге Андрей Головко, Игорь Зубрилин, Максим Однодворцев жұптасып сайысса, Света эстафета бәсекесінде Дарья Старостина, Оксана Яцкаялармен жұп құрады. Жалпы, Чеботько еліміз қатысқан қысқы Универсиада тарихындағы ең көп жүлде иеленген спортшы. Сондай-ақ үш бірдей Олимпиада ойындарына қатысып, әлем чемпионатының қола жүлдегері атанған. Италиядағы 22 ел қатысқан осы бір студенттер сынында Қазақстан құрамасы жалпы есепте 10-орынға тұрақтады. Тіпті осы жолы АҚШ, Германия, Франция, Швейцария, Норвегия сынды қысқы спорт ойындарының алпауыттары да бізден кейін қалған. Араға екі жыл салып, біздің жоғары оқу орындарында білім алатын қысқы спорт өкілдері Инсбрукка (Австрия) табан тіреді. Бұл жолы да жүлде алған спортшылардың негізін Тарвизиода табанынан тозған спортшылар қалады. Яғни шаңғышылар Светлана Малахова 5 шақырымда, Евгений Кошевой спринтерлік сайыста алдына қара салмады. Өзге алтынды эстафетадан иемдене алдық: Андрей Головко, Николай Чеботько, Максим Однодворцев, Евгений Кошевойлар мен Оксана Яцкая, Елена Коломина, Светлана Малаховалар эстафеталық сында топ жарған. Ал жалқы күмісті Чеботько *(10 шақырым)* ұтып алды. Қос қола Елена Коломина мен Максим Однодворцевтің еншісінде. Осылайша 4 алтын, 1 күміс, 2 қола жүлдемен жалпы медаль жиынтығы бойынша 7-орыннан көрініп, әлемдік спортта жастарымыздың да айтары бар екенін дәлелдеппіз.

Араға екі жыл салып келген келесі қысқы Универсиадада хоккейшілеріміз қайта оралды. Яғни жүлдеге ілікті деп айтқалы отырмыз: қола. Туринде ту көтерген тағы сол Чеботько бастаған мықтылар. Николай жекелей сында да, топпен де алтын алды. 40 шақырымға шаңғы шалдырған спортшыларымыздың құрамында екі өзгеріс бар: Андрей Головко мен Евгений Кошевойдың орнына Сергей Черепанов пен Андрей Кондрышев сайысқа түсті. Ал Инсбрукта эстафетада алтын алуға үлес қосқан Елена Коломина бұл жолы күмісті қанағат тұтты. Шаңғышылар арасынан жекелей сындағы қоланы Сергей Черепанов еншілеп берді. Жалпы есепте 24 елдің арасынан 13-орынға ие болдық. Бұдан соң 2009 жылы Харбинде медаль қарпи алмаған Қазақстан құрамасы, 2011 жылы Түркияның Эрзурумында 1 алтынмен шектеліп, есесіне, 5 қолаға қарық қылды. Фристайлдың могул түрін серік еткен 23 жастағы Дарья Рыбалова алтын алып, абыройымызды асқақ етті. Спорттың дәл осы түрінен Денис Моисеев те үздік үштікке ілігіп, қола еншіледі. Қоламен қоржынын толтырғандардың қатарында 10 шақырымға шаңғымен шапқылаған Геннадий Матвиенко, Денис Волотко, Александр Осиповтар бар. Соңғы үш спортшымен қатар Иван Дробязко бірлесіп, 40 шақырымдық эстафетада тағы да қола жүлде жеңіп алды.

Бұдан кейінгі Универсиада өткізу құқығы Трентиноға бұйырды. Бұл жолғы жүлдегерлер құрамы алдыңғы универсиадаға қарағанда толықтай жаңарған деп айта аламыз. Әрине, бұл бәсекеге студенттер ғана қатысатын болғандықтан, қатысушылар мен жүлдегерлер құрамының ауысып отыруы да заңдылық. Алтынды жекелей сында Татьяна Осипова, топтық эстафетада Марк Старостин, Александр Малышев, Сергей Малышев, Генадий Матвиенколар жеңіп алды. Жүлде тұғырына жиі ілігетін хоккейшілер бұл жолы финалға шығып тұрып жеңілсе, 15 шақырымға әйелдер арасында эстафетаға жарысқан Марина Матросова мен Ольга Мандрика және Татьяна Осиповалар қоланы қанағат етті. Бұл универсиадаға қарағанда, Гранада универсиадасы біршама табысты болды деп айтуға негіз бар. Өйткені, Қазақстан студенттер құрамасы өз тарихында тұңғыш рет жалпы есепте үшінші орыннан көрінді. Әрі бұл жолғы сынға 43 мемлекет спортшыларын алып келген еді. 5 алтын, 6 күміс иеленген Қазақстан алдына тек Оңтүстік Корея мен Ресей спортшыларын ғана жіберді. 2014 жылы Сочи Олимпиадасында үздік бестіктің қатарына еніп, алтынға бергісіз ойын көрсеткен фристайлшы Юлия Галышева, болашақ олимпиада чемпионы деген атаққа лайық деп сипатталатын шаңғышы Анастасия Слонова 15 шақырым және спринтерлік сайыста екі алтын, биатлоншы Алина Райкова, фристайлшы Павел Колмаковтар бір-бір алтыннан иеленді. Қалған күллі күміс атаулы мына спортшыларға тиесілі: Анастасия Слонова *(5 шақырым)*, Дмитрий Рейхерд *(Фристайл-могул)*, Анна Стоян, Виктория Ланчакова, Анастасия Слонова *(эстафета)*, Александр Малышев, Евгений Величко, Марк Старостин, Евгений Бондаренко *(эстафета)* және биатлон эстафетасында Галина Вишневская, Анна Кистанова, Макисм Браун, Максим Подкорытовтар иеленді. Сондай-ақ Қазақстан хоккей құрамасы екі Универсиада қатарынан күміспен шектелді. Қар түсе салысымен жарысқа қамданатын қазақстандық студенттердің жылнамасы әзірге осылай сайрайды. Бұл тарихқа 2017 жыл өз өзгерісін ала келетіні сөзсіз. Тек сол өзгеріс оңынан болса екен деген тілек бар.

Абай АЙМАҒАМБЕТОВ

Қолдау

Алматы қаласында өтетін Бүкіләлемдік қысқы Универсиадаға қатысушыларға маңғыстаулықтар қолдау білдірді. Осыған орай облыс орталығындағы «Ақтау» сауда-ойын сауық кешенінде жастар акциясы өтті. «Жас Қазақстан, желбіре қазақ байрағы!» деген ұранмен өткен шараны облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы мен облыстық жастар саясаты жөніндегі басқармасы ұйымдастырды.

Көк тудың желбірегені

Шарада өлкеге белгілі өнерпаздар – Бердібек Құлқараев, Асылбек Құрманов, Мөлдір Жайлыбаева, Аружан Құсымова, Қарлығаш Садықова, Әсел Шораева әуелете ән шырқап, көпшіліктің ықыласына бөленді. Сондай-ақ бүлдіршіндер мұзайдынында мәнерлеп сырғанаудан өнерлерін көрсетті.

2017 жылдың 29 қаңтарында Алматы қаласында 28-ші Бүкіләлемдік қысқы Универсиада жалауын желбіретеді. Сайыс спорттың 12 түрін қамтиды. Қысқы Универсиадаға 55 елден 2 мыңға жуық спортшы қатысады және жарыс уақытында 30 мыңға жуық шетелдік қонақ пен турист келеді деп күтілуде.

Маңғыстау облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Бекболат Байжанов *«Еліміздің барлық қалаларында алдағы жылы Алматы қаласында өтетін XXVIII Дүниежүзілік қысқы Универсиаданы қолдау бағытында 100 күндік акция өтіп жатыр. Осыған орай, бүгін біз де Ақтау қаласында жастар акциясын ұйымдастырдық. Іс-шарада қысқы Универсиаданың тарихы жөнінде кеңінен ақпарат беріліп, спортшыларымыз мұзайдынында өнерлерін көрсетті. Біздің облысымызда қысқы спорт түрлері кенже дамып келеді. Сондықтан да бұл универсиадаға аймақтан спортшыларымыз қатыса алмайды. Алдағы уақытта біз облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы тарапынан қысқы спорт түрлерін дамытуды қолға алатын боламыз. Жалпы, қысқы Универсиада елімізде 2017 жылдың 29 қаңтары мен 8 ақпанында өткізіледі. Біздің еліміздің мұндай іс-шараларды өткізуде үлкен тәжірибеміз бар. 2011 жылы жетінші қысқы Азия ойындарын өткіздік»,* – дейді.

Самбо

Семейде Қабанбай батыр мемориалына арналған самбо күресінен ересектер арасында Қазақстан Кубогі үшін өткен жарыс аяқталды. Бәсеке қорытындысында командалық есепте бірінші орынды маңғыстаулық самбошылар иеленіп, облыс мерейін асқақтатты. 1999 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан жарыстың бұл жолғы кубогі алғаш рет маңғыстаулық самбошыларға бұйырды. Қуанышты жаңалықпен облыстық «Жастар» балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы Манарбек Бейсекенов бөлісті.

Балуандар боз кілемде күш сынасты

Ел атағын асқақтатқан бәсеке Семей жерінде 20-22 қазан аралығында өтті. Дүбірлі додаға еліміздің барлық аймағынан жиылған 237 самбошы қатысып, күш сынады. Мықтылардың арасынан облыстық «Жастар» балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің балуандары 52 келі салмақта белдескен Мерей Ерәлиев, 57 келі салмақта Рамазан Мамаев, 62 келі салмақта Талғат Қуанай, 68 келі салмақта Бағдат Ерғазы, 74 келі салмақта Ерлан Серіков, 82 келі салмақта Манас Иманқұлов, 90 келі салмақта Асхат Хапанов, 100 келі салмақта Ғайса Қалмұханов, +100 келі салмақта Ақылбек Айжарықов алтынмен апталды. Жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілген балуандарымыз бұған дейін әр түрлі республикалық, халықаралық жарыстарда оза шауып жүр. Бұл жолы да олар өздерінің мықтылығын өзгелерге мойындатты. Осылайша, Маңғыстау тарихында алғаш рет самбошылар командалық есепте рекордтық көрсеткіш орнатып, жерлестеріне үлкен жеңіс сыйлап, қуаныш пен шаттыққа бөледі. Жарысқа балуандарды облыстың самбодан бас жаттықтырушысы Манарбек Бейсекенов пен ҚР еңбек сіңірген бапкері Берік Жұмағалиев дайындады.

– Біз бұл биік дәрежеге, толағай табысқа, үлкен жеңіске қаншама жылғы еңбекпен жеттік. Аталмыш жарыста 16 жыл қатарынан командалық есепте бірінші орынды шығысқазақстандық самбошылар иеленіп келді. Маңғыстаулық самбошылар биыл рекордты жаңартып, өлке тарихында алғаш рет командалық есепте бірінші орынды қанжығалады. Балуандардың барлығы жергілікті, Маңғыстау ауданынан шыққан самбошылар, араларында легионерлер жоқ. Бүгін біз өте қуаныштымыз, үмітіміз ақталды, шүкір. Қаншама жылдар бапкерлердің төккен еселі еңбегінің жемісі нәтижесін берді. Жеңісімізді ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арнаймыз. Жоғары деңгейде боз кілемде белдескен барлық самбошыларға алғыс айтамын. Бірінші орынды иеленген самбошыларымызға «Самбодан ҚР-ның спорт шебері» деген атақ та қоса берілді. Сондықтан да жыл бойына өткен барлық жарыстарға қатысуға мүмкіншілік жасаған облыстық спорт басқармасына және облыстық самбо федерациясының басшылығына ризашылығымызды білдіреміз. Алдағы жарыстарда да Қазақстанның әнұранын шырқатып, туын биікте желбірету үшін талмай еңбек ететін боламыз, – деген облыстық «Жастар» балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы Манарбек Бейсекенов, маңғыстаулық самбошыларға 2017 жылдың қаңтар айында Мәскеуде өтетін Әлем Кубогіне жолдама берілгенін айтты.

Сонымен, жарыстың қорытындысында командалық есепте маңғыстаулық балуандар бірінші орынды иеленіп, жарыс жеңімпазы атанса, екінші орынға шығысқазақстандық самбошылар табан тіреді. Үшінші орынға ақтөбелік самбошылар жайғасты.

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Махмұт Қашқаридің «Түрік тілінің сөздігі» еңбегінде бес тас ойыны туралы мағлұмат кездеседі. Бұл мағлұматқа сүйенсек, бұл ойын қазақ халқының сонау ата-бабамыз, тіпті сақ, ғұн дәуірінен бері қарай пайда болғанына көз жеткіземіз.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН

Бес тас ойнаған озады

Бес тас – қазақтың ұлттық ойындарының ішіндегі кең таралғаны. Тарихы да ұзақта жатыр. Нақтырақ айтсақ, адамзат еңбек құралы ретінде – ағаш, тас, сүйекті пайдалана бастаған ғасырда шыққан. Ойынды еңбектеген баладан, ересек кісіге дейін ойнайды. Басты құралы – бес тал домалақ тас немесе бес асық.

Бес тас ойынын өскелең ұрпаққа насихаттап жүрген Абай атындағы дарынды балалар мектебінің мұғалімі Қизат Тілеуберді ойынның ерекшелігі мен ережесін түсіндірді. Оның айтуынша, бес тас ойыны – тез шешім қабылдауға, жылдамдыққа, ептілікке, қырағылыққа үйретеді.

Ойынның ережесі қарапайым. Сондай-ақ әр кезең ауысқан сайын, бес тас қиындай береді. Ойыншының жылдамдығын, ептілігін арттыру үшін ойын ережесі күрт өзгеріп, салмағы артып, қызықты бола түседі. Ойыншылар бірін-бірі сүріндіру үшін, кедергі жасап ойнайтын кезеңдері бар. Кедергі жасау да мықты ойыншының ғана қолынан келеді.

Кез келген ойынның белгілі бір тәртіпке, ережеге бағынатыны анық. Бес тас ойынының да өзіндік ережесі бар. Біріншіден, осы ойынға қатысатын адам саны анықталады. Алайда «нақты осынша адам болу керек», – деп көрсетілмеген. Кемінде екі адам немесе одан да көп адам ойнай береді. Ол үшін ең бірінші қатысушы мен тас таңдалып алынады. Одан кейін ойыншылардың реттік санын анықтау үшін бес тасты жоғары лақтырып, оны алақанға жинап, қайта жоғары лақтырады да, қаршып алады. Сол кезде кім қанша тас жинады, соған байланысты ойыншының реттік тәртібі белгіленеді. Қазірге дейін бес тас ойынының жиырмадан астам түрі анықталған.

Алғашқы кезең – «Бірлік» деп аталады. Ортаға шашылған тасты ойыншы бір-бірлеп қағып алу керек. Бірақ оған мысықтай ептілік қажет. Екінші не үшінші тасқа қол тиіп кетсе, ойын тоқтатылады. Қақпа тасты да жерге түсірмей қағып алу шарт.

«Үштік» деп, «төрттік» деп аталады. Одан кейін «жалау» және «нәби» деген сияқты бірнеше кезеңі бар. Мысалы, «жалау» ойынында сіз төрт тасты жерге тастайсыз. Қақпа тасты ұстап тұрған оң қолмен жерді үш немесе бес мәрте жерді сипап, жалату керек. Яғни сіз осы кезеңнен өткен болып есептелесіз. Үш немесе бес рет жалату бұл ойын басталмастан бұрын, яғни ойыншылардың өзара ақылдасуымен шешіледі. Солай үштік не бестік жалату болып таңдаланады. Міне, осылай бес тас ойынының кезеңдері, тәртібі ары қарай жалғасып кете береді.

«Нәби» – ең ауыр кезең. Қолдың жылдамдығын, көздің қырағылығын талап етеді. Тіпті бұл басқышта ойыншы үшін ептілік өте маңызды. Қақпаға лақтырған тасты кедергіге соқпай, орағытып кіргізсе, ол – нағыз шебер ойыншы деген сөз.

Осы «Нәби» кезеңінің бір ерекшелігі – жаңағы жерге шашқан төрт тастың біреуін ойыншы мен басқа да қатысушылар «нәби» деп белгілейді. Яғни «ата» деп те аталынады. Сол тасқа, яғни жаңағы белгіленген нәбиге қалған үш тас қақан кезде тиіп кетпеу керек. Ал нәби ең соңынан әлгі қақпаға кіру керек. Егер нәбиге тас тиіп кететін болса, ойын аяқталады да, келесі ойыншыға кезек өтеді.

Көшпенді ойындарының көбінің далаға кіндігі, тау-тасқа өзегі байланған. Мәселен, бес тас ойнап өскен балаға садақ ату қиын емес. Ол дәлдік, мергендік қасиетті бес тастан алады. Жалпы, ойынды зерттеушілер, бес тас ойнап өскен адамның жігері мықты, жүйкесі берік болады деген пікірде.

Үлкен әже, апаларымыз және аға, аталарымыз осы ойынды өздері ойнап ұрпағына насихаттап келген. Олар осы ойынды ойнау арқылы жас ұрпаққа, кішкене балалардың санасын оятатын шығар деген ғалымдардың топшылауы бар. Яғни жас ерекшелігі бұл ойынға ешқандай есер тигізбейді.

Бес тас кей өңірде «шекемтас» деп аталып жүр. Бірақ ойнау тәртібі ұқсас. Тек аймақтық ерекшелігіне қарай, кезеңдердің атауы өзгеріп отырады. Тағы бір қызығы – кейбір аймақта бес тасты қыздар ғана ойнаған. Бірақ жалпы қазақ жерінде бұл ойынды үлкен-кіші, ер-әйел түгел ойнағаны анық.

Осы бес тас ойынының деңгейін оқушылардан болсын немесе жалпы халық арасынан сұрастырсақ, көпшілігі оның 10-11-ші деңгейіне ғана дейін біліп жатады. Оны негізі нәби кезеңі дейді. Ал ата-бабалармыз кезінде бұл ойынның деңгейін одан да көп ойнағандығына зерттеу жұмыстарын жүргізгенде көзіміз жеткен. Бұған дәлел қуалау, үй үстінен үй тігу, кедергі, одан кейін теріс айналдырып қағып алу деген секілді көптеген деңгейі бар екен. Мысалы, жаңағы теріс айналдырып қағып алу дегеніміз – оң қолмен лақтырған тасты қолды айналдырып теріс қағып алу. Бұның өзі буын-буынның қозғалысына, адамның 12 мүшесінің қозғалысына жақсы әсер береді.

Қизат Тілеуберді «Мен өзім қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазымын. Біз енді әдебиетті оқығаннан кейін салт-дәстүрге, ата-бабаның тарихына соқпай кетпейміз. Сондықтан да бұл ойынды сабақ барысында мүмкіндігінше насихаттауға тырысамын. Бүгінгі күнде бұл ойын барлық ортада, барлық мектептерде ойнатылады десек, артық айтқандық болар. Дегенмен де осындай ұлттың ұнжариясы болған біздің Абай атындағы дарын мектебінде бұл ойын өз дәрежесінде насихатталады», – дейді.

Бес тас адам бойына ептілік, жылдамдық, байқампаздық, санау, реттеу, топтау, жылдам ойлап, тез шешім шығару сияқты қасиеттерді дамытады. Сондай-ақ көз жанарын жетілдіруге, сауықтыруға да пайдасы бар. Дене бұлшық еттерінің дамуына әсер етеді. Ойын адамның шаршағанын басып, сабырлыққа шақырады. Көңіл-күйді жақсартады.

Қазақ халқы өз ұрпағының ертеңін сонау бала кезден ойлаған халық. Сондықтан да қазақ халқы бала тәрбиесіне өте көп көңіл бөліп, баланың ойынына да өте терең мән берген деп айтуға болады. Бұған дәлел біздің ұлттық ойындарымыздың тәсілдерін айтуға болады. Сөзге тиек етіп отырған бес тас ойыны да сондай. Яғни бес тас ойынын ата-бабамыз бала есін біліп, тәй-тәй басып жүргеннен бастап, яғни ойын баласы болғаннан бастап баулыған. Ондағы мақсат – баланың саусақтарының қимылдауын жетілдіру. Сол саусақтың қимылдауы арқылы адамның басқа да 12 мүшесіне қимыл жүреді екен. Сонымен қатар баланы жылдамдыққа, ептілікке, мергендікке және тез ойлауға машықтандырып отырған.

Жарас КЕМЕЛЖАН

БАСҚОСУ

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына, Алматы қаласының 1000 жылдығына және Сапарғали Бегалин атындағы Балалар кітапханасының 65 жылдығына орай «XXI ғасыр кітапханалары: Кітаппен болашаққа» атты халықаралық кітапхана конференциясы өтті.

Кітаппен келешекке...

Жиынға ТМД елдері мен еліміздің аймақтарындағы кітапхананың жетекшілері және Мұхтар Шаханов бастаған зиялы қауымның өкілдері қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Пленарлық отырыстың басты мақсаты – осы облыстардан келген маңдайалды кітапханашыларымен тәжірибе алмасу. Сонымен қатар тарихи кезеңдегі кітапханалар қызметінің басты мәселесіне назар аударту. Кітапхананың мемлекеттік мәдениет саясатын жүргізудегі рөлін айқындау, инновациялық даму жолдарын бірлесе іздеу және мәдениет, білім, ғылым ошақтарымен серіктестік аясын кеңейту.

Жиынның ашылу салтанатында сөз алған Алматы қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Роза Қабиева «Конференция республика кітапханалары үшін ауқымды шараға айналып, кітапхана ісінің барлық бағытта дамуына ықпал етеді деп сенемін. Рухани қазынаның ордасына айналған кітапхана жұмысын жандандыруға, заманға сай болуына қызмет етудеміз. Алдағы уақытта заман талабына сай кәсіби қызмет көрсету, кітап оқырманының санын арттыру үшін бар күш-жігерімізді жұмсайтын боламыз», – деді.

Конференция барысында кітапхана қызметкерлері де өз ойымен бөлісті. Соның бірі – Жамбыл атындағы мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасының бөлім меңгерушісі Жазира Құдайберген. Ол «Қазір ақпарат заманы. Сондықтан жастарға, заманға сай қызмет көрсетуіміз керек. Сол себепті кітапхана қызметін өзгерту мақсатында әртүрлі формалар енгізіліп, кітап оқылуын насихаттаудың түрлі жолдары қарастырылуда. Мәселен, балалардың уақытын тиімді пайдалану мақсатында

кітапханаларда түрлі үйірмелер жұмыс істейді. Бізде тіл үйрену курсы бар, ол – тегін. Ұстаз білім береді, автор кітап жазады. Ал кітапханашы кітапты беріп-алып отыратын адам ғана емес, білім таратушы. Осындай конференциялар кітаптың, кітапханалардың, кітапханашылардың мәртебесін көтеруге септігін тигізеді», – деп атап өтті. Конференция аясында «Алматы тарих толқынында», «Бегалиндік ретро» сынды иллюстрациялы кітап және фотоқұжаттар көрмелері рәсімделді әрі орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметі байыпталды.

Жиынға қатысушыларға шетелдік және отандық кітапхана қызметімен, жаңа технологиямен жете танысу, серіктестік орнатудың жолын қарастыру мүмкіндігі ұсынылды.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

ҚАЗЫНА

Әлемге танылудағы оң қадам

Отандық баспалар Франкфуртта өткен әлемдегі ең ірі кітап жәрмеңкесіне өз өнімін ұсынды. «Фолиант», «Мектеп» және «Алматы кітап баспасы» көрмеге оқулықтар мен балаларға арналған әдебиеттерден өзге жаңа шыға бастаған кітаптарын да апарған.

Олардың қатарында Алматы қаласының мыңжылдығына арналған кітап бар. 24.kz сайты хабарлағандай, жаңа туындыға әсем шаһардың іргесі қаланған және бой көтерген жылдары арқау болған. Сондай-ақ көрмеге келушілерге Қазақстанның салт-дәстүрі мен тарихына арналған жинақтар да таныстырылды. «Алматы кітап баспасының» бас редакторы Альмира Сужикованың айтуынша, біздің туындыларға шетелдіктер қызығушылық танытыпты. Көрмеге келушілер өте көп болған. Оның арасында елімізді сағынған отандастарымыз да бар. Баспагерлердің мұндай кітаптарды әкелуінде үлкен сыр бар. Шетелдіктерді ұлттық ерекшелікке қатысты кітаптар қатты қызықтырады. Биыл Франкфурт жәрмеңкесіне 100 шақты ел қатысты. Қазақстан да көп жылдан бері беделді көрмеге өз туындыларын ұсынып, белсенді атсалысып келеді.

Директор – Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ – *қоғам және әлеумет*

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *өнер және руханият*

Руслан ДОСТАЕВ – *арнаулы тілші*

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*

Мехмет СЕМЕРЖИ – *фототілші*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынаргүл ОҢАШБАЙ – Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ – Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Мұхтар ШЕРІМ – Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор **Мақпал НОҒАЙБАЕВА**

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2117;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 45 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BMI», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.